



МҰНАЙ-ГАЗ ХИМИЯ САЛАСЫН ДАМУЫҒА МАҢЫЗДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев SINOPEC корпорациясының президенті Юй Баоцайды қабылдады.

Мемлекет басшысына SINOPEC компаниясының еліміздегі қызметінің қорытындысы және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Әңгімелесу барысында геологиялық барлау және мұнай-газ химиясы өнімдерін өндіру салаларындағы ынтымақтастық перспективалары талқыланды.

Президент отандық компаниялардың SINOPEC корпорациясымен өзара іс-әрекеті Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық серіктестігін нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика және химия салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру кезінде су үнемдейтін технологияларды енгізу маңызды екеніне назар аударды.



ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІМЕН БАРЛЫҚ Өңір ҚАМТЫЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Қуанышбек Есекеевті қабылдады.

Президентке «Қазақтелеком» компанияларының биылғы бірінші жартыжылдықта атқарған қызметінің негізгі қаржы-шаруашылық көрсеткіштері туралы есеп берілді.

Қуанышбек Есекеевтің айтуынша, еліміздің телекоммуникация саласындағы ірі операторының жылғы осы кезеңмен салыстырғандағы табысы 10 пайызға, ал таза пайдасы 16 пайызға өскен. 5G желісін құру – «Қазақтелеком» үшін басымдықтардың бірі саналады. Бұл бастама аясында 2027 жылға қарай бүкіл ел бойынша 7 мыңнан астам базалық станция салынуға тиіс. Осы жылдың соңына дейін бесінші буын желісінің 782 базалық станциясын салу жоспарланып отыр.

«Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында компания 1200-ге жуық ауылды оптикалық техно-

логиялар арқылы интернет желісіне қосуды және республикалық автожолдарды LTE технологиясы бойынша сапалы интернетпен қамтамасыз етуді көздеп отыр.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына Әзербайжанмен бірлескен жоба аясында Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық желі салу жөніндегі тапсырмасының орындалуы туралы баяндалды.

Сонымен қатар «Қазақтелекомға» байланыс сапасына қатысты проблемаларды шешу және Қазақстан қалаларындағы кеңжақты интернет желісімен қамтылмаған аймақтардың мәселесін тезірек ретке келтіру міндеті жүктелді. Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдық жерлердегі халықтың қала тұрғындары сияқты заманауи цифрлық қызметтер мен өнімдерге қол жеткізуге тиіс екенін атап өтті. Осыған байланысты компанияға тиісті инфрақұрылым құрылысының қарқынын арттыру тапсырылды.

ЕРЛЕРДІҢ ІСІ...

Жаһандағы геосаяси ахуал сәт сайын құбылып тұрған сәтте елдің қауіпсіздігіне көңіл бөлудің маңыздылығы арта түседі. Бейбітшілік пен тыныштықтың кепілді көрінетін халықаралық құжаттардың да құнсызданғанын көріп жүрміз. Сондықтан Қарулы күштер мен қорғаныс өнеркәсібін күшейту өмір талабына айналып барады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың да бұл салаға айрықша назар аударуының себебі осында болса керек. Аптаның басында ол Іле аңғарында өткен әскери жаттығуға барды...



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қарулы күштерді нығайту мен қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамытуға бағытталған саясаты негізі бір-бірін толықтыратын, жалғасы бар

тапсырмалардан байқалып тұрады. Ол 2019 жылдан бері армиядағы жедел әрекет ететін топтарды жетілдіру маңызды екенін айтып келеді. Сонымен қатар армияның мобильділігін арттыруды, әскери

транспорттың авиация саласын жетілдіруді бірнеше мәрте тапсырғаны бар. 2021 жылы 20 тамызда Жоғарғы Бас қолбасшы Қарулы күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды құрудың және дамытудың жаңа тұжырымдамасын бекіткен еді. 2030 жылға дейін қолданылатын тұжырымдама Президенттің 2019 жылғы Жолдауында қарастырылған мақсат-міндеттерді орындау үшін жасалған-ды. Ал Президенттің биылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында қорғаныс өнеркәсібі кешеніне көңіл бөлі. Сөйтіп, еліміздің қорғаныс қабілетін жақсарту жан-жақты сипатта қарастырылып жатыр. Алға қойған мақсаттар бір-бірін толықтырып келеді.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУҒА КЕЛГЕН ТҰРҒЫНДАР КӨП



5
БЕТ

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ



12
БЕТ



**Ұшқын САЙДЫРАХМАН,
ғалым:**

АЛАШТАНУ – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ТІНІ

Жуырда бір топ ғалым Ресейге «Алаш жолымен» деп аталатын экспедицияға аттанған еді. Олар Мәскеу, Воронеж қалаларына барып, архивте жұмыс істеп қайтты. Бұл сапарда ғалымдарымыз Алаш тарихына қатысты құнды деректер таба алды ма? Мұрағатымыз жаңа деректермен толықты ма? Біз бұл сауалды жас ғалым, алаштанушы Ұшқын Сайдырахманға қойған едік.

9»



АСАУ ЖҮРЕКТІ АҚЫННЫҢ БІР БИОГРАФЫ – МҰХТАР ӘУЕЗОВ

«Сұлтанмахмұттың алғашқы биографы» (Айқын. №44, 20 сәуір 2023 ж.) аталатын Мөлдір Төлебайдың мақаласын оқыған соң Сұлтанмахмұттай асау жүректі ақын тағдыры, әдеби мұрасы жайында ойға берілдім. Ойыма бар ғұмырын Сұлтанмахмұттың тағдыры үшін жанпида күреске арнаған профессор Бейсембай Кенжебайұлы оралды.

8»

Мұқаш ЕСКЕНДІРОВ, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты:

ӘР САЛАҒА ӨЗ МАМАНЫ БАРҒАНЫ ДҰРЫС

– Мұқаш мырза, «Осындай аса маңызды шақта зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс». Президенттің осы тапсырмасы туралы ойыңызды білсек. Қазақстан өзіне тән ұлттық экономикалық модель қалыптастыра ала ма? Ол қандай болуы керек?

(Жалғасы 5-бетте)



ЖЫЛДАМ БА ЕКЕН УАҚЫТ, БАЯУ МА ЕКЕН?

Адамзаттың уақытпен қарым-қатынасы туралы мәдениеттанушылар, антропологтар, әлеуметтанушылар мен философтар әлі күнге дейін кең ауқымды зерттеулер жүргізіп келеді. Әдетте біз уақытты астрономиялық өлшеммен өлшейміз. Ғасыр, жыл, ай, күн, сағат және секунд деген сияқты. Өзіне тән өзгермейтін жылдамдығы және бар. Ғаламшарымыз немесе Күн жүйесі қаншалықта жылдам немесе баяу қозғалса да, Жер бетіндегі тіршілік иелері үшін физикалық тұрғыда уақыт бірдей өтеді.



13»





СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ШЕТЕЛДІК СУДЬЯЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев «Конституциялық әділдік: абырой, еркіндік және баршаға әділдік» атты халықаралық конференцияға қатысу үшін елімізге келген шет мемлекеттердің Конституциялық Сот төрағаларымен кездесті.

Палата Төрағасы кездесуге қатысушыларға аталған Конференция аясында конституциялық бақылау мәселелері бойынша сындарлы пікір айтып, тәжірибелерімен бөліскені үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ ол Қазақстанда Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған Конституциялық Соттың қоғамдағы маңызы туралы айтып өтті.

«Конституциялық Сот — азаматтардың құқықтарын қорғайтын маңызды институт қана емес, сонымен бірге заңнаманың ел Конституциясына сәйкестігі турғысын мониторинг жүргізетін тетік. Осы бағытта бірлескен жұмыстың әлеуеті зор.

Сондықтан біз Конституциялық Сот пен заң шығарушы орган арасындағы өзара іс-қимыл туралы шетелдік тәжірибелерге үлкен мән беріп отырмыз», — деді палата Спикері.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Сенаттың заң шығару қызметіне тоқталып, палатаның жұмысы негізінен Мемлекет басшысының халыққа арнаған Жолдауында көрсетілген реформаларды сапалы іске асыруға бағытталғанын айтты.

Кездесу барысында тараптар түрлі елдердің Конституциялық Сот төрелігі саласындағы негізгі бағыттар мен басымдықтарды да талқылады. Атап айтқанда, судьялар демократияның маңызды элементі ретінде адам құқықтарын қамтамасыз етудің халықаралық тәжірибесіне ерекше назар аударды.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының төрағасы Эльвира Әзімова, Сенат басшылығы мен депутаттары да қатысты.

МЕДИЦИНАҒА ГРАНТ САНЫН КӨБЕЙТУ КЕРЕК



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру және кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату туралы» келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, қабылдады. Сондай-ақ олар депутаттық сауалдарын жолдады.

Мақұлданған заң жөнінде пікір білдірген Сенат Төрағасы Келісім екі мемлекет арасында тасымалданатын тауар мен көлік құралдары туралы электрондық ақпарат алмасу тәртібін айқындайтынын атап өтті. Соның нәтижесінде кедендік бақылау рәсімдерінің мерзімдері қысқарып, тиімділігі артты.

«Осы құжат арқылы өткізу пункттерінде шекарадан өтудің тәртібі анықталады. Сонымен бірге кедендік тексеруден босату және өзге кедендік рәсімдерді жеңілдету көзделіп отыр. Алдағы уақытта заң екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға өз септігін тигізеді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар отырыс барысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

Ақмарал Әлнарзова медициналық мамандықтар бойынша білім гранттарын арттыру керектігін айтып, Үкіметтің назарын аударды.

Жанболат Жөргенбаев Алматы облысындағы аудандарда суды тиімсіз пайдалану және гидротехникалық құрылыстардың тозуы мәселесін көтерді. Соған байланысты сенатор 2023—2026 жылдарға арналған Ауыл шаруашылығында суды тиімді тұтынуды қамтамасыз ету жөніндегі жол картасына бірқатар өзгерістер енгізуді ұсынды.

Серік Шайдаров Жезқазған қаласында инфрақұрылымның тозуына алаңдаушылық білдіріп, өңір тұрғындарымен кездесуде аталған проблема кенінен талқыландығанын айтты. Премьер-Министрге жолданған сауалда ЖЭО-ның жай-күйі, Есқұла су құбырының құрылысы, Ұйтас-Айдос су құбырын қайта жанарту және басқа да нысандардағы шұғыл шешімді талап ететін мәселелер көтерілген.

Амангелді Толамисов бала асырап алу саласындағы проблемаларға тоқталды. Депутат бұл мәселеде тараптардың заңды жауапкершілігін күшейтудің маңызы зор деп санайды.

Қайрат Тастекеев өз сауалында елімізде техникалық және кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін күшейту қажеттігін атап өтті.

Андрей Лукин ветеринарлық бақылау саласындағы проблемаларды айтып, кәсіпкерлерге шығындарды төлемей мал өнімдерінің сынамаларын алу тәжірибесін тоқтатуға шақырды.

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қожановтың төрағалығымен Бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Жалпы отырыста депутаттардың бастамасымен әзірленген «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске түзетулер енгізу туралы заң жобасы бірінші оқылымда ұсынылады.

Бұл заң жоба жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жасау және базалық жобалау құжаттарына мемлекеттік сараптама жүргізу рәсімдерін оңтайландыруға, жер қойнауын пайдаланушылардың қаржылай және әкімшілік шығындарын азайтуға бағытталған.

Сонымен қатар депутаттар экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экс-

портын ілгерілету мәселелері туралы заң жоба бірінші оқылымда және «Еуразиялық қайта сақтандыру компаниясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын талқылайды.

Палата комитеттері бірқатар ратификацияланатын құжатты жұмысқа қабылдайды. Олар: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің аумақтарын санитариялық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім және Қазақстан мен Қытай үкіметтері арасындағы мемлекеттердің азаматтарына қатысты ақпарат алмасу туралы келісім.

Сондай-ақ күн тәртібінің жобасында VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің өкілеттіктерін іске асырудың екінші сессияға арналған негізгі іс-шаралар жоспары бар.



Пікір

**Руслан ҚОЖАСБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:**

ИНВЕТОРЛАР ҮШІН ТАРТЫМДЫСЫ — ОРТА БИЗНЕС

— Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауы өнеркәсіптік саясат; аграрлық сектор және азық-түлік базасы; инфрақұрылымды жаңғырту; көліктік-логистикалық әлеуетті іске асыру; цифрландыру, инновация және креативті индустрияны дамыту; орта кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамыту; макроэкономикалық саясатты қайта жүктеу; адами капиталды нығайту; тиімді мемлекеттік аппарат сияқты

маңызды тоғыз бағытты қамтыды.

Оның ішінде Орта кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамыту бөлігінде Президентіміз ең алдымен шағын бизнес субъектілерін ірілендіру үшін заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізуді тапсырды. Осы ретте бізге, яғни депутаттар тарапынан бар күш-жігерімізді салып, кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған заңдарды қабылдайтын боламыз.

Айта кету керек, орта бизнес шағын бизнеске қарағанда тәуекелге азырақ бейім. Өйткені олардың ресурстары мен қаржылық тұрақтылығы жоғары. Тиісінше, инвесторлар мен несие берушілер үшін тартымдысы — орта бизнес. Мемлекет шағын бизнесі орта санатқа ауыстыру жөнінде шаралар қабылдайтын болады. Нәтижесінде, орта бизнеске де мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады.

АЗАТТЫҚ ҮШІН АРПАЛЫСҚАН

Шежірелі тарихымыздың әр парағын ашып, тереңіне үңілсек, халқымыздың азаттық үшін арпалысып өткенін көреміз. Бостандық сүйгіш қазақтың басынан небір қиыламан өтті, бір жағадан бас шығара білген батыр бабаларымыздың ерлігі санамызда мәңгі жатталып қалды.

Сондай бірегей батырлардың бірі, 1916 жылғы Ұлт азаттық көтерілістің Бас сардары Амангелді Имановтың туғанына биылғы 3 сәуірде 150 жыл толды. Батырдың мерейтойына орай еліміздің әр өңірінде түрлі мәдени әдеби іс-шаралар өтуде. «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, Амангелді батырдың ерлігі уақыт өткен сайын жаңғырып, айқындала түскендей. Тын деректермен толығып, көтеріліске қатысушылардың естеліктері де баспасөз беттері мен әлеуметтік желілерде жиі жариялануда. Аталған бағыттағы жұмыстардың одан әрі жалғасын табырына сенім мол.

Патшалық Ресей кезінде казак даласында ірілі-ұсақты 300-дей ұлт-азаттық күресінің болғаны мәлім. Солардың ішінде ауқымдысы — дәл осы 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс. Оның шығуына әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар себеп болды. Отарлық езгінің күшеюімен қатар Патша үкіметінің «Июнь жарлығы» казак даласында көтеріліс отынның лап ете калуына түрткі болды. Бұл жарлық бойынша 19 бен 31 жас аралығындағы казак жастарын майданның кара жұмысына алу көзделген еді.

Нәтижесінде, майданға бала бермеуге бекінген казак халқы бірігіп бас көтерді. Осылайша, байтақ даламыздың әр жерінде қарулы көтеріліске айналған стихиялық бас көтерулер басталды. Біртіндеп ұйымдасқан сипат алды. Жетісу және Торғай даласы көтерілістің аса ірі ошақтарына айналды. Патша үкіметі көтерілісшілер шоғырланған жерлерге ірі әскери күштерді жіберді. Қыркүйек, казан айының басында жетісулық көтерілісшілер шегініп, Шығыс Түркістанға өтіп кетуге мәжбүр болды. Торғай көтерілісі ірі қозғалыс ретінде тарихта қалды. Бас сардар Амангелді Иманов көтерілісшілерді ондыққа, елдікке, жүздікке, мыңдыққа бөліп, арнайы мерген-



дер бөлімшесін құрды. Амангелді Иманов бастаған көтеріліс тарихы кейін «Торғайға шабуыл», «Татыр шайқасы», «ДоғалҮрпектегі кескілесу», «Күйіктегі айқас» деп аталып, аңызға бергісіз әңгімелер арқылы ел арасында кең таралды. Торғай жеріндегі көтеріліс Патша үкіметі қулаған соң ғана тоқтады. Мұның өзі батыр бабаларымыздың көзсіз ерлігін, қайтпас қайсарлығын дәлелдеп тұрғандай. Дәл осы көтерілістің бел ортасынан табылған батыр атамыз Амангелді Имановтың көзсіз ерлігі ел есінде мәңгі қалды.

Амангелді Иманов — қарапайым халықтың арасынан шыққан тау тулаң, оғлан батыр. Ол — елі үшін туған перзент. Әділдік ансаған ол қалың казактың арманына қанат байлап, жол бастаған есіл ер. Ол — ұлттың тұтастығы, жердің бүтіндігі үшін қарақан басын қатерге тіккен сардар. Батырдың бизнесі халық зердесінде дәл осылай жатталды және солай қала бермек.

Батыр атамыз Амангелді Имановтың туғанына 150 жылдық мерейтойы батырдың аты берілген Амангелді ауданында қыркүйек айында тойланбақ. Еліміздің ерлігі есімі лайықты деңгейде ұлықталып, атамыздың рухы бір көтеріліп қалар деген сенімдеміз. Кейінгі ұрпақ Амангелді батырдың ерлігін одан әрі асқақтатып, өнеге қылып айтса дейміз. Өйткені, ер есімі ел есінде мәңгі сақталады!

**Берік БЕЙСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты**

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ТАЛАПТЫ ОРЫНДАУҒА ҚҰЛЫҚСЫЗ

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын жүзеге асыру шаралары «AMANAT» партиялық бақылау комитетінің отырысында талқыланды.

Іс-шараға партия Хатшысы Ержан Жылқыбаев, Мәжіліс депутаттары, өңірлік және аумақтық партиялық бақылау комиссияларының төрағалары мен мүшелері қатысты.

Комитет төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев Мемлекет басшысының Жолдауы, Президенттің сайлауалды бағдарламасын және партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі жол карталары сияқты негізгі құжаттар болуы тиіс екенін атап өтті.

«Бұл ретте атқарылар жұмыс ауқымды. Жолдаудың әрбір тармағын жүзеге асыру бойынша біз оған жауапты партия мүшелері мен орындау мерзімін анықтап алуымыз керек. Сондықтан аумақтық партиялық бақылау комиссиялары нақты мәселелер мен проблемалар бойынша өздерінің жедел айлық жұмыс жоспарын жасауы тиіс. Қағаздар мен құжаттарды толтырып, жиындарды тым ресмилендірудің қажеті жоқ. Партия Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған тапсырмалардың орындауға алғы шепте болалы», — деді ол.

Комитет мүшесі, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева Президенттің мемлекеттік сатып алу жүйесін жаңғырту және отандық өндіріштерді қорғау жөніндегі тапсырмасына назар аударды.

«Депутаттық сапар барысында азаматтар мемлекеттік сатып алуларда Қазақстанда жасалған өнімдердің қамтылу мәселесін жиі көтерді. Тұтастай алғанда, отандық өнімге немқұрайлы қарау барлық жерде орын алып отыр. Қит етсе, занныманы кінәлап шығады. Бірақ заңда жергілікті тауар өндірішінің мемлекеттік сатып алуға қатыстыру үшін жеткілікті жағдай жасалған. Тек бұл шарттар үнемі орындалмайды, әсіресе, жалпы сатып алу көлемінің 60%-ы тиесілі болып отырған квазимемлекеттік сектор компаниялары



бұл талаптарды орындамайды», — деді депутат Екатерина Смышляева.

Депутат Мемлекет басшысы өз Жолдауында салалық цифрландыруға баса назар аударғанын айтты. Жалпы, цифрландыру бойынша еліміздің белгілі бір деңгейде жетістіктері болғанымен, нақты салаларда (су, жер, жер қойнауы) проблемалар бар екенін жасырмады.

«Сапалы дерек пен дәйек ұсыну кезінде әдетте жергілікті деңгейде жағдай бұрмаланады. Ешкім ашықтықты қаламайтындықтан осындай олқылыққа жол беріледі. Себебі бұл сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа жол беретін жағдайлар. Салалық мәселелер есептегіштерді орнатудан бастап мәліметтер базасын жүргізуге дейін тоқтап тұр. Президент айтқан еңбек құқықтарын қорғау мәселесіне келсек, жұмыс берушілер көбінесе Еңбек кодексінің талаптарын орындауға құлықсыз. Еңбек қауіпсіздігін де партиялық бақылауға алу қажет», — деді Екатерина Смышляева.

Оның сөзін «AMANAT» партиясының Астана қалалық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Мирас Шекенов та қолдап отыр.

«Жергілікті жерлерде салалық цифрландыруға қарсы әрекет етеді. Себебі ашықтық қармап қалғысы келетіндерге қолайсыз. Қаражат қайда жұмсалып, жобалар қалай жүзеге асып жатқаны айқын көрінген кезде, барып ашықтық қалыптасады. Сондықтан салалық цифрландыру міндетті түрде жүргізілуі керек», — деді.

Жиын қорытындысы бойынша Комитет мүшелері орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыруына қатысты бірқатар ұсыныс қабылдады. Сонымен қатар партиялық депутаттық корпусқа Үкіметтің аналитикалық мәліметтер базасына қол жеткізуді қамтамасыз етуді ұсынды.

ӘР АЛТЫНШЫ ТҮРҒЫН АУЫЛДА ЕҢБЕК ЕТЕДІ

Павлодарда «AMANAT» партиясы облыстық филиалының ХІ есептік-сайлау конференциясы өтті. Шараға партия Орталық аппаратының басшысы Мәди Оспанов, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, қалалық және аудандық филиалдардың атқарушы хатшылары, сондай-ақ бастауыш партия ұйымдары мен Jastar Ruhу жастар қанатының өкілдері қатысты.

Бүгінде Ертіс-Баян өңіріндегі партиялықтардың саны 48 591 адамды құрайды және 213 бастауыш партия ұйымы табысты жұмыс істеуде.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауының көптеген тармағы Павлодар өңірі үшін аса маңызды екенін атап өтті Мәди Оспанов.

«Жаңа өнеркәсіптік саясат еліміздің ірі индустриалық өңірлерінің бірі ретінде Павлодар облысының дамуына серпін береді. Өңірдің әрбір үшінші түрғыны өндіріспен байланысты, ал әрбір алтыншысы — ауылда еңбек етеді. Жолдауда айтылған шаралар Павлодар облысының ауыл шаруашылығы, энергетика, туризм, сондай-ақ көлік-транзит секторындағы үлкен әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Жолдауды негізге ала отырып, партия Төрағасы Ерлан Қошанов партияластар алында

«Бастауыш партия ұйымы — партияның негізі. Жаңғырту жағдайында және 20% көлемінде қайтарымды қаражат бастамасын енгізе отырып, 213 БПҰ-да партияшілік жұмыс табысты атқарылып жатыр. Есепті кезеңде барлығы 200 мыңнан астам адамды қамтитын, 12 000-нан астам іс-шара өткізілді. Өңірдегі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың 12 бастауыш партия ұйымында қоғамдық қабылдау бөлмелері жұмыс істейді. Оларда 64 қабылдау өткізілді, оның барысында 395 адамнан өтініштер қабылданды. Келіп түскен өтініштердің жалпы санының 60%-ы оң шешімін тапты, қалғандары бойынша қолданбастағы заңнама аясында түсініктеме берілді», — деді «AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалының төрағасы Илья Теренченко.



бірқатар міндетті белгіледі», — деп атап өтті Мәди Оспанов.

Мемлекет басшысы белгілеген партиялық жобаларды іске асыру — «AMANAT» партиясының алдына қойылған басым міндет. Қазақстандықтар арасында қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» бастамасы тиімділігін көрсетті. Келесі жылы жобаны Павлодар облысында іске асыру көзделіп отыр.

«Жер Аманаты» партиялық жобасын іске асыру аясында биыл 5 млн гектарға жуық пайдаланылмаған жерді мемлекетке қайтару жоспарлануда. Павлодар облысында бос жатқан жердің ауданы шамамен 380 мың га құрайды, оның жартысына жуығы мемлекетке қайтарылды.

Ауыл халқының табысын арттыру мақсатында партия «Ауыл Аманаты» жобасын іске асыруда. Бұл жобаны іске асыру үшін партияластар кең ақпараттық жұмыс жүргізуде. Бүгінгі таңда облыста бөлінген қаражат аясында 1,5 млрд тенге толық игеріліп отыр.

Жыл сайынғы Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев энергетикалық қауіпсіздік мәселесін шешуге назар аударып, Қазақстандағы ең ірі конденсаторлық үлгідегі жылу электр станциясы ретінде — Екібастұз 1-МАЭС-ты атап өтті. Б.Нұржанов атындағы Екібастұз кәсіпорнының бастауыш партия ұйымының төрағасы Серік Серьянов энергетиктер атынан Мемлекет басшысының барлық бастамасына қолдау білдірді.

Конференция аяқталысымен «AMANAT» партиясы Орталық аппаратының басшысы Мәди Оспанов Павлодар ауданының Жетекші ауылында болып, мәдениет үйі мен жана су құбыры құрылысының барысымен танысты. «AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалының атқарушы хатшысы Айгүл Маликова барлық нысандағы құрылыс жұмысы партиялық бақылау комиссиясының назарында екенін атап өтті.

Мәди Оспановтың іс-сапары «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының БПҰ өкілдерімен келдесуімен аяқталды.

ЖАСТАР ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Бір толқанда диалог алаңында жастармен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы талқыланды. Іс-шараны «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырды.

Талқылауға Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының депутаттары Екатерина Смышляева мен Жарқынбек Амантайұлы және «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаев қатысып, жастармен бірге Жолдауда айтылған әр маңыздылыққа жан-жақты тоқталды.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаев алға қойылған міндеттерді, басымдықтар мен тапсырмаларды орындау үшін еліміздің әр жас азаматы барынша өз үлесін қосуға шақырды.

«Жолдауда айтылған бастамалар, ең алдымен, отандастарымыздың әл-ауқатын арттыруға, экономикамызды дамытып, өртарпаңдандыруға бағытталған. Оның жүйелі жүзеге асуы мемлекетіміздің алдағы даму бағытына тын серпін береді. Сондай-ақ ортақ мақсатқа жету жолында әр жас азамат пен, жастар қанаты қатарындағы әр белсендінің үлес қосқаны маңызды. Бұған қоса, Үкіметке 2026 жылға қарай ІТ қызметтерінің экспорт бір миллиард долларға дейін арттыру міндеті қойылды. Бұл дегеніміз, ірі шетелдік ІТ-компаниялармен ынтымақтастыққа бірлескен кәсіпорындар ашу жолына ықпал ететінін атап өтті. Осы бағытта жастардың қосар үлесі айрықша мол болады деген сенеміз», — деді Нұржан Жетпісбаев.

Талқылауға қатысқан Парламент Мәжілісінің депутаты Екатерина Смышляева Мемлекет басшысы Жолдауда Қазақстанды ІТ-елге айналдыруға

екенін және барлық процесті цифрландыру бойынша ерекше тапсырма бергенін атап өтті.

«Шындығында, технологиялық тұрғыдан сандық жүйеге өтуге біз дайынбыз. Бірақ, кейбір ақпараттық жүйелердің бағдарламаларына есептеу құрылғыларын орнату деңгейі өте баяу жүзеге асырылуда. Енді Жолдауда аталған салаларды цифрландыру үшін барлық күш-жігерді аямауымыз қажет. Сондықтан бұл бағыттағы заңнамалық тұсын да жетілдіріміз керек», — деді Мәжіліс депутаты.

Талқылауға қатысқан қоғам белсенділері мен Жастар қанатының белсенділері Жолдауда байланысты өз пікірлерін ортаға салып, ұсыныс-пікірлерімен бөлісті.

Парламент Мәжілісінің депутаты Жарқынбек Амантайұлы құнды құжаттағы бірқатар маңызды бағытқа баса мән беру қажет екенін атап өтті.

«Жолдауда адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалғаны және заң үстемдігі мен әділдік орнату бағытындағы жұмыс жалғасып жатқаны айтылды. Сондай-ақ азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігі кеңейтілді. Бұл қоғамның саяси мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Сөйкесінше, азаматтық қоғам да серпінді дамудың басты кепілі бола алады», — деді халық қалаулысы.

Айта кететіні, Бір толқанда диалог алаңы еліміздің барлық өңірлерінде ұйымдастырып жатыр.

129 МЫҢНАН АСТАМ СТУДЕНТ ЖАТАҚХАНАДА ТҮРУҒА ӨТІНІШ БІЛДІРГЕН

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын жүзеге асыру шаралары «AMANAT» партиялық бақылау комитетінің отырысында талқыланды.



Сөз басында Парламент Мәжілісінің депутаты, Кеңес төрағасы Нартай Аралбайұлы студенттерді жатақханамен қамту мәселесі бір емес, бірнеше жылдан бері шешілмей келе жатқан проблема екенін атап өтті.

«Жыл сайын жаңа оқу жылында қозғалатын маңызды мәселе — жатақхана тапшылығы. Өкінішке қарай, Үкімет бұл мәселені түбегейлі шеше алған жоқ. 2021 жылы студент жастарымыздың тек 16%-ы ғана жатақханамен қамтылды. Одан кейінгі жылдарда да дәл осындай жағдайға ортап болдық. Жоғарғы оқу орындарында орнаған бір тенденция бар: алдымен 1-курс студенттері ғана жатақханаға жайғастырылады. Орын қалып жатса, өзге студенттер қамтылады. Бұл қаншалықты әділетті? Пәтер жалдауға халықтың жалақысы жетпейді. Соған қарамастан, жауапты органдар осы мәселеге күні бүгінге дейін атуғи қарап келеді. Біз мәселені құр көтеріп қана қоймай, оны шешу жолын қарастыруымыз керек», — деді Кеңес төрағасы.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Каримова осы күні елімізде студенттер саны 1 млн-нан асатынын атап өтті. Оның айтуынша, заңға сәйкес, ЖОО-дағы барлық шәкірт жатақханамен қамтылуға тиіс. Алайда іс жүзінде олай болмай отыр.

«Партия жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты студенттердің жатақхана тапшылығы мен оларға лайықты жағдай жасау мәселесін бірнеше жылдан бері көтеріп келеді. Мәселен, жастар қанаты биыл 14 тамыздан бері 389 жатақхананың жағдайын тексерді. Оның 149-ы — жоғары оқу орындарына, қалған 240-ы — техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына тиесілі. Нәтижесінде, санитарлық және қауіпсіздік нормаларының сақталмауы, су қандарының жұмыс істемейтіні, сынық кафельдер, оқу залдарының өз

нада 54 мыңнан астам студент тұрып жатыр. Алайда 6 312 орын әлі де тапшы болып отыр. Әсіресе, Ақмола облысы мен Алматы қаласында жатақхана тапшылығы бар. Сондықтан биыл колледж студенттері жатақханаларда қосымша 2 359 орынмен қамтылады. Соның ішінде, жаңа оқу жылы басталғалы бері 6 жатақхана пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін 1 269 орынға негізделген тағы 6 жатақхананы пайдалануға беру көзделуде. Сондай-ақ 19 колледждің студенттері хостелдер мен қонақ үйлердегі 1 327 орынмен қамтылды», — деді ол.

Бұл ретте Қаржы министрлігі Әлеуметтік сала бюджеті департаментінің директоры Медет Ақтанжанов ЖОО мен колледждердегі жатақхана мәселесін шешу үшін бюджеттен бөлінетін қаражатқа тоқталды.

«ЖОО студенттерін жатақханаларда 14 532 орынмен қамту мақсатында 2023 жылға арналған республикалық бюджетте Ғылым және жоғары білім министрлігіне 5 млрд 257 млн тенге қарастырылды. Ал колледж студенттерін 5 273 орынмен қамту үшін Оқу-ағарту министрлігіне 1 млрд 849 млн тенге бөлу көзделді. Бүгінде 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет қаралуда. Осы үш жылдық кезеңде Ғылым және жоғары білім министрлігіне студенттерді 15 138 жатақхана орнымен қамтамасыз ету үшін — 19,2 млрд тенге, ал Оқу-ағарту министрлігіне жастарды 6 762 жатақхана орнымен қамтамасыз етуге 8,6 млрд тенге бөлу жоспарланып отыр», — деді департамент директоры.

Осы орайда Ұлттық экономика министрлігі Инвестициялық саясат департаменті директорының орынбасары Алмаз Құсайынов мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында тұрғызылып жатқан жатақханаларға тоқталды.

«Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде Қызылорда қаласында 400 орынға негізделген жатақхана құрылысы қолға алында. Сонымен қатар Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенттеріне арнап 3 310 орындық жатақхана салу көзделіп отыр. Бұдан бөлек, Президент тапсырмасы аясында, әлеуметтік салада мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасы әзірленуде. Осы кешенді жобаны пысықтау барысында Ғылым және жоғары білім министрлігі 7 950 орынға арналған 4 студенттік жатақхана салу бойынша 3 жоба ұсынды», — деді Алмаз Құсайынов.

Жиын барысында Мәжіліс депутаттары, қоғам белсенділері және кеңес мүшелері құзырлы органдардың өкілдеріне өздерін толандырған сұрақтарын жолдап, тиісті жауап алды. Кеңес төрағасы Нартай Аралбайұлы бұл мәселеге алдағы уақытта да ерекше мән берілетінін айтып, барлық ұсыныс назарға алынатынын атап өтті.



(Басы 1-бетте)

Амангелді ҚҰРМЕТ

Жолдауда К.Токаев: «Тағы бір маңызды мәселе — қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің жан-жақты нығайту. Бұл сала дамыған елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде басты рөл атқарады. Осы орайда импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін, жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс кешенін құру — аса маңызды міндет. Біздің армиямыз жоғары технологиялы қару-жарақпен және әскери техникамен, соның ішінде бронды техникамен, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен, қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықталуға тиіс.

Техниканы шұғыл жөндейтін өндіріс орындарының қуатын арттырып, отандық кәсіпорындарға барынша қолдау көрсеткен жөн. Бізде оған қажетті материалдық-техникалық база, білік пен тәжірибе және мамандар бар. Тек оларға қуырлы мекемелердің тапсырысы керек...», — деген еді. Арала бірер күн өткен соң Іле даяршының жағалауында армияның әскери даярлығын тексерді.

ЖАТТЫҒУ ҚИЫН БОЛСА...

Аптапаның басында Қазақстан Президенті — Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Токаев Алматы облысындағы «Жағалау» әскери полигонында болып, «Батыл тойтарыс—2023» стратегиялық командалық-штабтық әскери оқу-жаттығу жиынына қатысты.

Негізі, сол күні елдің түрлі аймақтарындағы әскери полигондарда бір мезгілде бірнеше жаттығу ұйымдастырылған еді. Президент Абай, Қарағанды, Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарында өткен осындай жаттығулардың барысын да қадағалап отырды. Әрі жаттығуларды Жоғарғы Бас қолбасшы ставкасы басқарды. Сонымен қатар соғыс кезінде Жоғарғы Бас қолбасшы ставкасының, Үкіметтің, облыстық қорғаныс кеңестерінің жұмысы пысықталды.

Ал Іле жағалауындағы жаттығуға Арнаулы операциялар күштері мен Десанттық-шабуылдау әскерлері қатысты. Жаттығу сфераның бірнеше бағытты қамтыды. Десанттық-шабуылдау әскерлері бригадалық-тактикалық топтары авиация қолдауымен, құрлық әскерлері және Арнаулы операциялар күштерінің бөлімшелерімен бірлесіп, Ілені жүзіп өткен әскерлер қарсы жағалаудағы «жау» нысандарын жойды. Дәл осы сәтте Арнаулы операциялар күштері мен Ұлттық ұлан бөлімшелері шартты жау қолына өткен Қапшағай ГЭС-ін азат ету жаттығуын жасапты. Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімшелері техногендік апат салдарын жоюмен айналысып, халыққа гуманитарлық көмек көрсету міндетін пысықтапты. Ал жалпы ел бойынша әскери жаттығуға 8 мыңнан астам жауынгер мен жетуген техника қатысты.

Әрине, әскери жаттығу дегеніміз шоу емес. Онда әскер түрлерінің дайындығы тексеріледі, командирлер тәжірибе жинайды. Қолбасшылар түрлі сценарийлерді пысықтайды. Жиын кезінде Қасым-Жомарт Токаев: «Әскери даярлыққа және командирлердің кәсібилігіне жоғары талап қойылады. Сондықтан қазіргі заманғы ұрыс жағдайында бөлімшелер негізгі күштен бөлек, дербес әрекет етуге дайын болуы қажет. Командирлер мен бастықтар батыл шешім қабылдап немесе орында бастама көтеріп, берілген тапсырманы орындау үшін тың тәсіл қолдануы керек. Олар батылдығымен, төзімділігімен және антқа беріктігімен көпке үлгі болуы қажет. Әскердің күші — тәртіпте! Бұл ретте командирлердің атқаратын ролі ерекше. Қарулы күштердегі дайындықтың жоғары деңгейі, өзара үйлесімділікті және қатан тәртіпті сақтау қажет. Әрбір сарбаз өзіне сеніп тапсырылған қару мен техниканы жетік меңгеріп, оларды ұрыста шебер қолданып, жедел шешім қабылдап, батылдықты танытуы керек», — деді. Сөйтіп, әр командирдің дербес шешім қабылдауы үйренгені, әр жауынгердің қару мен техниканы жетік меңгеруі қажет екенін атап өтті. Бұл дегеніміз заманауи ұрыста таптырмайтын қасиет саналады. Заманауи деппіз ғой, бұрыннан солай. Дербес шешім қабылдай алмай ұрыста кейде опық жегізеді. Мысал ретінде, Екінші дүниежүзілік соғыстың шығыс майданын атап өтуге болады. 1941 жылдың жазында Германия КСРО-ға шабуыл жасаған кезде Кеңес командирлерінің көбі дербес шешім қабылдай алмаған.

Мемлекеттің әлеуетін әлсіретіп, ұшын қолданылатын амал көп қазір. Әскери доктринада «гибридті соғыс» деп аталатын заманауи тәсіл ел ішінің тыныштығын кетіріп, берекемізді алуы мүмкін. Ақпараттық, психологиялық, саяси, экономикалық шабуылдардың зардабы да аз болмақ емес. Президент Қазақстан армиясына қарата айтқанымен, гибридік күрес элементтерін пайдалана отырып жасалатын шабуылға тосқауыл қоюға қоғамның өзге институттары да жұмылдырылуы керек. Ақпаратқа, мәдениетке, білім мен денсаулыққа, көлік-логистика кешеніне, тұтас экономикаға жауапты мемлекеттік органдар қабылданған әр шешімнің ел қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар тұсы болатыны ескерілуі керек. Біз Мемлекет басшысының сөзінен соны ұқтық.

Айталық, медиа кеңістікте көрші-қоланның ықпалы басым болса, оны әлсіретуге қолына қару ұстаған сарбазды қарсы қоя алмайсыз. Сол сияқты қоғамды жік-жікке бөлетін, діни-идеологиялық топтардың қалыптасуына, жалған ілімдердің таралуына ықпал ететін факторларды жою да армияның міндеті емес. Деструктивті идеологиямен күресте өзге

дыктан бүгінде мемлекеттердің аумақтық тұтастығы қағидаты бірінші орынға шығып, басымдыққа ие болды. Қазіргі қақтығыстарға баға беру кезінде БҰҰ Бас Ассамблеясы мен Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларын басшылыққа алуы тиіс», — деген еді. Мұны сарапшылар Қазақстанның Таулы Қарабаққа қатысты позициясы деп бағалаған. Яғни, ресми Астана сол кезде Әзербайжанның аумақтық тұтасты-

қару-жарак» деу арқылы қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарын дифференциациялаудың да маңызды екенін байқатты. Тек теріскейдегі көршіден қару-жарак ала беру ұшпаққа шығара қоймаса керек. Оның үстіне, «солтүстіктің» өнімін жоғары технологиялы деуге ауыз бармайды.

Айтпақшы, әскери жаттығу кезінде Президент түркиялық Otokar компаниясы шығаратын ARMA бронды машинасының



ЕРЛЕРДІҢ ІСІ...

Өзінен жоғары тұрған командирлерге жалтақтаған. Соның салдарынан талай жерде әскер қоршауда қалды, шегіну ісі дұрыс ұйымдастырылмады. Мұны командирлердің дербес шешім қабылдай алмауының зардабы жайлы мысал ретінде қарастырайық. Ал Бауыржан Момышұлының Мәскеу түбіндегі ұрыстарда қолданған амал-айласын керісінше мысал деп бағалауға болады. Ол қоршауда өз бетінше шешім қабылдап, батальонды талай мәрте аман сақтады. Ұрыста тың амалдар қолданылды. Александр Бек «Арпалыс» атты еңбегінде Баукең мен генерал И.Панфиловтың бір диалогын келтіреді. Сол диалогта Бауыржанның батальон жауынгерлерін дүркіндетіп оқ атуға үйреткенін генерал сүйсінеді. Іс жүзінде бұлай оқ ату Кеңес армиясының жарғыларында болмаған деседі. Патшалық Ресейдің мұрасы ретінде ол командирлерге үйретілмейтін болыпты. Бірақ Бауыржан Момышұлы оны қолданды. Сүтті шешім болды. Б. Момышұлының дербес шешім қабылдайтын қабылетіне өзге көптеген ерліктері мен тактикаларын мысал ретінде келтіруге болады. Біз біреуін ғана айттық.

Енді техникаға қатысты мысал келтірейік. С-125 дейтін зениттік зымыран кешені бар. ТМД мемлекеттерінің барлығы қолданады деуге болады. Моральдық тұрғыда біршама ескі дүние. КСРО армиясы 1961 жылы алғаш рет пайдалана бастаған. Содан бері зымырандары ара-тұра модернизацияланып тұрады. Бірақ сол зениттік зымыран кешенінің 2020 жылы Әзербайжан әскерлері Қарабақта біршама сәтті пайдаланды. Украинада да оны барынша тиімді қолданып жүрген әскери



бөлімшелер бар. Бұл жағдай түрлі техниканы мамандардың жақсы меңгергені маңызды екенін көрсетеді. Қазақстан жауынгерлері де Қарулы күштерде қолданылатын техникаларды тиімді пайдалануы үшін жаттығулар жасайтыны содан.

ОЛ ҚАУІП ЕТКЕННЕН АЙТТЫ

Президент өз сөзінде әлемдік қорғаныс жүйесінің сипаты өзгергенін айтты. Шамасы, бұрын әлемнің ірі державалары Африка құрлығындағы, Тауы Шығыс пен Оңтүстік Азиядағы әскери жанжалдарға локалды оқиғалар, олар әскери ғылымға тың жаңалық енгізе қоюы екіталай деп қараған сынайлы. Алайда Украинада болып жатқан соғыс жағдайды өзгертті. Онда қуатты мемлекеттер мүдделерінің қақтығысы болып жатыр. Әскери амал-айла да өзгерді, түрлі заманауи технология да молынан пайдаланылып жатыр. Демек, Қазақстанның бұл жағдайды жігі қадағалап, дер кезінде елдің қорғаныс қабылетін нығайтуға ұмтылғаны қажет. Мемлекет басшысы соны мензеді.

«Бүгінде әлемдік қорғаныс жүйесінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Қазіргі ұрыстардың әдіс-тәсілдері де басқа, әсіресе гибридік соғыс түрлері кең таралуда. Шабуылдар әскери ғана емес, ақпараттық, психологиялық, саяси, экономикалық және басқа да сипат алуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан армиясы кез келген сын-қатерге дайын болуы қажет. Бұл — заманауи әрі кәсіби әскерге қойылатын басты талап», — деді Қасым-Жомарт Токаев. Осылайша, елге қауіп төндіретін бағыттарды атады.



құрылымдардың қырағылығы қажет. ҰҚК бастығының орынбасары Руслан Сейсембаев интернеттегі деструктивті сипаттағы қауымдастықтарға тіркелгендер саны 80 мың екенін айтты. Соның ішінде 6 мыңдайы 18 жасқа толмаған азаматтар екен. Ал енді дәл осындай идеологиямен армия күреспейді. Оның міндеті басқа. Сондықтан әскерге қарата айтқанымен Президент «қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» дейтін қағидаға жүгінгенге ұқсайды. Тек осы түспалды мемлекеттік органдардың басшылары ескеруге тиіс. Мәселен, 2020 жылы Алматы облысында өткен бітімгершілік оқу-жаттығу жиынында

ғын жақтайтынын білдірген. Сондықтан биыл Іле бойында өткен жаттығуда Президенттің қауіп еткеннен айтқан сөздерін Үкімет те, Парламент те, қоғам да астарлы пікір ретінде бағалағаны жөн шығар.

«ЖОҒАРҒЫ ТЕХНОЛОГИЯ» ДИВЕРСИФИКАЦИЯ БОЛСА ИГІ...

Айтпақшы, Іле бойында өткен жиында Президент отандық қорғаныс өнеркәсібі кешенінің әлеуетімен танысты. Далада ұйымдастырылған арнайы алаңкада Орталық Азия аймағындағы бронды техникаларды жөндеуге маманданған жалғыз «Семей инжиниринг» (Семей) зауытының мамандары бронды жөндеу-эвакуациялық транспорттау машинасын пайдалана отырып, ұрыста зақымданған техниканы қайта қалпына келтіру барысын көрсетті. Ал Науусо компаниясының өкілі (Астана) бронды техниканы қалпына келтіруге арналған агрегаттардың дала жағдайында қалай ауыстырылатынын, ал «КамАЗ Инжиниринг» (Кокшетау) және «№405 авиа-жөндеу зауыты» (Алматы) кәсіпорындары әскери техниканы құрастыру, қалпына келтіру мүмкіндіктері жөнінде мәлімет берді. Көргемге Қазақстан мен Түркияның «Қазақстан Aselsan инжиниринг» (Астана) бірлескен кәсіпорны, «Восток Полимер Снаб» ЖШС (Өскемен), Universal-Build ЖШС (Алматы), Energy General ЖК (Алматы) және басқа да кәсіпорындардың өнімдері қойылды.

Президент қорғаныс өнеркәсібі кешені әскердің тірегі екенін атап өтті. Ол әскер ең күрделі тапсырмаларды орындай білуі қажет екенін атап өтті. «Ол үшін әскерді жоғары технологиялы қару-жарақпен және сапалы әскери техникамен жаратқандыру, оқ-дәрілермен толықтай қамтамасыз ету айрықша маңызды. Жақында жариялаған Жолдауында мен жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс циклін құруды тапсырдым. Бронды техника, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттары, заманауи атыс қарулары — мұның бәрін біз өзімізде шығара аламыз және шығаруымыз керек. Жалпы, қорғаныс-өнеркәсіп кешені әскеріміздің жауынгерлік қабылетіне сенімді тірек болуы қажет», — деді К.Токаев. Бұл дегеніміз Үкіметке қарата айтылған тапсырма. «Атқарушы билік қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарына назар аударсын» дегенді білдіреді. «Жоғары технологиялық



Іледен жүзіп өткен сәтін көрді. Бұл техниканы әзірге Қазақстан қарулы күштері сатып алған жоқ. Сынақтан өткізіп жатыр. Бірақ біз ARMA көлігі біршама модернизациядан өткенін байқадық. Дәлірек айтқанда, көлікке Қытайдың NORINCO компаниясы жасаған мұнара орнатылыпты. Ал қытайлық компания әлемдегі қару-жарак нарығында 7 орында тұрған алпауыт. Мұның өзі қорғаныс өнеркәсібі мен армияны қаруландыруда ішінара болса да диверсификация пайда болғанын аңғартса керек.

Әрине, Қазақстанның қорғаныс өнеркәсібі кешеніндегі зауыттар бұлармен шектелмейді. Кейбір мәліметтерге қарағанда елімізде азаматтық және қорғаныс салаға қажет өнім шығаратын 40-тан астам зауыт бар. Қорғаныс өнімдерін бірлесіп өндіруге бірқатар шетел компаниялары да тартылған. Президент Жолдауында айтылған бронды техника, ұшқышсыз ұшатын аппараттарды құрастыруға талпыныс бар. Түріктің Anka S дронның әскерилер сынақтан өткізіп жатыр. Израильдік SkyLark және қытайлық Wng Long 2 дрондарын Қарулы күштер пайдаланып жүр. Отандық Sunkar дроны да бар. Радарлар құрастыруға француздар жәрдем берді. Жана кеме жасауға түріктің ASFAT компаниясы да қатысатын болды. Дүркіндетіп алатын зымыран жүйесін израильдік технология бойынша құрастырып жатырмыз. Пертопандағы зауытта жасалып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, ұрыс техникаларын жанаулауда азды-көпті табыс бар. Бірақ әскери техникаларды түгел жанаулау қиын екенін ескеру керек. Өте қымбат тұрады.

ӨЗ ӘСКЕРІНЕН АЯМА. ӘЙТПЕС...

Қорғаныс жайлы сөз еттік қой, Қазақстан Президенті саланы жетілдіре түсуге қатысты нақты бірнеше пәрмен берген. Былтыр Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Арнайы операциялар күштері құрылған. Іле бойындағы жаттығуда осы күштердің қабылеті сыналды. Арнайы операциялар күштері заманауи ұрыста зор рөл атқаратын құрылым екені соңғы жылдары анық байқала бастады. Сондықтан ол бізге қажет.

Ал қыста Қорғаныс министрі Руслан Жаксылықов аумақтық қорғаныс мәселесіне ерекше көңіл бөлініп жатқаны жайлы Мемлекет басшысына айтқан. Шілдеде есеп берді. Президенттің қабылдауында болған кезінде министр аумақтық қорғанысты нығайтуға қатысты қабылданатын шаралар туралы баяндаған. Сөйтіп, бұрын жергілікті өкімшіліктердің қаржыландыруында болған, оның ішінде қалдық принципмен ақша бөлініп келген саланың мәселелерін шешуді көздеп отыр. Мәселен, 2022 жылы өңірлік бюджеттерден аумақтық қорғаныс әскерлеріне 384 млн теңге бөлінген. Бұл өте аз көрсеткіш. Тіпті, кейбір бронды автомобильдің бағасына да жетпейді. Одан бөлек, күні бүгінге дейін бұл бөлімшелерде келісімшарт бойынша қызмет істеген азаматтардың жалақысы 80-120 мың теңге аралығында болыпты. Содан да болар Қорғаныс министрлігі «аумақтық қорғаныс» туралы арнайы заң жобасын әзірлеп жатыр. Егер заң жобасын депутаттар мақұлдап, қабылдана, республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарындағы 20 аумақтық қорғаныс бөлімшелерін қаржыландыру, материалдық-техникалық тұрғыда қамтамасыз ету тәрізді мәселелер бір ізге түседі. Бұл өз кезегінде аталған бөлімшелерде қызмет ететін әскери мамандардың әлеуметтік жағдайына да әсер етеді.

Әлеуметтік жағдай демекші, әскери қызметкердің мәртебесін көтеру, әлеуметтік жағдайын жақсарту маңызды. Ол да Президент пәрмені негізінде жүзеге асып жатыр. Қорғаныс министрлігінің Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің бастығы Тілеухан Басқожаев биыл әскери мамандардың жалақысы біршама өсетінін айтты. Атап айтқанда, әскери оқу орындарының азаматтық қызметтегі профессорлары мен ұшқыштардың жалақысы 60 пайызға көтерілген. Ал қырқыстан бастап әскери медицина қызметкерлерінің жалақысы 30-дан 50 пайыз аралығында өсіріліпті. Бұл да салаға деген қамқорлықтың белгісі.

Қысқасы, Іле жағалауындағы жаттығудың астарынан түрлі мән іздеуге болады. Біз Президенттің айтқан сөздерінен Қарулы күштер басшылығына қойған міндеттерді көрдік. Жаттығудың өзінен бұрын берілген тапсырмалардың орындалу барысын аңғардық. Өзімізше, Ал әскерилер басқаша ойлауы бек мүмкін.



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУҒА КЕЛГЕН ТҮРҒЫНДАР КӨП

«АМАНАТ» партиясының қоғамдық қабылдау алаңдарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын түсіндіру жұмысы жалғасып жатыр.

Отандастарымыз «АМАНАТ» партиясының қоғамдық қабылдауларына түрлі мәселе бойынша жүгінді. Мысалы, жұмысқа орналастыру, жәрдемақы ресімдеу, баспана алу, ерекше қажеттілігі бар жандарға көмек көрсету және тағы басқа. Азаматтарға кеңес беріп, оларды толғандырып мәселелерді шешумен қатар, партияның қоғамдық қабылдауларында Мемлекет басшысының Жолдауын түсіндіру жұмысы да белсенді жүргізіліп келеді.

Мәселен, осы аптада Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова Республикалық қоғамдық қабылдау алаңында азаматтарды қабылдады.

Костанай облысы Николаевка ауылының тұрғыны әйелдердің зейнетке шығу жасын төмендетуді және мерзімінен бұрын зейнетке шығу рәсімін өзгертуді ұсынды.

Премьер-Министрдің орынбасары Президент өз Жолдауында зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істеп жүрген адамдарды әлеуметтік қолдау тетігін әзірлеу бойынша бірқатар тапсырма бергенін айтты. Еске сала кетсек, бұл қатардағы тұлғаларға 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем төленеді.

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» Партиялық бақылау комитетінің төрағасы Павел Казанцев азаматтарды қабылдау барысында алаяқтармен күрес және ерекше қажеттілігі бар жандарды қолдау мәселесі көтерілді.

Мәселен, елорда тұрғыны Иван Дюрин алаяқтардың телефон немесе интернет желісі арқылы адамдарды алдау әрекеті жиілеп кеткенін атап өтті.

«Жасым болса сексеннен асты. Алайда қарияларға дәл мұндай арсыз әрекет жасалғанын бұрын-соңды көрген емеспін. Ардан атпаған алаяқтар сенімге кіріп алған соң, алдап-соғып зейнеткердің атына несие рәсімдейді. Тіпті, қарияның қандай жағдайда өмір сүретініне де, зейнетақысы аз-көптігіне де, отбасының бар-жоғына да қарамайды. Керек десеңіз, атын да білмейді, түрін де танымайды. Сондықтан алаяқтарға тағайындалатын жазаны күшейтуді ұсынамын», — деді ол.

Халық қалаушысы болтыр Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында құқық қорғау органдарына интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге қарсы күресті күшейтуді тапсырғанын айтты.

«Осындай қылмыстардың алдын алу мақсатында «АМАНАТ» партиясы жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр. Мәселен, депутаттар біреудің ЭЦК-сын заңсыз пайдаланған, ЭЦК беру қағидаларын бұзған және пайдаланған адамдарға тағайындалатын жазаны қайта қарап, қолданыстағы заңнамаға бірқатар түзету енгізу бағытында жұмыс істеуде», — деді Павел Казанцев.

Депутат мәселені тиімді шешу үшін азаматтардың қаржылық сауатын арттыру қажет екенін және дәл осы мақсатта «АМАНАТ» партиясы «Қаржысыз қоғам» жобасын жүзеге асырып жатқанын жеткізді. Осы уақыт аралығында 20 мыңнан астам адам оқытылды. Енді Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «АМАНАТ» партиясы аталған жобаны Үкіметпен бірге бүкіл ел аумағында қолға алады.

Сондай-ақ қабылдау кезінде елорда тұрғыны, 1-топтағы мүгедек Алтын Алпысбаева ерекше қажеттілігі бар жандарға қолдау көрсету мәселесін көтере келді.

«Менің де, балаларымның да денсаулығында кінәрат бар. Ол аздай, жалдамалы пәтерде тұрып жатырмыз. Мен секілді баспанаға зәру жандарға қолдау көрсетіп, мемлекет үй бере ала ма? Ерекше қажеттілігі бар жандарға тағы қандай қолдау шаралары қарастырылған?» — деді ол.

Өз кезегінде, Павел Казанцев партияның сайлауалды бағдарламасы аясында тұрғын үй сертификаттарына құқығы бар азаматтар санын көбейту көзделгенін айтты. Бұған қоса, мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақы мөлшері биыл 14,5 пайызға өсетінін атап көрсетті.

Сондай-ақ осы аптада Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» фракциясының мүшесі Дмитрий Колода азаматтарды қабылдады. Бұдан бөлек, Шымкент қаласында және Шығыс Қазақстан облысында мобилді қоғамдық қабылдау бөлмелері қарқынды жұмыс істеді.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «АМАНАТ» партиясының кезектен тыс XXII съезінде партия жұмысын қайта жандандыруды тапсырып, партияның қоғамдық қабылдау бөлмелері шағымдармен ғана емес, елді дамыту бойынша нақты идеялармен келетін азаматтар үшін тартымды орынға айналуы керек екенін айтқан болатын.

Еске сала кетейік, отандастарымыз өздерін толғандырып мәселелері бойынша «АМАНАТ» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесіне келесі байланыс нөмірлері арқылы хабарласа алады:

1. Call-орталық: 8 800 080 4441 (Қазақстан бойынша қонырау шалу тегін);
 2. WhatsApp: 8 700 800 4441;
 3. E-mail: komek@amanatpartiasy.kz.
- Қабылдауға жазылу қабылдау өткізілетін күнге дейінгі кемінде 3 күнтізбелік күн бұрын жүзеге асырылады.

Мұқаш ЕСКЕНДІРОВ, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты:

ӘР САЛАҒА ӨЗ МАМАНЫ БАРҒАНЫ ДҰРЫС

(Басы 1-бетте)

— Әрбір мемлекеттің экономикасы екі бағыт бойынша дамиды. Біріншісі — индустриалық бағыт, екіншісі — агроөнеркәсіптік бағыт. Әдетте біз белгілі бір мемлекет төңірегінде әңгіме айтар кезде «аграрлы мемлекет», «индустриалды мемлекет» немесе «агро-индустриалды ел екен» деп жатамыз. Біз бәзбір мемлекеттер секілді тек туризммен күн көріп отырған, туризмі экономикасының басым бағыты болып отырған мемлекет емеспіз. Бірақ Мемлекет басшысының өзі айтып отырғандай, туризм — біздің елімізде экономикамыздың бір бөлігі. Меніңше, Қазақстанға тән бір ұлттық экономика болуы мүмкін емес. Себебі біз жан-жақты дамуымыз керек. Біз кейде «ұлан-ғайыр жерімізде «Менделев кестесіндегі түгелге жуық элементтер бар» деп жасты қазба байлықтарымызды айтып мақтанамыз. Бірақ бұл экономикамызды толық дамытатын фактор емес. Мұнаймыз бен газымыз, сол секілді элементтер де сырттағы факторларға байланысты. Оның ішінде логистикаға да байланысты. Дұрыс, біз барлық мүмкіндіктерімізді толық пайдалануымыз керек. Бірақ нақты қандай шараларды жүзеге асыруымыз керек дегенде біз нағыз дамыған мемлекетке айналуымыз керек, бұрынғыдай экономикамызды жоспарлағанда статистикалық цифрлар мен сандардан, пайыздық есептеулерден бойымызды аулақ салып, нақты істерге мән беруіміз керек. Есеп беретін шенеуніктердің «тығылатын» жері де осы — цифрлар мен есептер. Мысалы, 2022 жылы Қазақстанның экспорттық, импорттық операциясы 146 млрд АҚШ долларын құрады деп естиміз. Соның ішінде 83 млрд-ы экспорт болса, ал 63 млрд-ы импорт болған. Экономикамызды жоспарлауда импортты жоспарлаудан қарағанда экспортқа аса мән беруіміз керек. Мемлекет басшысы 2029 жылы жалпы ішкі өнімдімізді 460 млрд АҚШ долларына арттыруды көздеп отыру ғой. Яғни, қазіргі жалпы ішкі өнімдіміз 220 млрд доллар болса, 2029 жылға дейін екі-үш есеге арттыруымыз керек. Ал оны қалай арттырамыз? Меніңше, Үкімет келесі жылдан бастап барлық жергілікті әкімшілік органдарымен бірлесіп еліміздегі әр компанияның мүмкіндіктерін ескере отырып, оларға өз кезегінде мемлекет тарапынан көмек беріп жұмыс істеуі керек. Күні кеше жаңа министрліктер құрылды, кадрлар арасында ауысу түйістер болды. Жаңа әкімдер сайланды. Олар енді Президенттің үмігін ақтап, еліміздің дамуына қажетті барлық шараларды қолға алу керек. Егер біз дәл қазір сол шараларды қабылдасасқ, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауымыз қиынға түседі. Мысалы, біз белгілі бір тапсырманы орындау кезінде қаржылық сметалық құжаттарды реттейміз деп біраз уақытымызды жоғалтамыз, оны мемлекеттік сараптамаға беріп тағы уақыт құртасыз. Осы секілді факторлар жұмыстың жеделдетуін тежейді. Меніңше, осындай жұмыстарды баяулатуға алып келетін кедергілерді жойып, істің жылдам арада іске асуына мән беруіміз керек. Сондай-ақ елімізде шикізат өндіретін өндіріс орындарын ашып, шетелдің шикізаттарына тәуелділікті азайту керек. Мысалы, кеше Қарағанды облысында автомобильдерге арналған шиналарды шығарамыз деп мыңдаған миллиард қаржы жұмсап жатырмыз. Бірақ елімізде шина шығаруға арналған бір шикізат жоқ десек болады. Ол шикізаттарды алып келіп сол шиналарды шығарған күннің өзінде Еуропадан, Ресейден, Жапониядан және сол секілді өзге елдерден келіп жатқан шиналарға қалай бәсекелес боламыз? Ертен өзіміздің шикізатсыз шығарылған дүниелер бәсекеге жарамсыз болып жатса, тағы да мемлекет қаржысына алақан жаямыз. Меніңше, осы тұрғыда мемлекет қаржысына

қол сала бермей, мемлекеттің қорына ақша құятын шараларды атқаруымыз керек. Бұл ауыл шаруашылық саласына да қатысты. Мысалы ет-сүт өнімдеріне де баса мән беріп, отандық өнімдердің дамуына атсалысуымыз керек. Сонда ғана Жолдауда айтылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндік аламыз. Сондай-ақ дайын өнімдерді шығаратын зауыттарды салуымыз керек. Мысалы, бізде ұн шығаратын зауыттарымыз бар. Ұнның көбін Ауғанстанға жіберіп келдік. Бірақ бүгінде біздің алдымызды Өзбекстан орап кетіп отыр. Дайын өнімдерді шығаратын зауыттар салу аса қиындық тудырмайды. Тіпті, қысқа мерзімде салып тастауға болады. Естеріңізде болса, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қажеттіліктерді өтеу үшін қысқа мерзімде бірнеше зауыт салынған еді. Сол секілді зауыттарды салу үшін ұзақ мерзім аса қажет емес.

— Қазақстанның стратегиялық мақсаты — Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықты біріне айналду. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өндуге көшіміз қажет. Алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізіміз керек. Ол үшін салық саясатын қайта қарау қажет». Елімізде жыл соңына дейін Салық кодексіне негізгі үлкен өзгерістер дайын болуы керек, бүгінде дайындық жүріп жатыр. Ол қандай болуы керек? Тек бюджетті толықтыруды көздейтін фискальды саясаттан ынталандыру саясатына қайтсек көшеміз?

— Біз Еуразия деп аузымызды кенте ашпай-ақ, алдымен мына Орта Азиядағы елдермен өзімізді салыстырып көрейікші. Мына Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан секілді мемлекеттермен кейбір салалар бойынша бәсекелесе алып жүрміз бе? Мысалы, еліміздің онтүстік өңіріндегі жұрт Қырғыз Республикасы мен Өзбекстанның тауарларын тұтынып отырғаны жасырын емес. Қырғыздар шығарған киімдерді киіп,



дағы шикізаттардан хабарым бар. Олардың барлығын шикізат күйінде қалдырмай, бәсекеге қабілетті өнім өндіру ісін жолға қоюымыз қажет. Мысалы, қарапайым мыс пен мырыштың өзінен көптеген өнім өндіруге болады. Қаншама миллиардтаған қаржы кетіп жатыр. Мемлекеттің қаржы қоры шексіз емес қой. Ертен ол қаржының орнын толтыру керек. Толтыру үшін тек шикізат күйінде қалдырмай, өнімдерді өндіре білу уақыт талабы болып отыр. Біз қазір аурухана мен мектеп сынды маңызды нысандар салып жатырмыз. Рас, керек нәрсе. Егер біз осындай өндіріс орындарын ашуға басты мән берсек, олар өз кезегінде мемлекет қазынасын толтырып, ондай маңызды нысандар бүгінгідей де көптеп салынып еді. Осы жағын ойлануымыз керек. Тек бүгінгі күнмен өмір сүруге болмайды. Ертен экономикамызды әлемдік бәсекеге қабілетті етуіміз үшін қазір-



Бірақ елімізде шина шығаруға арналған бір шикізат жоқ десек болады. Ол шикізаттарды алып келіп сол шиналарды шығарған күннің өзінде Еуропадан, Ресейден, Жапониядан және сол секілді өзге елдерден келіп жатқан шиналарға қалай бәсекелес боламыз? Ертен өзіміздің шикізатсыз шығарылған дүниелер бәсекеге жарамсыз болып жатса, тағы да мемлекет қаржысына алақан жаямыз.

Өзбекстанның тауарларына тәуелді болып отырмыз. Сол аталған мемлекеттерге бара қалсаңыз, жеңіл өнеркәсіптің бізден қарағанда алда екеніне куә боламыз. Ал бізде қарапайым ғана бидай өнімдерін, ұн сақтайтын логистикалық орталықтар кемшіл түсіп жатады. Тек соңғы жылдары Мемлекет басшысының тапсырмасымен осы жайттарға көңіл бөлініп келеді. Осы ретте еліміздің әрбір өңірі өз мүмкіндіктерін ортаға салып, тиімді шаралар қабылдауы керек. Мысалы, онтүстік өңірлер ауыл шаруашылығы өнімдерін, көкөніс-жеміс-тін өндіріс орындарын ашуды қолға алса, өзге өңірлер өзге де қанша өнім шығара алатынын есептеп, соған сай өндіріс орындарын ашуды мақсат етуі керек. Өз кезегінде бұған мемлекет те мүдделі болуы қажет. Бұл тұрғыда ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп және құрылыс министрлігі бірлесіп отырып жұмыс істеуі қажет.

— Өздеу саласын жетілдіру маңызды екені белгілі. Өндеу дегеніміз ең алдымен металл өндеу, мұнай-газ, машина жасау саласы еске түсері анық. Одан бөлек, өнім шығаратын кластер құру үшін не қажет?

— Біз мыс, қорғасын, мырыш, алюминий сынды металдарды шығарып жатырмыз. Олардың барлығы — өндеуді қажет ететін металдар. Өзім химия саласында жұмыс істегеннен кейін Жамбыл облысы мен Түркістан облысын-

ден алдын-ала шараларды жүзеге асыруымыз қажет.


— «Аймақтарға қатысты саясатта маңызды реформалар жүргізілді. Соның нәтижесінде әкімдерді тікелей сайлау тәсілі енгізіліп, әкімшілік реформа қолға алынды. Бұл ретте бюджетаралық қатынастарды түбегейлі өзгерту де өте өзекті мәселе. Жаңа экономикалық үлгіге көшкенде аймақтардың бюджет мәселесіндегі дербестігін арттыру керек». Осы мәселе бойынша ойыңызды білсек. Үш жылдық бюджеттен бас тарту туралы да ұсыныстар бар. Ендеше оңтайлы нұсқа мен аймақтарға қатысты үлгі қандай болуы керек?

— Мен көктемгі сессиядан кейін жаңадан сайланған әкімдермен кездестім. Сонда байқағанымыз, көбі — жас азаматтар. Әрине, «жас келсе — іске» деген халықпыз. Бірақ солардың сол сайланған округтер проблемаларын шешуде тәжірибелері бар ма — ол жағына да мән беруіміз керек. Азаматтарды сайлағанда трайбализмге, рушылыққа, жершілдікке қарап сайлаудан аулақ болуымыз керек. Мысалы, жеңіл өнеркәсіптің, шағын кәсіптерден түсіп жатқан салықтарды сол өңірлерде қалдырып жатырмыз ғой. Сол қаржы қаншалықты тиімді деңгейде жұмсалып жатыр — осыған назар аударуымыз керек. Мысалы, салықтан жиналған қаржы көлемі 16 трлн теңге болса, шығындарымыз 20 трлн-

нан асады. Яғни, түскен салық қаржысынан шығындарымыз көп. Осы ретте көлменкілі экономиканың да жолын кесуіміз керек. Көптеген кәсіп иелері мемлекетке салық аз төлеу үшін қызметкерлеріне жалақыны аз төлеп жатыр. Мысалы, мен ауыл шаруашылығындағы көкөніс өсіретін кәсіпорындарға барғанымда байқағанымыз, егістікте жұмыс істейтін 40-50 қызметшіге күніне 4-5 мың теңге көлемінде ақша төлейді. Олардың медициналық сақтандыруы, зейнетақысы секілді қажетті дүниелері ескеріле бермейді. Күні кеше Мемлекет басшысы ең төменгі жалақыны 85 мың теңгеге өсірді. Бұл — дұрыс шешім. Неге? Өйткені, адам құқықтарын қорғауда осындай шешімдердің атқаратын ролі зор. Осындай мәселелерді шешу жолында сайланған азаматтар тиімді дәрежеде нағыз маман болуы қажет.

— Жаңа өнеркәсіп саясатын жаңаша үлгіде дамытқан жөн. Десек те, жаңа өнеркәсіп саясатын дамыту үшін нақты жобалар, реформалар қажет емес пе? Жаңадан құрылған Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне қойылатын талап қандай болуы тиіс?

— Жаңадан Өнеркәсіп және құрылыс министрлігін құру арқылы экономикамыздың дамуына маңыз беріп отырмыз деп ойлаймын. Бүгінде ең үлкен жауапкершілік осы министрлікке түсіп отыр. Бұл салаға сайланған жаңа министр қаржы саласының маманы екен. Өз саласының маманы болмағанымен, жаңа министр ұйымдастырушы менеджер ретінде жақсы жұмыс атқаруы қажет. Өткен жолы министрге қол астындағы кадрлары төңірегінде орынбасарларыңыз, комитеттің төрағалары кім болады деген сауал жолдаған болатынымыз. Себебі, егер министрлікке өзі секілді өзге саладан келген мамандар қызметке келсе, онда бұл саладан хабары жоқ болғандықтан мәселелерді шеше алмайды. Бұл салада елімізде тәжірибелі азаматтар бар, өнеркәсіпте жүрген ғалымдарымыз, сарапшыларымыз бар. Солардың тәжірибелері мен біліктілігін тиімді пайдалана алу керек. Бізде кадр таңдауда бір қателік бар. Ол қателік — шет елден «Болашақпен» оқып келген, мемлекеттік қызметтерде жұмыс істеген адамдарды ғана таңдауымыз деп айтар едім. Ал сол саланың басы-қасында жүріп, майын ішкен, өндіріс орындарында бірнеше жылдық тәжірибесі бар адамдарды тиімді қызметтерге ала бермейміз. Осыдан келіп салалардағы мәселелерді тиімді шешімізді қалуды түрткі болып отыр. «Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген сөз бар емес пе?! Сол секілді әр саланың манайына тек сала мамандары барса деген ниет бар. Сонда ғана олар дербес шешім қабылдай алатын, саладағы мәселелерді орындатын шеше алатын жағдайға жетеді.



Жарықтық Абайдың:
— Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі.
Иштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі, — деп келетін әйгілі өлеңі бар ғой. Осындағы «жүректің көзі ашылса» дегенге ерекше мән беремін. Негізі біздің қолына қалам ұстаған ақын-жазушылар «жүрек көзі ашылған жандардың» қатарына жатады. Әйтпесе, неге етікші отыра қалып, Абай, Пушкин, Мағжан секілді өлең жазбайды, неге үтікші Мұхтар, Ғабит, Сәбит секілді қарасөзді көркем кестелеп кете бермейді?!

Абай атамыз одан әрі:
— Жүрекке айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тыңдағыш қашиа көп болса,
Сөз ұғарлық кем кісі, — дейді.
«Жүректегі айна» жоқ болса, қалған нәрсенің бәрі бос нәрсе деген сөз ғой. Мынау Өмір деген үлкен алаңда «жүрек көзі ашылған», «жүрегінде айнасы бар» өте мықты адаммен екі рет көрші болған жағдайым бар. Ол — өте қарапайым, қағілез, кісілігі мен кішілігі қабысқан, қазақ әдебиетінің қазіргі көзі тірі алыбы Әкім Тарази.

Алматыда Шевченко мен Айманов көшелерінің қиылысында, Астанада Сауран мен Ақмешіт көшесінің түйісінде көрші тұрды. Әкім аға Астанада жолыққанымызда маған «Мәңгілік көршім» деген атак берген. Соған марқайып әлі жүрмін.

Екі қалада да Әкім ағаның қолы бостағы сүйікті ісі — жаяу серуендеу. Алматыдағы Ганди паркін төрт-бес рет айналып келеміз. Астанаға жасы ұлғайған кезде қоныс аударды да көбіне Сауран көшесінің ауласында жүреді. Қалбалақтап қасынан қалмайтын кездерім көп болды. Жай жүрмейміз, әңгіме тиетін ағымыз. Күнделікті жаналықтардан бастап, елдегі қоғамдық, саяси шетін мәселелерге дейін қозғаймыз. Ол кезде Әкім аға «Нұр Отан» партиясының саяси кеңесінің мүшесі. Жаксы істермен қатар қазақ қоғамындағы келенсіз тұстарды ашы мысқылға алады. Таң қаламын. Саяси мәселелерді терең талдайды. Бәрі ақиқат. Үнсіз ілесіп жүре бергің келмейді. Өз бетіңше кесек мәселелердің күрмеуін шешудің амалдарын айтқан боламын. Жүрісіміз біткенде «Бала, осы әңгіме бүгінге жетер, қалғанын ертеңге қалдырайық» дейді.

Сондай серуен кезінде адам жанын түсінуге, жазушының рухани әлеміне терең бойлауға мүмкіндік аласың.

Абайдың 38-ші қара сөзінде: «Әуелі адам бір нәрсені жақсы көруі керек, жақсы көру үшін адамда адамгершілік, ақыл, ғылым болуы шарт. Ал бұларға жету үшін адам бойында жақсы қасиеттермен бірге дені сау болу, бұған тағы ортаның — отбасы, қоғам, дос әсерін» қосады.

Адамның ғылым-білімге махаббаты оянса, сол адам болады, содан соң Алланы таниды, өзін таниды, айналасын таниды, оң мен солын, жақсы мен жаманды ажыратыды. Сондықтан Абай «әуелі баланы бастан дұрыс тәрбиелеу керек, болмаса ол бала жарым адамға, жарым мұсылманға айналады. Одан бааладан кемел адам шықпайды. Алла Хақиқат, Оған тек адам шынайлықпен жақындайды. Адам ғылымы-білімі арқылы әр нәрсенің ішкі сырын білуге, хақиқатқа, шындыққа ұмтылуы керек», — деген тұжырымға келеді.

Абай ілімі — біздерге Темірқазық іспеттес. Ұлы ақын білімге, білімділікке толық анықтама бере келіп, қазақтың баласына нақты жолды нұсқайды. «Дүниенің көрінген нәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмағанда денелен білмесе, адамдықтың орны болмайды. Дүние сырын танып-білу, білімділік — адамдықтың белгісі, білім-ғылымның жоқтығы, білімсіздік — нағандық, хайуандық» деген үлкен ұғымды алға тартады.

Дүниенің «көрінбеген сырын білу» жайына келгенде, Абайдың: «Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықбірлән табылады». Әрбір нәрсенің сыртғын көріп білгенмен тоқтамай, оның түбін, тегін, болу себебін білудің маңызы үлкен. Пендеге «өз ақылы жетерлік қадірін ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеу» парыз. Оның білім-ғылымның хақиқаты табылмайды, мәні ашылмайды. Нәрсенің «болмысын айқындап беретін шалғай себептерді және таяу себептерді білу» даналық болып есептеледі.

Кез келген нәрсенің болмысын айқындайтын ішкі және тысқы себептерді білу — адам білімінің берік негізі. Әкім Таразидың өмірлік жолынан, шығармашылық еңбектерінен осы қағидадан еш айнымай келе жатқанын жазбай тануға болады.

Қазақ әдебиетінің классигі, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әкім Тарази бұл күнде «Әдебиеттің Әкімі» атанды. Биыл заңғар жазушымен Астанадағы Ұлттық кітапханада жүздестік. Бұл жиынға Төлен Әбдік, Мырзатай Жолдасбеков, Шәрбану Бейсенова бастаған қазақ әдебиетінің айтулы тұлғалары, зиялы қауым өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, сондай-ақ әдебиет жанашырлары, қаламгердің шәкірттері, жазушының жары, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова қатысты. Жанға шуақ беретін небір әдемі сөздер айтылды. «Қазақ әдебиетінде қоғамды сынау, адамды сынау, сын көзімен сыншыл реализмге бет бұру дегенді бастаған кісі — біздің Әкім ағамыз. Бұл кісі әр жанрда жетістікке жеткен адам. Прозасы бір бөлек, драматургиядағы еңбегі де өте үлкен. Қазақ драматургиясын биікке көтерген тұлға», — деп жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдік қаламгерге арнаған

ЖҮРЕК КӨЗІ АШЫҚ ЖАЗУШЫ

жақсы ой айтты. Санлақ суреткерге әділ баға берді.

Әкім аға залға кіріп келгенде жүзінен бір нұр көрінді. Жанары ойнап, жүзі жайнап тұрды. Адамның жасы қанша ұлғайса да, жүрегі мен жанары көп нәрседен хабар беріп тұрады. Баяғы сергек, ширақ қалпында. Екеуара айтылған көп әңгіме еске түсті.

— Жазушылық кәсіп маған бұл дүниенің сырын ашты. Басқа біреудің өмірін жазу үшін жазушы адам әуелі өзінің ішкі жан әлеміне терең үңілуі тиіс. Өзімді жазбасам, кімді жазамын?! Басқа адамдардың тағдырын екінші бір адам жазып, еш уақытта рахаттанбайды. Әдебиетте түрлі тәсілдер бар. Жазушы өзінің екінші дәрежелі кейіпкерінің өмірін айналып кете алмайды. Мен де өзімді-өзім кейіпкер қылдым, кейде кей кейіпкер автордың өзі болып тұрады. Өзін-өзі сыйлайтын адам басқа біреуден үйренбей, өзінен үйренеді. Сосын әдебиетке жолымды ашқан асыл ағаларым болды. Соның ішінде Ғабит Мүсіреп менің туған әкемдей болды. Не жазсам да қолдап отырды. Ғабен менің жолымды ашты. Ол кезде небәрі 23 жастамын. Әу бастан осындай жақсы кісінің жолыққанын кездейсоқтыққа балай алмаймын. Сол кісінің тәлім-тәрбиесін алдым. Ғабеннің маған көрсеткен бір жақсылығы — әкем қатты ауырып, үйде болуыма тура келгенінде де қызметтен босатпай, ауылда тұруға мүмкіндік жасады. Одан кейін Мәлік Ғабдуллин, Ғабит Мүсірепов, Кемел Тоқаев есімдерін құрметпен еске аламын. Үшеуі де — менің рухани әкелерім. Олардан үйренгенім өте көп. Әдебиетте ғана емес, өмірде де ұстаз бола білді. Мен олардың жан-дүниесін, болмыс-бітімін, адамдық табиғатын түсінуге тырыстым. Менің ең жақын достарым ұдайы қасымда еді. Олар — Сайын Мұратбек, Калихан Ысқақ, Рамазан Токтаров, Амантай Сатаев,

нын Әкім аға 1987-ші жылы жазды. Осы романда жазушының бүкіл қабілет-қарымы айқын көрінеді. Романның негізгі кейіпкері Лима — педогогикалық институтта білім алған, көкжиегі кең адам. Бірақ өмірдің ащы сабағы оның тағдырын өзгертіп жібереді. Жан-жағынан көрсетілген қысым кейіпкерді тығырыққа тірейді. Соның салдарынан өмірден баз кешкісі келеді. Тосын әрекетке баруға мәжбүр болады. Ауыл мұғалімі Тұнатар бейнесі де кесек сомдалған. Мектеп директоры Сәрсенбайдың қулық пен сұмдыкқа бейім тұруы оқырманды бейжай қалдырмайды. Сәрсенбайдың әйелі Ұлжаннның, Сәрсенбайдың інісі Арсанбайдың әрқайсысы романда өз орнын тапқан. Шынайы.

Қазақ қоғамындағы отбасылық тәрбие, балалардың ой-пікірін тыңдау, олармен санаспау, ішкі жан дүниесін түсінбеу сияқты проблемалар осы романда жан-жақты көрініс тапқан. Әкім Тарази отбасы құндылықтарына орын табылмаған қоғамда рухани құлдырау, тоқырау, тығырыққа тірелу құбылыстары болмай қоймайтынын кеңінен ашып көрсетті. Қазіргі таңда да бұл құбылыс ерекше сипат алып

«Ақбердінің ауласы» романында алақандай ауылдағы қаншама тағдыр иесін қалам ұшына арқау етеді. Ақберді туралы: «Атақты батыр әрі аудақты адам Ақберді жиырмасыншы жылдары асылтұқымды жылқы өсіріп жатумен айналысқан, Ақбердінің ұзын атқарасы мен Ақбердіге тең, сол кісіге тәңті бес-алты үй шоғырлана жиылып төрт бұрыш жасай келіп, сырт жағы тұтас, есік-терезесіз жабық бекініс құратын. Өзге дүниеден оқшау, ішіме ешкімді жібермеймін, тыста не болып жатыр, онда менің шаруам жоқ дегендей меніреу де санырау біртұтас берік әлем» деп салғанның оқырманды жетелеп алып кетеді. Баланың жан-дүниесіне «періште» кейінде танылған Шураның образы да оқыған адамды ойландырмай қоймайды. Шура женгесінің, әнші келіншектің көшіп келуі ауыл адамдардың өміріне өзгеше бір өзгеріс, соны серпіліс әкеледі.

Жазушы адам өзі өмір сүріп отырған қоғамнан ешқашан сырт қала алмайды. Қазақ жері — урбанизация, индустриализация секілді құбылыстарға тап болды. Шерхан Мұртаза «Қара маржан» деген шығарма жазды. Әкім Тарази «Кен» романын жазды. Қос қаламгер де өндірістік революцияның пайдасымен қатар қазақ ұлтының болмысына, мінезін, тұрмыс-тіршілігіне кері әсерін тигізе бастағанын ақырын аңғартып өтеді. Қазақ даласына сырттан келген «өндірісшілердің» ашы суға елтіуі көптеген қазақтың ішкішіткке салынып, моральдық жағынан азғындауына себепкер болғанын Әкім Тарази тамыр-

кейде одан сұрайтынмын: «Сен неге укол салғанымызға қуанасың?» — дейтінмін. Ол менің ондай сұрағымды күтпегендей, күтсе де бұрыннан бізге қойған жауабы бардай. — «Жәй, біз маман ретінде іске жарап қалғанымызды айтамыз. Бізге сеніп осындай үлкен тапсырма бергенін айтамыз», — деп кібіртіктей беретін, кібіртіктей беретін».

«Шәй іш, Аким, — деді. — Іш шай. Сендердің киргиздарың... осы сөз аузыма түсе береді, кешіріші. Қазір қазақ деп атайсындар ғой. Білемін қазақтар маған керемет ұнайды. Жақсы халық. Мен киіз үйлерде ас ішіп, қонып та жүрдім ғой... Отыз бірінші жылы... отыз бірінші жылы... біз үлкен иттік жасалдық. Біздің уқолдан кейін қазақ ауылында түрлі аурулар пайда болды. Талай қазақтың мұрны шүңірейіп ойылып түсті, талай қазақ сары аурумен ауырды, талай қазақ, қазақ, Байғұс киргиздар... — өз-өзіне сөйлеп, сандырақтап отырғандай болып кетті Манана. — Көкірек ауруын да тараттық біз. Ең қиынын адамның ерік-жігерін құм қылатын дәрі салдық қой біз оларға. Есінен аласқан адамдай мәңгіріп қалды түгел Алтай халқы. Қайда жұмсасаң бара беретің, не айтсаң көне беретің халыққа айналды. Біз ауылдарды аралап жүрдік. Содан кейін білесің бе сен, білмейсің бе, отыз екінші жыл басталды ғой, Аким». Отыз екінші жыл дегенді үрейленіп, шошынып, киналып айтты... «Мен киргиз халқының алдында күнәһармын. Мен киргиздарға қаншама түрлі укол салдым. Бастарын таз қылдық, мұрындары опырылып түсетін укол салдық. Мен, мен мына қолыммен. Ал Вера болса, менен де батыр еді. Вера болса, менен де өжет еді. Тапсырманы бұлжытпай орындайтын. Бәрін айт та, Аким, ты сын киргизского народа, извини пожалуйста, сен сын казахского народа, не поймешь меня. Біз салған уқолдан қаншама мықты болса да еркек адамдар мәңгіріп қалатын еді. Айтқан бұйрықты орындай беретің, орындай беретің кәдімгі нағыз мәңгірт болып қалатын еді... Аким, ты понимаешь это?».

Осы үзік үзінділерден ғасыр сұмдығын сезесің. Тұла бойыңыз түршігеді. Көшпелі халықтың жерін иелену үшін сәбет өкіметінің адам айтса сенгісіз, адам жаны төзгісіз асқан қатыгездік қадамдарына барғанын көресіз. Біздің қазақтың жері ғана полигон болған жоқ. Адамдарды да нағыз полигонда өмір сүргенін, егеуқұйрықтарға екпе салғанындай түрлі медициналық сынақтан өткенін білесің. Тарази қаламынан шыққан туынды көп. «Жастықтың жігер-жалынымен көп жаздым, бірақ авторы ретінде атымды көрсетпедім. Түрлі бүркеншік аттар қойдым. Хат иесінің атынан да фельетон жазатынымын. Сол фельетондарды өзімнің шығарма деп айтуға намыстанып жүрдім. Әдебиетке мөлдиреген таза қалпымда, ештеңеге былғанбай, жазушылық атқа кір жұқтырмай келуім керек деп ойладым. Фельетон да әдебиеттің бір жанры екеніне мән бермеймін», — дейді Әкім аға бір сұхбатында.

Әдебиет әлеміне «Етікші» деген тырнақалды туындысымен келген қаламгер сол кезеңді былайша еске алады. «Осыдан көп ұзамай, пионер вожатый ретінде балаларды бастап апаруым керек болып, Алматыға жолым түсті. Бір күні келе жатсақ, бас поштаға қарсы беттен «Ара» — «Шмел» деген жазуы бар үй ұшырса кетті. «Жауапты хатшы» деп жазылған есікті аштым. Телефонда сөйлескен Әбен Сатыбалдиев. «Етікші» бізге ұнады. Бірақ баспаймыз» деп анада айтқанын қайталады тағы. «Баспаспа неге шақырады?» деп ойлаймын. Іле осы ойма жауап қатқандай: «Ессене біз сені қызметке аламыз» — деді. Шамалыдан кейін Ғабит Мүсіреповке алып кірді. Ғабен жарықтық әуелі маған қараған жоқ. Басын салбыратып өз ойымен отырғандай. Міз бағар емес. Үндемейді, алып кірген кісі де үндемейді. Әкіресе, жас кезімде менің мінезім де келіспен мінез емес еді. Осы, қарғып тұрып шығып кетсем бе екен деп ойладым. Осылай «Етікшім» басылмасда, қызметке тұруға септігін тигізді, әдебиет ортасына енгізіп жіберді. Бірақ кейін жарияланды».

Егер сол «Етікші» еленбесе, Ғабеннің назары түспесе не болар еді?! Айтпа бәрі сөз көп. Әкім ағаның творчествосын әлі талай талдайтын, қаламгерлік құпиясының сырын ашуға талпынатын жас әдебиетшілер шоғыры шығады. Қазірдің өзінде Қорғанбек Аманжол, Ұларбек Нұрғалым, Нәзира Мұқышева, Айтат Қыдырәлиева секілді сөз өнерінің сәулесі түскен азаматтар ағаның туындыларын терең зерттеп жүр. Қаламгерге түрлі адам баға береді. Халықтың бағасы — әділ баға. Сондай-ақ ең үлкен бағаны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев берген еді. «Біріншіден, Әкім Тарази — жазушы әлемінде өте сирек кездесетін тұлға. Бұл кісінің қазақ әдебиетіндегі орны ерекше, бірегей жазушы деп айтуға болады. Әкім Тарази жалпы қалада болып жатқан дүниелер, яғни урбанизация туралы жазды. Бұл тұрғыдан алып қарасақ, белгілі түрік жазушысы Орхан Памукаға ұқсайды. Ол кісінің философиясы өте терең. Тағы бір ерекшелігі — ол кісі нағыз реалист. Туындыларын жазған кезде оқырмандарын аямайды. Шерхан Мұртаза айтқандай, «жазушының көзі — көкірегінде». Ә.Тарази — жазушы ретінде де, драматург ретінде де өмірге көкірегімен қарайтын қаламгер», — деп тоқсан ауыз сөзге тобықтай түйін жасады.

Нұртөре ЖҮСІП,
сенатор



«Сұлтанмахмұттың алғашқы биографы» (Айқын. (№44, 20 сәуір 2023 ж.) аталатын Мәлдір Төлепбайдың мақаласын оқыған соң Сұлтанмахмұттай асау жүректі ақын тағдыры, әдеби мұрасы жайында ойға берілдім. Ойыма бар ғұмырын Сұлтанмахмұттың тағдыры үшін жанпида күреске арнаған профессор Бейсембай Кенжебайұлы оралды. 1980–87 жылдар аралығында өз өтінішімен қолында тұрып, бір шаңырақтың астында әкелі-балалы тіршілік кештік. Журналистік, әдеби шығармашылық жолын бастап үлгерген шығым. Алдымда қазақ әдебиетінің жәй көп жасаған қариясы ғана емес, екі дәуірді көзімен көрген, қилы тағдырды басынан кешкен, азды-көпті Алашорда арда азаматтарының сарқытын ішкен, қазақ әдебиетінің дария шежірешісі отырғанын пайымдадым. Пайымдадым да, әкедей әзіз Бейсекең – қазақ әдебиетінің прототүрктік алтын тамырын аршып алып әдебиетіміздің асыл тарихына айналдырған профессор Б. Кенжебайұлының аузынан шыққан үп еткен үн, жақсы лепесті ақ қағазға ерінбей қондыра беруді, қондыра беруді дағдыма айналдырғам. Көп дәптер. Кеңісіз күндер мен ұйқысыз түндердің есесі еді ол дәптерлер. Енді міне, тағы да сол шежіре-дәптерлерге қайыра үңілемін.

...Әкей таңғы тыныстан тырп-тырп басып ішке кірді. Сал ауруы салдарына сәл-сәл айыға бастап, әуелгі дағдысына кіріскен. Аяғын сүйрете басып сейілдеп қайтады. Тура бір сағат. Қолында «Слава» алтын сағаты. Алтын сағатқа қарап санап басып жүреді, сағатты толтырып осылай үйге беттейді. Біз де сағат тола бере әкей әбігерге түспесін деп есікті ашып қоямыз. Әкей өлендете енді есіктен:

— Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, Қуи болам!
Қараңғылықтың кегіне,
Қуи болмағанда, кім болам?

Асау жүректі ақынның Бағдарлама дерлік өлені. Өмірден қыршын өткен жыр сұлтанына жарасқанымен, қол-аяғы дірілдеп екі басып, бір тоқтап дамылдап жүретін қарияға түк те жарасып тұрған жоқ. Бірақ, бірақ Сұлтанмахмұттың отты жырымен тыныстап, асау жүректі ақын рухынан қуат алып, аман келе жатқан профессорға жарасарлық мінез. Бәлкім үш рет инсульт сырқатынан аяулы ұстазды аман алып шығып жүрген қуат қайнары да – осы әр жолы ұшқын атып, отты шумағынан от шашырап жататын өлең-жырлар шығар-ау, асылы.

Сырт киімін шешіп жүрмін. Ал ол болса өз ойымен өзі әуре. «Жүсіпбек айтылған жерде, Мұхтар да жүрі керек...» — дейді тұтыға сөйлеп. Кешегі әнгімені бүгін жалғасак деген жақсы ой, жарасымды тілек.

— Қаншама оқып жүріп, Мұхтар Әуезовтің Сұлтанмахмұт жайында шешіліп бір сөйлегенін, тебініп, тебіреніп бір макала зерттеу жазғанын көрген де, білген де емен?

— Е, е, оның себебі бар дә...

— Немене, Мұхтар Әуезовті де «Сұлтанмахмұттанушы» жасамақсыз ба?

— Е, жасаса несі бар?! Сұлтанмахмұтты Мұхтардай білген адам аз. Ол – көзімен көрген, сырлас болмаса да әңгімелескен бала. Сұлтанмахмұт ауруы мендеген бір жылы Абай ауылына барып, қысырақ байлатып, қымызбен емделген ғой...

— Башқұртстанға келіп, қымызбен емделген Лев Толстой секілді ме?

— Абай ауылында Толстойдың да ізі бар ғой, қарағым-ау.

Қария жұмбақ жымыды. Тағы бір әнгіменің тақырыбы суыртпақталып келеді деп қуанамын ішімнен. Бірақ әнгіме шашылып шығып, «шалды» шаршатып алмайын деп, бұйданы ұлы жазушымыз, шынайы досы – Мұхтар Әуезовке қарай бұра бердім. «Қане, төрге, төрге, ұлы Мұхтар Әуезовтің ұлы досы...» Кең залға маған сүйене аттап, тәлтіркей енген қария диванға жайғасты. Ақырын әнгіме сабақталды.

— Мұхтармен ежелден таныс, біліспін. Өзіме ұнаған пьесасы, пьеса бойынша қойылған спектакльдерге мақала, рецензия жазған кездерім бар. Мұқан құп қабылдар еді. Мәскеуге қатынаған сәттері біздің үйге түсіп жүрді. Бірде өзі, бірде Валентина Николаевнамен... дегендей Москваға жиі қатынап жүрді ғой. 1941 жылы «Абай» романы жарыққа шықпай қала жаздағанда, «Казогиз» (баспа. Қ.Е.) мүмкіндігінен асыра қолдалық. Академияның Тіл және әдебиет институтында мен – директор, Мұхтар ғылыми қызметкер болып қыркыншы жылдары үзінгілес қызмет істедік. Он бес-он алты жыл КазГУ-де (әл-Фараби атындағы Ұлттық университет. Қ.Е.) мен кафедра меңгерушісі, ол кафедра мүшесі болып біте қайнасып қызмет атқардық. 1953 жылы КПСС Орталық Комитетінің ұлт республикаларындағы ұлтшылыққа байланысты Қаулысында екеуіміз бірге қараланып, КазГУ-ден бір бұйрықпен



Асау жүректі АҚЫННЫҢ БІР БИОГРАФЫ – МҰХТАР ӘУЕЗОВ



Б. Кенжебайұлы мен М. Әуезов студенттермен. 1956 ж.

қызметтен қуылдық. Мұқан Мәскеуден баспалап кетті, мен үй қамағында отырдым... Қарап отырсам, қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовпен бірсыпыра жыл сыйласып, сырласып біте қайнасып жүріпін. Қайда да алдымызға ұстар едік. Білемін деп айта алады екенмін.

— Валентина Николаевна сүтсізденіп, бір баласын біздің Менжамал анамыз емізіпті де ғой.

— Иә, солай болған. Ол баласы сәби шағында шетінеп кетті.

— Мұхтар Әуезов тағдырына қатысты әнгімені көп білетініңізге шәгім жоқ, Бейсеке. Бірақ бүгінгі әнгімені Сұлтанмахмұтқа байланысты өрбітсеңіз.

— «Абай» атынан Алашорда журнал шығарған, қарағым. Сол журналда «Екеу» деген бүркеншік атпен 1918 жылы «Екеудің» «Абайдан кейінгі ақындар» аталатын жақсы мақаласы жарық көрген. Хронологиялық тұрғыдан Мұхтар Әуезовтің Сұлтанмахмұт ісіне кірісуі сол жылдардан басталады деуге болады.

— Қай келгенінде де Қайым досыңыз айта беретін «Абай» журналы ғой?

— Иә, сол журнал. Алашорда журналы.

— «Екеудің» бірі Мұхтар Әуезов пе, сонда?

— Қыркыншы жылдары мен «Сұлтанмахмұттың ақындығы» тақырыбында кандидаттық диссертация жазып жүрдім. Мұқан менің ғылыми жетекшім іспетті болды. Маған ақыл-кенесін береді.

Тақырыпты бекітуде ВАК-қа хат жазып, даулы тақырыптың басын ашып бергені бар. Содан кейін кірісіп жүргенім ғой, диссертация қорғайын деп.

Тақырыбыма байланысты бағыт-бағдар алып, бірсыпыра әңгімелескенмін. Қуаттай қолдап жүрді, Мұқан. Тақырыбыма байланысты «Абай» (1918 ж.) журналының бірнеше номерін алып қарап шықтым. Конспекттедім. Түрлі жанрда әртүрлі материалдар басылған ғой енді.

Бір күні үйіне барып, Мұқанмен осы мақалалар жайында кеңестім. Диссертацияда пайдалана аламын ба, пайдалана алмаймын ба? Қиын ғой. Сөз арасында:

— Мұқа, «Екеу» кімнің лақабы? — дедім орайы келді-ау деген бір сәтте.

Алашорда қырылып қалған, қиын уақыт еді ғой ол кез. Аман қалғанының өзі түнде ұйқыға жатарда «Ертең бармын ба әлде түнде мені де ұстап әкетеді ме?» — деп бір құлағын жастыққа басып, бір құлағымен тың-тындайтын, бір көзін ұйқыға беріп, екінші көзімен кірпік қақпай қырағы жатып, қырағы тұратын, сақтықпен жүретін қиын кез ғой, қарағым. Менің әлгі сұрағым Мұқан ыршып түскендей болды. Екі көзінің бірі өзіне жау. «Осы қай оймен сұрап отыр дегендей», — күдікті пішінмен қарады маған. Сосын Тайыршалап (Жароков. Аса сак кісі болған. Қ.Е.), өзіме қарсы сұрақ қойды:

— Сеніңше қалай? «Екеудің» мақаласы дұрыс па? Мұқанның бет-жүзі толы күдік... Шыдамын ширата бермей, іле жауап қаттым:

— Өте мәнді мақалалар. Сол кездің өзінде осыншалықты тегеурінді ойға толы күшті мақала жазу... Әй, екінші бірінің қолынан келмес...

— Ендеше «Екеудің» бірі мен, Бешім! Мұқан нығырлай жауап берді бұл жолы. Сенгені болар.

— Ал сынарыңыз кім? Сұлтанмахмұт болса игі еді? Мен ентеледім.

Мұқан сәл кіділденді.

— Жок. Сұлтанмахмұт емес. Сұлтанмахмұтпен бірге мақала жазуға тура келмеді. О, ол өзін менен ересек санайтын, биіктен қарайтын еді ғой бізге...

— Енді кім, Мұқа? «Екеудің» егізі кім?

— Бешім-ау, оның не қажеті бар?

Мұқан мұңданды. Бет-жүзін тағы да күдік торлады. Қабағы жиырылды.

— О, не дегеніңіз, Мұқа?! «Екеудің» мақалаларында диссертацияға қажетті құнды пікірлер бар. Білуім қажет. Өте қажет. Мен де тақымдап болмадым. Мұқан иілді:

— «Екеудің» екіншісі – Жүсіпбек Аймауытов болатын. Ол екеуіміз гимназияда оқып жүрген кезімізден өте шынайы

Мұқанның мұңын қоздатып әнгіме айтқан Бейсекеңнің өзі де бірауқ мұңға батты. Өрісі Жүсіпбек, берісі Мұхтар Әуезовтің көрген құқайын боздата айтып, боздап отыр, жарықтық.

Соғыс жүріп жатқан қыркыншы жылдар.

— Қырық жыл қырғын болса да рухани игілікті ұмытуға болмайды ғой, — деп бастады келесі әнгіме желісін қарт ғалым. — Соғыс жылдарында (1941–45 ж.) алғы шепте қазақ жауынгерлері жан алып, жан беріп, соғысып жатса, тылда ұлттық рухани дүниемізді байытып, ғылымды ілгері дамытумен болдық. «Мосфильм», «Ленфильм» ығысып келді Алматыға. Москвадан К.Паустовский, М.Зощенко, С.Михалков, москвалық досым әдебиетші Виктор Шкловский Алматыға қоныс аударды. Атақты балерина Г.Уланова біздің Абай театрында ойнады. Ол бір таратып айтатын әнгіме. Әзірге бір жайлы әнгімелеп берейін саған, бір керегі болар.

— Мархаббат, Аға! Тағы бір әнгіменің өзегі шығып келе жатқанына балаша қуансам керек, санымды шапаттағандай қуанып, тіпті шаттанып қоя бердім.

— Соғыс жылдарының (1941–1945 ж. Қ.Е.) аяғында мені Мұхтардың «Абай» романын жарыққа рұқсатсыз шығарын деп Орталық комитет қыр соңыма түсті. Орталық Комитет хатшысы Мұхаметжан Әбдіхалықов қылдындап, басымнан кикү кетірмеді. Көргенсіздік танытты. Арғы жағында Қазақстанның бірінші хатшысы Н.Скворцов тұр. Айтағы өзіміздің қазақ жазушылары. Оның басында Сәбиттің тұратыны тағы бар... Қиын хал кештім. Тіпті, Москвадан «бронмен» келгенімді де естен шығарып, «Отан қорғау» деген желеумен қан сасыған соғысқа да айдап жібере жаздады. Мен университетке қызмет ауыстырып қоныс аударуға да мәжбүр болдым. Өзім тағы Академияның Тіл және Әдебиет секторын басқарамын.

Институтта 1943 жылы октябрде (қазан айы) Сұлтанмахмұт Торайғырұлының туғанына елу жыл толуына орай жиылыс жасап, атап өттік. Арнайы жиылыс.

Ғылыми Жиылысты Мұқан, Мұхтар Әуезовке сөз беріп бастадым.

Қысқаша кіріспе сөз сөйледі. Жиылыста мен ақынның өмірі мен творчествосы (шығармашылығы. Қ.Е.) туралы Баяндама жасадым.

Сұлтанмахмұттай өр ақынды түрлі себеппен ұната бермейтін Мұқан сөзінде өр ақынды алғашқы рет дәл, жоғары бағалады. «Сұлтанмахмұт Александр Блок тәрізді ірі жанды, ұшқыр талантты, құрделі ақын еді», — деді. Баяндамасының байламы! Қандай әдемі салыстыру?! Қандай дәл бағалау! Жанымымен қуандым.

Ғылыми кеңестен Мұхтар, Фабит, Ахмет, Есмағамбет, мен – бәріміз бірге шықтық. Аяндап келе жатырмыз.

«Шіркін, «Аласқан өмір» деген повесть жазар ма еді?!» — деді Фабит Мүсірепов. Біз жамырадық:

— Жазыңыз, жазыңыз! — деп қостадық оны.

— Сұлтанмахмұтты Мұқан Блокқа тенеген сон Сіз ұлы, ұлы дей бергеннен гөрі оның ерекше қасиеттерін баса айтуыңыз керек еді, — деді Ахмет Жұбанов маған қарап.

— Бейсембай, сен тоқсан ауыз сөз айттың, Мұқан соның тобықтай түйінін айтты, — деп қалжындады Есмағамбет Ысмайылов.

...Мұқан Сұлтанмахмұтты көрген, білген кісі. Ауызша әлденеше рет естелік айтқаны бар. «Ау, жазаныңшы» деймін әлденеше рет тындап отырып. Бірақ Мұқан жазбады естелігін. Мен өтініп, сұранып қоймаған бір сәтте: «Е, Сұлтанмахмұт бізді менсінбейтін өр еді ғой...» дегені бар. Ал бұл жолы Мұқан Сұлтанмахмұттай асау жүректі ақынды Александр Блокпен анық салыстырып, айқын бағалады. Орыс ақынымен тусытсаң, қазақ бәлекоры байыз табады... Өзі Ленинград университетінде оқыған, Александр Блок творчествосымен жете таныс, Мұқан сөйтіп Сұлтанмахмұттың ақындық тағдырын жоғары бағалағанына қатты қуандым. Өйткені «Алаш ұранын» жазған Сұлтанмахмұт тағдыры бірде Алашордашыл, бірде «социалист утопист» деп әрқилы бағаланып жүрген кез. Мұхтар Әуезовтің бағалау пікіріне әуреміз. Ал Әуезов болса, өзінің Сұлтанмахмұт жайында пікірін ашық айтуға қауіптенеді...

...Қарт ғалым тағы бір әнгіменің ізін шығарып, М.Әуезовтей ұлы жазушы, дана ойшылдың Сұлтанмахмұтты әрі тарт, бері тарт жасап, әдеби мұрасын дауға айналдырып жүрген қиын кезде Александр Блокпен салыстырып, дәл бағалағанына ерекше мән беріп, әңгімелеген еді сол жолы. Асау жүректі ақын әдеби мұрасын жан салып қорғап, жанталасып айттысып-тарттысып жүрген бас Сұлтанмахмұтанушы Бейсембай Кенжебайұлы үшін ұлы жазушы, ақыл-ойшылдың сүбелі бір пікірін өзін қиын сәтте желеп-жебеген періштедей көретін еді, жарықтық!

Құлбек ЕРҒӨБЕК,
әдебиет зерттеушісі, профессор

«Екеудің» екіншісі — Жүсіпбек Аймауытов болатын.

Ол екеуіміз гимназияда оқып жүрген кезімізден өте

шынайы дос болатын едік. Екеуіміз осы «бүркеншік»

лақаптан кейін де бірер мақала жаздық...

Маңдайымызға сыймай кеткен кере қарыс ырыс еді ғой,
Жүсіпбек...

Журналдағы «Екеу» бүркеншік атымен жазылған «Абайдың өнері нәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» аталатын мақалалар көз тартты, көңіл аударды. Аса үздік жазылған өрісі кең, өресі биік дүниелер еді.

Бұл бір «шерлі шежіре» дерлік әнгіме еді. Бейсекең айтқан осы әнгімемен-ақ, асау жүректі ақын әдеби мұрасымен арнайы айналысқан Жүсіпбек Аймауытұлымен бірге, Мұхтар Әуезовті де Сұлтанмахмұт мұрасының жанашыры деп тануға болатын еді.



Ұшқын САЙДЫРАХМАН,
ғалым:

АЛАШТАНУ - ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ТІНІ

раткерлерінің саны көп санағанда отыздай ғана. Бұл өте аз. Ал Алаш қозғалысы айналасы 20 адамнан әрекеті емес қой. Ол үкімет жасақтап, әскер құрған, автономия тіктеген, іргелі рухани мұра қалдырып, ұлттық ғылым тағанын қалыптастырған ауқымды қозғалыс. Ұлтты биік сапаға көтерген құбылыс. Қазірге дейін есім-сойы анықталған Алаш жолындағы қайраткерлердің саны 3000-нан асып отыр. Сондықтан институт бұған дейін еңбегі жарық көрген тұлғаларды емес, аты беймәлім, мұрасы көмескі қайраткерлерін нысанаға алды. Және осы уақыт еншісінде Сейітбаттал Мұстафаұлы, Абдолла Байтасұлы, Біләл Сүлейұлы, Біләл Малдыбайұлы, Мұстақым Малдыбай, Сейдәзім Қадырбай қатарлы тұлғалардың еңбектерін оқырмандарға ұсынды.

Ал экспедиция аясында анықталған 50 кітаптың ішінде біз ізіне түскен тұлғалар өте көп. Мысалы, Сейітбаттал Мұстафаұлының «Зуфнун» романын осыған дейін қанша іздесек те таба алмай келіп едік, бұл туынды осы жолғы экспедицияда олжамызға бұйырды. Сол секілді осы реткі табылған жоқтың арасында алда жинағы жарық көретін Мәннан Тұрғанбайдың «Бөтен сөз әдісімен танысу» еңбегі, Иса Токтыбайдың туындысы, Әлғамағбет Қасым, Жұмахан Күдерінің оқу құралдары және басқа да тұлғалардың кітаптары бар.

— «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының өзі толық табылған жоқ.

Жуырда бір топ ғалым Ресейге «Алаш жолымен» деп аталатын экспедицияға аттанған еді. Олар Мәскеу, Воронеж қалаларына барып, архивте жұмыс істеп қайтты. Бұл сапарда ғалымдарымыз Алаш тарихына қатысты құнды деректер таба алды ма? Мұрағатымыз жаңа деректермен толықты ма? Біз бұл сауалды жас ғалым, алаштанушы Ұшқын Сайдырахманға қойған едік.

— Ұшқын, «Алаш жолымен: Ресей бағыты» экспедициясының о бастағы бағыты қандай еді? Жалпы экспедицияға шығу идеясы қалай басталды?

— Бұл экспедицияның алдында да институттың екі қызметкері көктем айларында арнайы Мәскеу, Воронеж қалаларына барып, архив қорында жұмыс істедік. Бірақ онда



уақыт тар, қол күші аз болғандықтан аса зәру құжатты ғана қарап, кейбір диттегімізге қолымыз жетпей ұшайман күйде қайтып едік. Топтық түрде, үлкен құрамда экспедицияға шығу идеясы сонда туды.

Ресейге бағытталған бұл экспедиция бір айға ұласты. Негізі бір ай дегеніміз де архив жұмысы үшін көп уақыт емес. Өйткені нақты мысалмен айтсам, Ресей мемлекеттік архивінен мен бір жеке тұлғаның ісін қарауға тапсырыс бердім. Бірақ құжат 14 жұмыс күнінде қолыңызға тиеті деп жауап берді. Қазақ «кісідегің кілті — аспанда» дейді. Бұндайда күткеннен басқа түк те қайран қыла алмайсың. «Алаш жолымен: Ресей бағыты» экспедициясында біз үш топқа бөлініп, әр топ нақты міндетіне сай танның аттысы, кештің батысымен жүйелі жұмыс атқардық.

— Экспедиция аясында 50-ге жуық кітаптың түпнұсқасын қарап, электрондық нұсқасын әзірлеген екен. Олардың арасында бұрын елге танылғандары бар ма? Әлде, бәрі белгісіз болып келген кітаптар ма?

— Ә.Бөкейхан атындағы Алаш ғылыми-зерттеу институтының алдына қойған мақсаты — белгісіз Алаш қайраткерлерінің еңбегін жинақтау, сол мұраларды ғылыми айналымға енгізу. Институт нәліктен бұл мақсатты көздеді десеніз, тәуелсіздіктен бергі отыз жыл ішінде шығармалары жинақталған Алаш қай-

раткерлерінің саны көп санағанда отыздай ғана. Бұл өте аз. Ал Алаш қозғалысы айналасы 20 адамнан әрекеті емес қой. Ол үкімет жасақтап, әскер құрған, автономия тіктеген, іргелі рухани мұра қалдырып, ұлттық ғылым тағанын қалыптастырған ауқымды қозғалыс. Ұлтты биік сапаға көтерген құбылыс. Қазірге дейін есім-сойы анықталған Алаш жолындағы қайраткерлердің саны 3000-нан асып отыр. Сондықтан институт бұған дейін еңбегі жарық көрген тұлғаларды емес, аты беймәлім, мұрасы көмескі қайраткерлерін нысанаға алды. Және осы уақыт еншісінде Сейітбаттал Мұстафаұлы, Абдолла Байтасұлы, Біләл Сүлейұлы, Біләл Малдыбайұлы, Мұстақым Малдыбай, Сейдәзім Қадырбай қатарлы тұлғалардың еңбектерін оқырмандарға ұсынды.

Ал экспедиция аясында анықталған 50 кітаптың ішінде біз ізіне түскен тұлғалар өте көп. Мысалы, Сейітбаттал Мұстафаұлының «Зуфнун» романын осыған дейін қанша іздесек те таба алмай келіп едік, бұл туынды осы жолғы экспедицияда олжамызға бұйырды. Сол секілді осы реткі табылған жоқтың арасында алда жинағы жарық көретін Мәннан Тұрғанбайдың «Бөтен сөз әдісімен танысу» еңбегі, Иса Токтыбайдың туындысы, Әлғамағбет Қасым, Жұмахан Күдерінің оқу құралдары және басқа да тұлғалардың кітаптары бар.

Турасын айтсақ, тәуелсіздік алып, дербес ұлт саясатын жүргізгеніне 30 жылдан асқан мемлекетте жинақтау жұмысы әлдеқашан аяқталуға тиіс шаруа. Қазіргі біздің атқаратынымыз — сол дүниелерді қорыту, пайымдау, ұлт мүддесі тұрғысынан тұжырымдау болуы керек еді. Алайда әлі бірінші саты, түгендеу басқышында жүрміз. Мысалы, математикадан оқу құралын жазған Міржақып Дулатұлы, Мәннан Тұрғанбайұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Әлімхан Ермеков, Қаныш Сәтпей, Кәрім Жәленұлы, Әлғамағбет Қасымұлы қатарлы қайраткерлер бар. Қазір осыны математиктерден сұрасаңыз, «Есеп құралын» жазған Міржақып пен «Ұлы математика курсының» авторы Әлімханды атап беруі мүмкін, қалғанын білмейді. Өйткені Мәннанның да, Кәрім Жәлен мен Әлғамағбет Қасымның да еңбектері жинақталмаған. Егер осы



тұлғалардың мұрасы 30 жылдан бері жинақталып қойғанда, қазіргі буынның міндеті жазған еңбектерін бірібірімен салыстырып талдап, қолданған атау-терминдерін, енгізген жаңалықтарын бағамдап пайымдау болатын еді. Өкінішке қарай оған жете алмай келеміз. Алаштануда көш кейін қалып жатқанымыз дейтін себеп — осы.

Негізі, бұл мәселенің объективті бір себебі бар. Алаш

ою жүріп іздеу керек» деген ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның сөзін ұстанып, зар илеп отыра бергеннен оналмаймыз деп сергек көңілмен өзімізге серт бердік. Алаштың ақтандағын анықтайтын жеке институт құрдық. Жокшы жолына түстік. Институттың үлкен стратегиялық жоспарында ұлт баспасөзіне арналған 100 томдық еңбек шығару, «Алаштың 100 оқулығын» оқырманға ұсыну, кем легенде 100 қайраткердің шығарма-

Казірге дейін есім-сойы анықталған Алаш жолындағы қайраткерлердің саны 3000-нан асып отыр. Сондықтан институт бұған дейін еңбегі жарық көрген тұлғаларды емес, аты беймәлім, мұрасы көмескі қайраткерлерін нысанаға алды. Және осы уақыт еншісінде Сейітбаттал Мұстафаұлы, Абдолла Байтасұлы, Біләл Сүлейұлы, Біләл Малдыбайұлы, Мұстақым Малдыбай, Сейдәзім Қадырбай қатарлы тұлғалардың еңбектерін оқырмандарға ұсынды.

шылық мұрасын ғылыми айналымға енгізу міндеті тұр. Бұл мұралар жинақталып, қатарға қосылмайынша біз Алаштанудың келесі биігіне көтеріле алмаймыз. Сөздің дәл мәртебесін астын сызып, маңыз беріп атап өткім келетіні — Алаштану гуманитарлық ғылымның бір бұтағы ғана емес, ұлттық идеологияның тіні, мемлекеттік стратегияның түпқазығы. Елшілікті, отан үшін жанпидалықты көрсете алатын — осы Алаш жолы. Бұл құндылықты өзге ешкімнен сатып та, көшіріп та ала алмаймыз.

— Қазан, Уфа, Петербург архивтеріне, құпия құжаттарға еркін қол жеткізуге мүмкіндік бар ма? Әлде, әлі де кедергілер кездесе ме?

— Жасырмай айтсам, құжаттарға қол жеткізу уақыт озған сайын қиындай береді. Ең мамыражай уақыт тәуелсіздік алғаннан кейінгі онжылдық еді. Ол кезде көршілес елдердегі архивтен дерек іздеу оңай болатын. Қазір кедергі көп. Кейбір қорлар жабылып қалған. Әлдеқандай құпияны қызғану, тіксіну бар. Саяси жағдайға байланысты Ресейде де құжат

визуалды құжаттарды жоюға рұқсат етіледі» деген бап енгізілгенін» жазып жатыр. Егер мұндай бап енгізілсе, біз ХХ ғасыр басындағы көп мұрағаттарымыздан айрылып қалмаймыз ба?

— Ендұрысы, құзырлы мекеменің мұндай бапты ұсынуында нендей негіз бар деген мәселені анықтап алып барып, пікір білдірген дұрыс еді. Алайда олардың уәжі бізге белгісіз. Бірақ қалай айтқанда да, «құжаттарды жоюды» ақтап алуға болмайды. Өз тұспалым, жою дегендегі түп мақсат әртүрлі көрсетінді, арызшағым қазіргі қоғам наразылығын тудырады, қалыптасқан құндылыққа әсер етеді деген сынаржақ тұжырымнан туып отыр ма деймін. Менің пайымым — онда не сақталса да ол біздің тарих. Сол «жойылатын құжаттар» өткеннен өнеге алып, болашақты болжау үшін керек. Ұлттың иммунитетін арттырып, сергек, сак

қимылдау үшін, тарихтағы қатені қайталамау үшін керек! Бұлдіру, қирату, жою өркениетті елдің өрнегі емес.

— Бұл экспедицияның ең үлкен жаңалығы қандай болды? Бұдан кейінгі әрекеттер қалай өрбиді?

— 15 адам 3 топқа бөлініп, тиісті жұмыс кестемізге сай әрекет еттік. Бір топ Мәскеуге іргелес жатқан Химкидегі қорда ескі газет-журнал тігінділерін ақтарды. Оған дейін отандық қолжазбалар мен сирек қорда не бар, не жоқ, қай басылымның қай нөмірі кем деген мәліметті жинақтағандықтан, Қазақстан қорында жоқ дүниені іздедік. «Бостандықты», «Ауыл», «Сарыарқа», «Ауыл тілі», «Келешік» қатарлы басылымдарының бұрын табылмаған нөмірлері анықталып, тұтастай сканерленді. Алда тапқанымызды өз кәлемізге жаратудан тыс, отандық қорға да өткіземіз. Сонда отандық зерттеуші оны Мәскеуге бармай-ақ, елімізде отырып ақтара алады.

Тағы бір топ әртүрлі қордағы каталогты түгел қарап, қазақ қаламгерлерінің кітаптарын жинақтады. Жалпы, 510 кітаптың шифры мен қосымша ақпараты алынып, 50-ге жуық кітаптың электрондық нұсқасы әзірленді. Бұл институттың Алаш кітапханасы сериясымен жарық көретін еңбектерінде кәдеге жарайды. Сонымен бірге «Алаштың 100 оқулығы» жобасы аясында жарыққа шығады.

Келесі үшінші топ Қазан, Уфа, Петербург, Мәскеу қалаларындағы ГАРФ, РГАСПИ, СПБГИА, МГЦА, ГАМО, РГАНИ, РГАЛИ, РАТ, НАБ архив қорларымен нәтижелі жұмыс істеді. Жеке тұлғалардың ісі, суреттері алынды. Бұл ғылыми экспедиция нәтижесінде Алаш арыстарының оқыған, қызмет еткен, жерленген т.б. жерлері анықталып, оларға ескерткіш тақта, белгітас орнату мәселесі пысықталды. Ғылыми кеңеске салып, оны институттың келер жылғы жұмыс жоспарына енгіздік.

Қорытындылай айтсам, ғылымда буын жалғастығы, сабақтастық аса маңызды. Оның үстіне зерттеу маңышымен, тәжірибемен, ыждағатпен қолға келетін шаруа. Бұл тұрғыда экспедиция арқылы институтымыздың жас зерттеушілері үлкен тәжірибе жинап, ғылыми шыңдалу мектебінен өтті. Алаштанудың айдыны ұлғайды деп есептеймін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзия БЕКТАС



тарихын түгендеп, мұрасын жинақтайтын, жүйелейтін қаржылық тұрғыдан мұнсыздандырылған, өз алдына отау бір институт болуы керек еді. Осы мекеме 30 жыл ішінде сіз атап отырған басылым тігінділерін, жеке тұлғалар мұраларын жинақтап, жүйелеп ғылыми айналымға енгізуге тиіс-тін. Тіпті, керек болса, бұл институт билікке Алаш ұстынына құрылған өміршең идеологияны да әзірлеп бере алар еді. Алайда үкімет тарапынан ондай қадам болмады. Бұл олқылықты көргеннен кейін, «Ұлттың жоғын ұйықтап жүріп емес,

алу, дерек іздеу оңай болып тұрған жоқ. Қауіпсіздік қызметінен рұқсат алу, елшіліктен қатынас хат әкелу сықылды әралуан оралғы, қолбайлаулар бар. Сондықтан зерттеуші ғалымдар бұрынғыдан да ширақ қимылдап, уақыт озған сайын жоғалатын дүниені игеріп, керекке жаратуымыз қажет.

— Нұржан Сәдірбекұлы facebook әлеуметтік желісінде «2023 жылы 25 тамызда шыққан Архив қорының құжаттарын сақтау, қабылдау, есепке алу т.б. туралы қағидаға «1922-1945 жылдар аралығында жасалған аудио-

Ұлт мәдениеті мен руханияты тарихында қазақтың дарабоз архивариусы (мұрағат қызметкері), деректанушы, тұлғатанушы, жазушы, драмашы, киносценарийші Амантай Сатаевтың (1933-2003) қаламынан «Ақын ізі», «Тұңғықтағы тұнықтар» (2004), «Замана әпсаналары» (2006), «Алаштың асылдары» (2008), «Төл тарихымыздың тұнығынан» (2009), «В лебедей не стреляют» (2011), «Бәрі де көңілімде, көз алдымда» (2012), «Тарих қойнауын ақтарған» (2018) атты танымдық-тарихи әдеби-мәдени құндылықтары өлшеусіз салиқалы еңбектер туындаған.



АТТИЛА ДӘУІРІ

мағынада. Батыс Ғұн империясының астанасы Этцельбург болғаны белгілі. Аттиланың жағайып семсері де аңыздай сипатталған. Бұл — Нибелунг дастандарында, Скандинавия сагаларында көрініс тапқан. А.Сатаевтың жазуында, Аттиланың ел басқару салт-дәстүрі сонау Тұран өркениетінен, Геродот тарихында есімі жазылған Ғұмыр, Сақ тайпаларының патшасы, Анахаристің туысы Иданфирс, Афрасиаб бабаларынан бастау алады екен. Аттила — намысты, арлы, әділетті қолбасшы. Ол — «христиан дінінің қаз тұрып, бұғанасы катуына көп септігін тигізген қайраткер. Ұлы жиһангер христиан дінінің үлкен ұясы бола бастаған екі шаһар Константинополь мен Римді жаулап алудан бас тартқан. Оның бұл мейібан ісіне сол заманның ұрым- жоран қайраткерлері танырқай қараған» (31-бет).

Сурет өнерінің асқан шеберлері Рафаэль мен Делакруа өздерінің капеллаларға салған суреттерінде Аттиланы мандайының жұлдызы бар сымбатты ақбай аттың үстінде бейнелеген.

Сыншылдық көзқарасты шығармашылық еңбегінде бекем ұстанған А.Сатаев ұлы жиһангер туралы жазылған көл-көсір шығармаларды ақыл-ой елегінен өткізіп саралайды. Мысалы, элем драматургиясының алыбы Шекспирдің «Отеллосы» Аттиланың жаңғырығы іспетті дейді. Орыс қаламгерлері Зинаида Шаховская мен Евгений Заматин Еуропа архивтері мен кітапханаларындағы ұшан-теңіз құжаттарды іріктеп-сұрыптап, айтулы қолбасшының айбынды тұлғасы жөнінде дұрыс тұжырымдар жасағанын айрықша айтады. Ғұн патшасы Аттиланың өмірбаяны мен жорықтары әлемдік әдебиетте, нақтылы келгенде, драматургия жанрында қыруар туындылар дүниеге келгенін тарихшы Самат Өтенияздың «Аттила» еңбегінде тәптіштей талданғанын атап өтеді.

А.Сатаев топонимдік атауларға, этнонимдерге ой жарығын түсіріп, өзіндік пайымдаулар жасайды. Мысалы, ару ұлысының көсемі, ғұн тайпаларының жетекшісі Кодан біздің заманымыздың IV ғасырында Батыс Еуропа мен Тұран елін байланыстырыпты. Қатун өзені де Кодан есімімен төркіндігін дәлелдейді. Бұл орайда этнонимнен топонимге ауысқан.

Қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінде Кодан есімі мол ұшырасатынын және де Мәшһүр Жүсіптің «Біздердің түп атамыз — ақын Кодан» деген пікірін келтіреді. «Англосакс, исланд аңыз-ертегілерінде Кодан есімі Кэдман болып өзгеріп, діни сипатта бейнеленеді», — деп жазды. Бұл Еуропа дүниесінде Данцинг, одан Гланск болып өзгергені бұрынды-сонды тарихшылар пікір туындатқанын айтып өтеді. Мажарстанның ежелгі атауы Паннония — Хунгария екенін көруге болады. Катауан «құтты алаң», «ғұн» этнонимі «бір орнында тұрмайтын тынымсыз салт атты», «Баламір» «мірдің оғы», «мансап», «шен», «билік» дейтін мағынаны айқындайды деп түйіндейді. Әрине, ойды ой тудырады. Белгілі бір құбылыстардың мәнін, тек-төркінін тануға себепкер ой-болжамдар деуге де болады. Заман көші қанша алға озса да адамзат зердесіндегі ойлар, пікірлер, идеялар, жырлар өшпейді екен-ау! «Менің әкемің ағасы Абакан Сатаев — деп жазады Амантай Сатаев — 1936 жылы Степняк қаласында Мағжан Жұмабаевпен дастарқандас болғаны үшін абақтыға қамалып, екі жыл түрмеде отырып шыққан». Содан не керек, Абакан жиһангер материалдардың ішінен «Ару-ғұндардың әйелдері шырқаған әндердің жорамал мәтіні» табылған.

Архивтанушы Амантай Сатаевтың көрсетуінше, замана зиялысы Абакан Сатаев Степняк қаласында орта мектептің директоры болған. Және де Тұран өркениеті, Ғұн заманы, Күншығыс елі, Алаш идеясының жалынды жаршысы Мағжан Жұмабаевпен 1936 жылы Степняк мәжілістес болғандықтан, екі жыл қамауда отырған. Ол Семей мен Қызылжарда ауылшаруашылық артелдерін ұйымдастырған. Сатай бабаның өзі өрі-қыры бірдей дәулетті және ақмоалық көпес Купринге ұскер болған.

Ғұн заманының ескілікті жырларының асыл жұрнағы XX ғасырға да келіп жеткен. XX ғасырда Алаш қайраткерлері Смағұл Садүкасыұлы, Жүсіпбек Аймауытыұлы, Мұхтар Әуезов, Әбікей, Ғазиз және Қаныш Сәтбаевтар, Әлкей Марғұлан сияқты

сандақтардың мұрағатшы, тілеушісі Абакан Сатаевтың (Амантай Сатаевтың әкесінің ағасы) жиған-терген қолжазбаларының арасынан «Ару-ғұндардың әйелдері шырқаған әндердің жорамал мәтіні» дейтін парактарда мынадай сырды да, жұмбағы да терен:

«Қарағым-ау! Қарағым-ау!
Жолыңа шығып, алдың тосып,
Маңайымнан айнала өтіп,
Ақ шекемнен күн көлегейлеп,
Айналама қарадым-ау!
Қалқам-ай! Қалқам-ай! Ай қалқам!
Ақылыңа сымбат-көркің сай қалқам!
Алтын-күміс, білезік-жүзік,
Үзбе сырғам, сызба үздік...
Меруерт тізіп кеудеме,
Асыл тасқа малынған
Алқам-ай! Алқам-ай!

Алқамды айтсам түседі ойыма
Кай-қайдағы алыстағы қалқам-ай!»

Мұндағы сөз-образдар, сөз-символдар, сөз-ұғымдар ғұн өнерін толық сипаттайды деуге болады. Абакан Сатаевтың «Ұлгі жыры» деп белгі соққан.

Ару-ғұн заманының бейнелі оралымдарын да тапқырлықпен танып, оқырманға тосынсыз ұсынады. Ғұн шеберлері, ұсталары гармонияға бай, геометриялық тұрғыдан көркем заттар, бұйымдар туындатса, соған лайық зерделі қауым мынадай тенеулер мен көркем келісті сөз тіркестерін тоқыған: «ұршықтай үйірілген», «құйып қойған құрыштай», «үзентігі үзбе алтын»,

ел мен жерді иеленсең де, көп жауды жеңсең де, достарыңнан айырылсаң да, ынсапсыз, тойымсыз екенсің. Кері қайт!» — дейді.

Немесе хорасандық Әбухамид Ғазалының «Патшалар үшін алтыннан қорытылған ақыл-ойдың жинағында» бір данағой сандықтан адамның бас сүйегін суырып алып, Ескендірдің алдына қойып: «Бұл бас сүйектің иесі осы дүниедегі ең күшті мемлекеттің біреуін билеп еді. Ол өзінің қарауындағы халықты, қанап, әлсіздерді ренжітіп, уақытын фани жалғанның мүлкін жинауға бағыштады. Алла мұның жанын жаһаннамға сұраттырып алды да, тамұққа салды. Ал қу басынның қазіргі кейіпі мынау, — деген ол екінші сөреден тағы бір қу басты алып, Зұлқарнайынның алдына тосты.

— Бәлкім, мына басты танырсың? — деп сұрады әлгі ел билеуші мысқылмен көз тастап.

— Жоқ. Мұны да танымадым, — деп күрсіне жауап қатты Зұлқарнайын.

— Бұл бастың иесі әділетті патша болып өткен жан. Өзі билеген елдің адамдарына жақсылық пен ғибраттылықты көп жасаған адам, Алла Тағала мұның да жанын алып, пейішке орналастырды, — деген білімдар билеуші Зұлқарнайынның басына қолын салып:

— Ал енді сен мына басты не күтіп тұрғанын білемісің? — деп сұрапты. Жиһангердің төмен қарап, өксі беруден басқаға мұршасы келмепті. («Алаштың асылдары», 76 бет)

Ал Низами дастанында бір машайық жаһанға мәшһүр жиһангерге таудан да салмақты бір түйір тас береді. Сөйтсе, оны бір ұс топырақ жеңіп кететінін білген Шах:

— Бір ұс топырақ бүтін дүниені бағындыруды ойлаған мыңды шірітуге жетеді, — деп жетесіне жеткізеді.

Әмір Хосроудың «Ескендір айнасында» бір ұс топырақтың символикалық мағынасы өзгеше түсіндіріледі.

Ой зергері А. Сатаев шығыстың классикалық поэзиясын терен, сұңғыла білгірлікпен зерделей отырып, ұлы шайыр Әбдірахман Жәмидің «Ескендірдің ғаклия кітабындағы» мына бір төмсілдің сырына зейін аударды.

Шаһзада екі өліктің бас сүйегін Ескендір патшасының алдына қояды да:

— Мынау патшаның бас сүйегі, ал мынау қайыршының бас сүйегі, осы кеудіңде дәл қазір қандай айырма бар? — дейді де, дереу Шаһзаданың өзі:

— Қазір бұл қу бастардың бір-бірінен ешбір айырмасы жоқ, екеуі де тең, — деп нұсқалы ойын шегелеп айтады.

Демек, Шығыс шайырларының дастандарында жалған дүниенің рәмізі ретіндегі қураған бас сүйегі, бір ұс топырақ, бір түйір тас мағынасын тарихшы, деректанушы Амантай Сатаев барынша бағайлап түсіндіріп, Абайдың Ескендір тақырыбының бастау негіздерін, тарихи және жанашылдық элементтерін, (Талмуд пен Библиядан өрбігенің) суреткерлікпен дұрыс пайдаланып, жанаша көркемдік шешім тапқанын байсалдықпен өңгімелейді.

Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық өмірбаяны мен өнерпаздық ортасына (әсіресе, орыс зиялыларына) байланысты өнімді ойлар өрбітеді. Ол «Мағжан мен Есенин», «Мағжан мен Манделштам» дейтін эсселерінде Зейін Шашкин мен Кайнекей Жармағамбетов айтқандарынан тиянақ ете отырып, Шокан Уәлихановтан кейінгі орыстың данқты көркем сөз шеберлерімен тонның ішкі бауындай жақын болған Мағжан Жұмабаевтың шынайы достары бола білген Валерий Брюсовты, Сергей Есенинді, Всеволод Рождественскийді, Михаил Светловты ілтипатпен атайды. Мағжан Манделштамның өлеңдерін тебіреніп-күмірлетіп оқығанына әсерленген ол: «Қақ наш Мага білесің қитайет мой стихи» деп шаттанады екен. Оның сөзегейлігі де ғажап. Мысалы, «Ты умрешь где-то Новой Земле, и я дальнем берегу Амура».

Мағжан мен Манделштам ақындық шеберлік жағынан денгейлес өрі таңдырлас (Сталиндік қуған-сүргіннің құрбаны).

А. Сатаевтың осылай ой өрбітуіне екі себеп бар. Біріншіден, 1934 жылы Зейін Шашкин Мәскеудің баспа-редакция институтына түсіп оқығанда Осип Эмильевич Манделштам ұшырасып, жепелдеме «Ай, қазақ!» Мағаны білесің бе деп ғайып болыпты.

Екіншіден, 1970-ші жылдардың басында қайраткер Кайнекей Жармағамбетов үйіндегі бай кітапханасынан Мағжанның 1912 жылы Қазанда басылған «Шолпан» жинағы мен «Айқап», «Абай», «Шора» журналдарын көрсетті.

Негізінде, ұлттың ұлы тұлғасы Мағжан Жұмабаевты кеңестік идеология жоқ қылуға тырысса да, шырғауықша шырмаса да, тыйым сала алмағаны мәлім. Халық ұмытқан жоқ.

Бірде тарихи ескерткіштер қорғау қоғамының төрағасы Әнуар Әлімжанов: «Мынау Мағжан Жұмабаевтың қолжазба-жинағы. Сенде болсын. Үйінде ұста. Менің «юстарым» көп қой. Сен архивісің, сондықтан Мағжан ақынның қолжазба-жинағының екі кітабын сақтап жүрер деп әдейі тапсырып отырмын», — депті ұлт тарихын түгендеуші Амантай аға Сатаевқа.

Табиғатындағы парасаттылық пен тиянақтылық ақиқатты анық тануға, себебін нақтылы терең түсіндіруге, байыппен толғауға ұмтылады. Бұрынғылардың (көргені, естігені, оқып-тоқығаны, түйгені өлшеусіз естілердің) «ақылым — атам, білімім — бұрынғы бабам, салтанатым — сабырым, сүзіп сөйлейтін сөзім» дейтін қағидасын жадында ұстаған қалам қайраткері Мағжан өмірбаянының беймәлім сырларына, ғылыми-шығармашылық әлеуетіне зер салады. Тұран тұлғасы 1922-1923 жылдарда (яғни, бір жыл шамасындай) Ташкентте қызмет істеп, қырғыз ғалымдары Қасым Тыныстанов пен Иманғали Арабайұлымен Ысқақол, Токмақ, Бішкек, Жетіөгіз, Бөріана дейтін тарихи кәстерлі мекендерін аралап, әсерленіп, бірнеше жыр шығарады.

Мағжанның томдарына еңбеген «Қырғыздар» дейтін ғылыми-танымдық сипаты жоғары зерттеуін тауып, мұны «Алаштың асылдары» (Алматы, 2008. 144-150 беттер) кітабында жариялайды.

Және жазушының пьесалары, естеліктері, қолжазбалары да, XX ғасырдағы көркемөнер шеберлері турасында ой-толғаулары да танымдық, тағылымдық, тарихилық тұрғыда да қымбат.

Иә, ұлт тарихы мен мәдениетіне қатысты небір сирек әдеби-тарихи деректерді сұңғыла білімпаздық зерделілікпен жинастырып-жаңғыртып, жүйелеп жіктеген, әрбір құбылыстың, оқиғаның түп-тамырына, бастау-негіздеріне шұқшынып үніліп, сақилықпен сыр түйген табиғатынан архивтанушы, жазушы, драмашы, этнограф, киносценарийші Амантай Сатаевтың (1933-2003) ғасырлар тұңғығынан, төл тарихымыздың тұнығынан танып-тапқан қымбат құндылықтарының әлемі әрқашанда қызықтыра бермек.

Серік НЕГИМОВ,

филология ғылымдарының докторы, профессор



Зерттеушінің көрсетуінше, Аттиланың (Еділ, Оттылы) әуелгі есімі — Қонжық, әкесінің аты — Тарты, атасы — аю-Монжық. Қонжыққа ұсталық өнер қонған, «ошағынан, көрігінен күні-түні отты үзбегені үшін Оттылы атанған». Ата-бабамыздың «Ошағының оты сөнбесін!» деген қасиетті өсиеті бар. Ендеше осылайша жорамалдап ойлаудың қисыны бар.

Ғұн түркілерінің ішінде Еуропа елдеріне ат басын тіреген бұлардың ағайындары Баламір, Кодан, Ұлдостар болыпты. Ел көрсін, жер танысын, қанатын қаксын, асқар биікке қырандай шарықтасын, ақыл-ойы толысысын деген ізгі мақсатпен атасы Монжық Оттылыны Батыс Рим империясының императоры Гонорийдің қолына «аманатқа» аттандырған. «Мың шақырымдық жол бір алдыман басталады» дегендей, алтын жалды арғымақ мінген, қарына алмас семсер ілген ұлы қолбасшының данқы осылай өріліпті-ау!

Автор ғұн көсемі Аттила тұлғасы жайында Еуропа тарихнамасында қайшылықты, қерегер шығармалар мол екенін ескертеді. Әсіресе, Иордан секілді сынар езу, көрсөкыр, көзқаман нотариус — көшірмешілер Максимиин, сенатор, Аристократ, Присктердің естелік-жазбаларының түпнұсқасын жойып жіберген де, өздеріне керектісін ғана теріп алғанын, алақұдалық жасағанын өділ көрсетеді.

Француз ғалымы, философ Жан Жак Руссоның: «Әділетті Аттиланы қанішер деп бүкіл әлемге жалған сөз тарата, көпе-көрінеу бұра сөйлеп, жала жапқан тағы кім?» Немесе Александр Дюманың: «Күдіретті тәңірім, мені әрқашан қолтығымнан демеп, әр кез алға жетелейді деген екен Аттила» деген ой-пікірлерін орында келтіреді.

Адамзат тарихында Аттиланың жөні бөлек. Ол неміс тарихында ғұн көсемі ретінде айқындалған. Этцель деген нәмммен айтылған, яғни «көсем» деген

Тәуелсіздік жылдарында қазақ киносының қоржыны көптеген тарихи туынды мен әуесқой фильмге толықты. Десек те, қалың көрерменнің назарында ұзақ сақталып, жүректен орын тапқаны аз. Аз дейміз-ау, көпшіліктің көретін әлі күнге дейін «Менің атым Қожа», «Қыз Жібек», «Алты жасар Алпамыс мектепке барады», «Тақиялы періште», «Амангелді», «Біздің сүйікті дәрігер», «Көксерек», «Алдаркөсе», «Қараш қараш оқиғасы» секілді кеңестік кезеңде түсірілген фильмдер. Ал әлемдік деңгейдегі өртістерді шақыртып, қыруар қаржыға түсірілген қазіргі кинотуындылардың арасында жұрт жадында сақталғаны саусақпен санарлық қана. Өкінішке қарай, бүгінгі экранда беріліп жатқан фильмдердің ғұмыры біркүндік екенін мойындаудың өзі ауыр. Бұл сөзімізге кинорежиссер, продюсер Майра Қарсақбаева да келіседі.



Майра ҚАРСАҚБАЕВА,
кинорежиссер:

— Бір жылдары қазақ киносының түпнұсқасы Ресей мұрағатында шаң басып жатқанын, алтын қорымызды цифрлық жүйеге көшіру мәселесін министрлікке дейін құлақтандырып, бастама көтерген едіңіз. Бұл мәселені соңына дейін жеткізе алдыңыз ба?

— Иә, осыдан 4-5 жыл бұрын қазақ киноларын Ресей меншігінен алып келу туралы мәселе көтердім. Сол кезде Олжас Сүлейменов ағамызбен бірге тиісті министрлікке ұсыныс тастап, Президентке дейін хат жаздық. Шынында да, кеңестік кезеңде түсірілген қазақ киносының барлық түпнұсқасы Ресей мұрағаттарында шаң басып жатыр. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі отыз жылда бұл мәселемен ешкім айналысқан жоқ. Ел іргесі бекіп, орнықты даму жолында саяси, әлеуметтік-экономикалық өркендеудің озық үлгісін көрсете алдық деп мақтанышпен айтқанымызбен, ұлт руханияты үшін маңызды, мәдениет үшін таптырмас қазына, қазақ киносының інжу-маржаны саналатын халықтық мұралар бөтен елдің жерінде сақтаулы тұр. Міне, сол көрші елдің мемлекеттік фильмдер қорында жатқан ұлттық фильмдеріміздің түпнұсқасын елге алдыру мәселесін барынша көтердім. Мәскеудегі қорда жатқан Шәкен Айманов, Абдолла Қарсақбаев, Сұлтан Қожықов, Мәжит Бегалиндердің жауһар туындыларын цифрлық жүйеге көшіру керек. Бұл туралы айтып бармаған жерім қалған жоқ. Соған қарамастан осы күнге дейін Қазақстан киносының «Алтын қоры» Ресей меншігінде жатыр.

Осы мәселемен айналысып жүргенде таныстарым арқылы Ресей тарапына сұрау салып көрдім. Олар маған киноның көшірмесін сандық жүйеге қалай алу керектігін түсіндірді. Сметаны олар жіберді. Қазақтың атакты режиссері, ұлттық кино мақтаншы Абдолла Қарсақбаевтың кинозінділерін алудың жолдарын біліп, бір киноны дубляж жасауға кететін қаржыға дейін сұрастырдық. Олар смета жасады. Елшімен де, сол уақытта осыған жауапты министрмен де кездестім. Әлеуметтік желіде мені қолдаған оқырмандар көп болды.

Әлі де айтарым сол, қазақ киноларының жауһарлары жылдан жылға сапасы құртылып жатыр. Ол ылғалды температура киноның сапасына әсер етеді. Тіпті, бұл мәселені сол уақыттағы Премьер-Министрдің орынбасарына дейін жеткіздім. Барлығы қолдап, қолға алу керек екенін ауызша айтты. Іс жүзінде келгенде ешқандай қозғалыс болған жоқ. Содан бері бірнеше жыл өтті. Өз ойлағанымдай мәселені соңына дейін жеткізіп, мақсатымыз жүзеге асыра алмадым. Одан кейін де бірнеше рет көтердім. Жауапты адамдардан толыққанды жауап ала алмадым.

Таяуда бір таныстарым арқылы бұл мәселені тағы сұрадым. Білуімше, «Қазақфильм» Ақан Сатаевтың кезінде ескі кинолардың көшірмесін цифрлық жүйеге ауыстыратын қымбат құрылғы сатып алған. Сол арқылы қазақ киносының жауһарларын көшіріп жатыр деген өңгімені естідім. Оның сапасы қаншалықты боларын білмеймін. Себебі мен осы мәселені көтеріп жүргенде ресейлік мамандар бірде бір фильмнің көшірмесін елден шығартпаймыз деп тоқтатты. Олардың заңы бойынша кеңестік кезеңде түсірілген фильмдердің барлығы сол елдің қазынасы ретінде қарастырылады. Олар маған «Түпнұсқа бабинадан көшірмесін осы жерден жасатып, сол көшірмеден көшірме жасай берсін», — деді. Түпнұсқа ешкімге берілмейді. Ал менің ойым басында сол қаржыны Гостелерадиоға жіберіп, солардың мамандарына ақша төлеп, олар бізге сапалы көшірме жасап берсе деген едім. Себебі кинокөшірмені түсіру оңай емес. Әрбір кадрды жуып-тазалау қажет. Бір киноға бір ай уақыт кетеді. Ал біздікілер қазақ киносының сапасын қаншалықты сапалы етіп түсіріп жатқанын білмейміз. Көшірмеден сандық жүйеге түсіріп жатқан шығар. Олардың жұмысын қадағалайтын ешкім емесіміз. Маған есеп беруге құқылы емес. Осы уақытқа дейін бұл сұрауым бойынша бірде бір жауапты мекемеден жөні тұзы жауап алмадым. Өйтпегенде бұл мәселені көтеріп жүргенде-ақ кинокөшірмені жасау ісін алға бастадым, басқоз болу үшін өзіміздің кандидатуралды тағайындауды сұраттым. Ол үшін өзіме бір тиын ақша алмаймын деген болатыным. Бар болғаны қасыма көмекшілерді бөліп берсе, барлық киноны көшіріп болғанша бас-көз болуға келісімді берер едім. Маған оның аты да, атағы да, ақшасы да керекті.

— Елімізде кинокомиссия құру мәселесін де қозғаған едіңіз. Сіз ойлағандай комиссия құрылды ма, ол не үшін керек?

— Бұл ұсынысым да аяқсыз қалды. Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедұлы болып тұрған кезде үлкен презентация

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ 300 МИЛЛИОН ДОЛЛАРҒА КИНО ТҮСІРІЛГЕН

жасадым. Сол кезде кинокомиссия құру туралы бастама көтердім. Оның жұмысы не? Ол кино сапасын бақылау емес. Ең алдымен шетелдің киноларын Қазақстанда түсіруге жағдай жасауға мүмкіндік беру. Бұл — әлем елдерінде бар тәжірибе. Көптеген елдер осы арқылы экономикасын дамытып отыр. Мысалы, шетелдің продюсерлері кино түсіру үшін біздің жерге өз ақшаларын ала келеді. Олардың екі мақсаты бар. Бірінші — табиғаттың локациясы керек. Екінші — рибейт. Айталық, шетелдік кинокомпаниялар басқа елде кино түсірсе, рибейт деген бар. Бұл ақшаның бір бөлігін кино түсірілушілерге қайтару, сатып алудан кейін берілетін жеңілдіктің ерекше түрі десек болады. Кинокомпания жұмсаған ақшасының 30 пайызын қайтып алады. Көптеген шетелдік компания басқа елге кино түсіру үшін осындай мақсатпен келеді. Ал «Кино туралы» заңды қабылдағанда біздікілер пайызын қайтарып алу үшін шетелдің кинолары 850 мың доллар ақша жасау керек дегенді алға тартты.

дік кинотүсірушілерден көп нәрсе үйренеді. Теория бір жағына, практика дамиды. Сондықтан кинокомиссияның пайдасы өте зор. Бірақ әлі күнге дейін бұл мәселеге де назар аударған тірі жан жоқ. Жақында ғана министрлік өкілдерім кездескенде тағы ұсыныс жасадым. Айтқанынша, бұл туралы жиналыс өтетінін айтты. «Кинокомиссия жұмысын кім көтереді?» деп сұрадым. Сөйтсем, киноға қатысы жоқ адамдар кинокомиссия жұмысын қарастыратын көрінеді. Лимонды тістеп көрмеген адам оның дәмі туралы қалай айтатыны қызық болып тұр.

— Түріктің тандаулы туындыларын қазақ көрермендеріне көрсетіп, дистрибуторлықпен айналысып жүрісіз. Ал біздің қазақ туындылары қашан түрік көрермендеріне жол тартады?

— Түрік киноларының біразын қазақ көрермендерінің назарына ұсындық. Сол секілді біздің фильмдерді де түріктің кинотеатрларында көрсету туралы бастама көтердім. Бірақ бұл елдегі дистрибуторлардың бастықтары «алдымен киноны

телесериал түсіріп, жастардың танымын өзгертіп жатырмыз. Қазіргі жастар кітап оқымайды. Сондықтан олар кинодағы тұлғаны сол бойынша қабылдайды. Арзан ақшаға тұлғаларды топырлатып киноға түсіру барып тұрған бассыздық. Үлкен тұлғаны кішірейтіп жатырмыз. Нұрғиса Тілендиевтің әйелі Дариға алаймен араласып тұрамын. Сол кісі Нұрғиса туралы киноны көріп, «Кинодағы Нұрғиса мен білетін Нұрғиса емес», — деп көзіне жас алғанын айтады. «Кинода мен күйеуімді портфель ұстап алып ары-бері сандалып жүрген адамды көрдім. Оның



Жібек» фильмі ешқандай байқауда ұтқан жоқ. Бірақ көрермені көп. Ал байқауда бағы жанған бүгінгі фильмдердің көрермені жоқ. Себебі байқау үшін өзіміздің құндылығымызды көлеңкеге ығыстырып, бәйге үшін басқа елдің мәдениетін көрсеткіміз келеді.

Кино — идеология құралы. Сондықтан мемлекеттің қаржысына түсірілетін фильмдерге талап тіпті қатал болуы тиіс. Бұрын Шәкен Аймановтың кезінде көркемдік кеңес болған. Ол кезде идеологияға қатты мән берген. Қазір осындай кеңес барына күмәнім бар. Бұрын бұл жайлы да министрлікке айтылды. Министрлік жанында кино сапасына жауапты комитет болуы қажет. Бізде қазір министр ауысса, «Қазақфильм» бірге ауысады. Сөйтіп, киномызды «тістегеннің аузына, ұстағанының қолына» ұстаып жібердік. Мысалы, жақында Қытайдағы кинофестивальге барам. Сол елдің сериалдарын көріп жүрмін. Идеология көзге ұрып тұр. Біздегідей моральдық құлдырау жоқ. Біздің тарихи кинолардың кемшілігі сол, бүкіл оқиғаны бір жерге жинағысы келеді. Әр тарихшының айтқанын қосып, сонында қойыртпақ шығады. Көрермен қайсы оқиғаны қабылдау керек екенін ұмыттып қалады. Миллиондап ақша бөлінесе, оны тексеретін адам да соғұрлым көбейіп кетеді. Әр ақын-жазушы өз айтқанын тыпқалап, ақша беретін адамдары да араға түсе бастайды.

Сосын грант алу рәсімінде де «баяғы жартас — бір жартас». Жұрт көзінен жасырын жүретін дүние көп. Бәке-Сәкені қазіргі жастар да бойына сіңіріп алды. Осы бір аурумен көзі ашық, көкірегі ояу жастар да ауырып жатыр. Бәке-Сәкенің тамырына балта шаппай, ашықтық туралы айту ерте.

— Өзіңіз тарихи туындыларды түсіруге теңдерге түсіп көрдіңіз бе?

— Түрік киноларына дистрибутор болып жүрмін. Содан кейін үнді киноларын түсіруге атсалысып жатырмын. Болашақта қатысып қалармын. Бірақ дәл қазір менің мақсатым — түркі елдерінің киноларын ашу. Бұл бойынша алты елдің мәдениетке жауапты министрлерімен келісімге келу жағын ойластырып жатырмыз.

— Сіз түсірген фильмдерге де сын айтыла ма? Сынды қалай қабылдайсыз?

— Бұрын түсірген 4-5 кино бар. Айтпақшы, сол киноларда Көлсай мен Шымбулақтың өлемі жерлерін көрсеттім. Мысалы, маған Шымбулақта демалу үшін тегін билет береді. Себебі табиғат аясын түсіріп, титрда көрсету үшін шетелге жіберем. Олар да пайдасын түсініп алды, солай турист тартып жатыр. Маған берген тегін билетін бірнеше есе қайтарып алады. Осыны Үкіметтің деңгейінде жасаса дегенім. Бұл мәселені айтып алдарына талай бардым. Менің ақша табатын жұмысым бар. Өзімнен өзім тіршілігімді істей жүре беруге болады. Бірақ кино сапасының өркендеп, ел туризмі дамығаны, әлем қазақты танығаны қажет.

Ал сын туралы айтсам, біз 2013 жылдары «Қачели любви», «Құтқарушылар» деген фильм шығардық. Сынның астында өзім де қалдым. Біздің кинода да ақсаған тұстары болды. Сын шын болғанын қалаймын. Жалпы, бізде сыншы көп. Сынның ішінде кәсіби сыншы жоқ. Себебі біздің сыншылар жалпылама сын айтқанды ұнатады. Бірақ нақты кемшіліктерін көрсетпейді. Алдағы тағы бір мақсатымыз — сыншылардың мектебін ашу туралы бастама көтеру болып отыр. Мысалы, шетелде киносыншыларға сұраныс жоғары. Олардың мәртебесі биік. Соған байланысты олар сатылмайды. Ал біздің сыншылар сатылып жұмыс істей береді. Шетелде сыншының рөлі ерекше. Марат Бисенғалиевпен доспын. Сол кісі бірде Лондонда танымал емес ауданда концерт қозғат. Бір сыншы байқап жергілікті газетке мақала жазыпты. Сол мақаладан кейін жолы ашылғанын әлі күнге айтады. Өйткені ол елдегі сыншының әрбір сөзі шыншайы. Егер бізде де білікті сыншылар дайындайтын мектеп ашылса, қазақ киносының көсегесі көгерер еді деп ойлаймын.

— Өңгімеңізге рақмет!



Оның қате қадам екенін дәлелдеп жатып заннан алып тастаттым. Қазір барлық елде, тіпті Израильдің өзінде кем дегенде 200-250 мың доллар ақша жұмсау керек. Бізде шетелдік кинокомпанияларды үркіту үшін аспандағы айды сұрады. Шамасы, бізге ақша керек емес секілді.

Былтыр болливудтық кинокомпания біздің елде бірнеше миллиондық кино түсіру туралы ұсыныс тастады. Сөйтсем, бізде кинокомиссияның аты бар, бірақ қаты жоқ екен. Құжатта ақшаны қалай қайтарып алу туралы ештеңе көрсетілмеген. Онымен ешкім айналыспайды. Сосын олар бізде емес, Грузияға барып түсірді. Қазір жыл сайын Үндістанның Грузияда 80 киносы түсіріледі. Бұл сол елге қаншама ақша әкеліп жатыр. Біз шалағайлығымыздан қыруар ақшадан қағылып отырмыз.

Шетел киноларын біздің елде түсіруден қандай пайда бар? Біріншіден, жұмыс орны табылады. Бірде маған шетелдік кинокомпанияның жүк көлігін жүргізетін жігіт «Осы жұмыстың арқасында бір жыл ішінде несиемді жауып тастадым» деп келді. Екіншіден, шетел кинолары арқылы Қазақстанның табиғатын көреді. Туризм дамиды. Үшіншіден, тәжірибе алады. Мысалы, бізде бір кинооператор болливудтық операторлардың жұмысына тандалғанын жасырмады. «Олардың экранындағы Қазақстанды танымал қалдым», — дейді. Біздің мамандар шетел-

көреміз, егер сапасы болмаса, алмаймыз», — деп кесіп айтты. Біз оларға жабысып алуға қақымыз жоқ. Түркияда Бас хатшының кино бойынша кеңесшісімін. Қазір біз түркі елдерінің киноқорын жасағаны жатырмыз. Бағдарламасы да дайын тұр. Сондағы мақсаттың бірі осы сауалды алдыға тарту ойда бар. Түркі елдерінің арасында ішаралық дистрибуторлық қарым-қатынас орнату. Бір-біріміздің киномызды өз елімізде көрсетуді мемлекеттік жүйеде көтеру керек. Әр халық өз мәдениетін танытуға мүмкіндік алуы тиіс. Бұл мәселені әлі көтеріміз. Бірақ өзіңіз білесіз, түріктің тарихи туындылары бірінен бірі өтеді. Ал қазақ киноларының сапасына келгенде салымыз суға кететін жағдай көп. Бұрын да айтқам, тәуелсіздік жылдарында елімізде кемінде 300 миллион долларға фильм түсірілген, бірақ соның 70 пайызы халықтың есінде қалмапты. Оның барлығы кино сапасына байланысты. «Невафильм» комиссиясы қазақ кинотуындылары бөлігін қаржының 10 пайызын ғана ақтай алатынын айтқан.

— Маман ретінде айтыңызшы, тарихи туындыларымыздың сапасы бөлігін қаржыға сай келе ме, келмей ме?

— Келмейді. Тарихи туындылар туралы көп нәрсе айтқым келеді. Соңғы кезде тарихи туындылар туралы сериал шығару сөнге айналды. Мұны тоқтату керек. Себебі арзан ақшаға тарихи тұлға туралы

болашақта қабыл алынып қалуы да мүмкін.

— 2018 жылы Митхун Чакроборти мен Ранди Пхута ойнайтын кино түсірілгені жағдайы айтып едіңіз. Оның соны не болды?

— Келісім әлі жасалып жатыр. Сценарий дайын. Бұйырса, болливуд жұлдыздарымен бір кинокомедия түсіру жоспарда бар. Екі-үш айда сүйіншілейтін боламыз.

— Біздің қазіргі кинолардың басты тақырыбы — тоқал мен бөйбішенің тартысы, ошақ қасындағы өңгіме мен қазақи менталитетті келемеждеуге құрылады. Әуесқой фильмдердің аяқ алысы туралы не айтасыз?

— Олардың ешқайсысы кино емес. Оны киномен шатастырмау керек. Бұл — көшеде түсірілген әзіл-ысқақ жанры. Мен мұндай дүниелерді «фильм» деп қармаймын. Бұл ағым тек біздің елде ғана емес. Өзбекстанда да, Үндістанда да бар. Қоғам осындай дүниені дұрыс қабылдайды. Себебі өз-өзін айнадан көргендей болады. Кино болмаса да қызығады. Меніңше, бұл дүниелерден кино легенді алып, «көшедегі тамаша» немесе «әзіл-сықақ» деген бөлек көркемдік жанр беріп, өз алдына дамыта берген жөн. Мәселесі олардың өзін кино ретінде көрсетуінде болып тұр.

Мәдениеттің мақсаты — тәрбиелеу. Әлгіндейдей әзіл-сықаққа құрылған дүниелерді экранға шығару алдында тәрбиелік мән-маңызына бақылау жасап, сұрыптайтын министрлікте жауапты адамдар болғаны дұрыс. Өкінішке қарай,



санайды. Ұлдары – ұяға, қыздары қияға қонып, бір-бір үй болып отырған үлкен жанұясының ұйымшылдығын көріп отырған Тишшан әжей «Мерейлі отбасы» болғанын естіп, маркайып қалғанын жеткізді.

Байқауға алып шаһардан қатысып, Алматының үздігі атанған отбасы – заманауи Сыбанбековтер әулеті. Отағасы Болат – жеке кәсіпкер, жұбайы Сана Жандай екеуінің жанұялық кәсібі бар. Олар қағаздан тапсырысқа сай түрлі пішіндегі қорап, пакеттер, кенсе қағаздарын жасап, еліміздің нарығындағы ірі компаниялардың сұранысын қанағаттандырып отыр. Болаттың әкесі Кемеш Әбілдаев көп жыл әскери салада қызмет етсе, анасы Қалымхан Әбілдаева ұлағатты ұстаз болған. «Әкемнің қасында полигондарда жүріп, ер азаматқа қажетті дағдыларды меңгерсем, анам білімге құштар болуды үйретті», – дейді Болат.

Мерейлі отбасы қайырымдылықпен айналысады. 2019 жылдан бастап «Мектепке жол» республикалық акциясына қатысып келеді, мұқтаж отбасылардың балаларына мектеп формасын, сөмке, қажетті құрал-жабдықтар жинап, таратады. Биыл 200 балаға көмек қолын созды.

Жұбайы Сана Жандаймен шаңырақ көтергеніне 25 жылдан асқан, бүгінде 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр. Балалары оқуда озат, өнерлі, спортпен шұғылданады. Жоғары оқу орнында білім алып, бүгінде түрлі салада білікті маман болып жүр.

Ал Жетісу облысының биылғы жеңісі Алакөл ауданы Жайпақ ауылында тұратын Қайрановтар жанұясына бұйырды. Шаңырақтың ұйытқысы – биыл сексеннің сегізінше шыққан Алтынхан әже. «Алтын алқа» иегері 7 баласынан жиырмдай немере, отыздан астам шөбере сүйіп отыр. Әулеттің тірегі Әбілқасым ақсақал көзі тірісінде жаз жайлауда, қыс қыстауда жүріп, мал шаруашылығымен айналысқан. Еңбек жолын шопаншы болып бастаған Алтынхан Байдоллақызы да бұл кәсіптің қыр-сырын өлден менгеріп, жолдасына қолғабыс еткен.

«Отағасымен бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірге ақылдасып, бір-біріміздің тілімізді алып, сыйласып жақсы өмір сүрдік. Балаларына бар білгенім, адам болуды, адал кәсіп қылуды, еңбекті сүюді, бір-біріне қамқорлық етуді үйретіп кетті. Бір сарыбектерге мал айдап шыққанда қыс қатты болды. Қыс шінде қазақ үйде отырдық. Сол уақытта жолда-

тізіндеген, техниканың тілін жақсы біледі, ал Шөкітай әжей балабақшада, мектеп асханасында, мәдениет үйінде жұмыс істеген, бұған қоса ерлі-зайыптылар мал шаруашылығымен айналысқан.

«Мектеп жасынан еңбек етіп, әкешемне қолғабыс етуге тура келді. Ол уақыт таршылық заманы еді. Үйдің үлкендері маңдай тер, қара еңбекпен ғана нан тауып жейсің, жалқау болсаң, аш қаласың деп сіндірді. Содан зейнет жасына дейін тынбай еңбек еттік, ұрпағымды да еңбеккер болуға үйреттім», – дейді Елубай ақсақал.

Ақалар – тоғыз жолдың торабында тұрған үлкен теміржол бекеті. Әулеттегі ағайындардың біразы теміржолда еңбек етеді. Ішкі істер қызметінде жұмыс істеп, зейнетке шыққаны да бар. Одан бөлек, түрлі кәсіп иесі болған Әміре әулеті бүгінде адал еңбектің арқасында өсіп-өніп, үбірлі-шүбірлі болып отыр. Қос қарияның арманы да осы болатын.

Еңбектің қадіріне жеткен тағы бір отбасы – Макиленовтер әулеті. Алтай ауданындағы Серебрянск қаласында тұратын берекесі мен бірлігі жарасқан жанұя Шығыс Қазақстан облысының үздігі деп танылды. Облыс бойынша ұлттық байқауға ынтымағы жарасқан, еңбегімен еленген 108 отбасы қатысқан. Макиленовтер жанұясының отағасы Ернұр ішкі істер органында жұмыс істейді, криминалдық бөлімнің басшысы, жұбайы Әсем де саналы ғұмырын осы салаға арнаған, бұл күні құрметті зейнетте. Ерлі-зайыптыларды табыстырған да осы әскери қызмет, бүгінде үш бала тәрбиелеп отыр. Ернұрдың әкесі Үмітхан Макиленов Роза апамызбен отасқанына биыл 40 жыл, үш баладан 7 немере сүйіп отыр. Қариялар – шаңырақтың қазығы болса, өсіп-өнген ұрпақ сол әулеттің баға жетпес қазынасы. Үлкенге – құрмет, кішігі ізеттілігімен, қайсар мінез, қалқысыз қызметімен, салмақтылығы және сыйайлығымен туған-туыс, дос-жаранға сыйлы болған Макиленовтер әулетінің ұлттық байқаудың үздік шығуы бекер емес.

Байқаудың Ақтөбе облыстық кезеңінде Жемсағыздың бойындағы қасиетті өлке Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылында тұратын Спановтар жанұясы бас жүлде алды. Отбасы құндылығы, ұрпақ тәрбиесі, салт-дәстүр сабақтастығы айрықша көрініс тапқан әулеттің тірегі марқұм Қуаныш Спанұлы елге сыйлы, өзгелерге өмірімен өнегелі азамат, ізнен ерген бауырларына пана, ұл-қыздарының ардақты әкесі болды. Ол Байғанин ауданының ауыл шаруашылығы саласында үздік жылдар бойы қызмет етті. Ауылдастары, ағайын-туыс, дос-жарандары өлі күнге дейін Қуаныш ақсақалдың адамгершілігі, жұртқа еткен жақсылығын, қолынан өнер тамған шеберлігін, шабыты келгенде жол шумақтарын жазатын ақындығын ел арасында айтып жүреді. Әулеттің отанасы Гүлжахан Шыбынтаева бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген, тату, бірлікте болудың кейінгі ұрпақтың бойына сіндірген. Ұлттық құндылықтарды бойға жиып, ата-ананың ақылын санаға құйып өскен жанұяға ел сүйсіне қарайды. Бүгінде бұл әулеттен мемлекеттік қызметкерлер, ақ халатты абзал жандар шыққан, колөнермен айналысып, жеке кәсібин дамытып отырғандар да бар. Аудандық, содан соң облыстық кезеңде үздік шыққан әулет «Ақтөбе өңіріндегі көп үлгілі отбасының бірі ғанамыз» дейді.

Түркі халықтарының рухани астанасы Түркістан облысында ұлттық байқауға қатысуға 143 отбасы өтінім берген, үздік шыққаны – Әбілдаевтар әулеті. «Мұғалімдер отбасы» атанған жанұя Төле би ауданы Аққум ауылында тұрады. Отасқанына 60 жыл болған Сәбит ата мен Айымжан әжей 4 ұл, 3 қыздан 30 немере, 35 шөбере сүйген өнегелі отбасы. Ардагер ұстаз – Сәбит ақсақал ғұмырының 32 жылын білім саласына арнаған, өмірлік ұстанымы – саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Жұбайы Айымжан Керімбайқызы да – мұғалім. Кейіпкерлеріміз педагогикалық институт қайырғасында танысып, кейін шаңырақ көтерген. Ерлі-зайыпты ұстаздар көп жыл бойы бір мектепте қызмет етіп, бала тәрбиелеген. Әулеттің татулығы алдымен әке-шешенің ынтымағында деп санайтын қариялар 60 жыл бойы береке мен бірлікте өмір сүрген. Әбілдаевтар әулеті – мұғалімгер династиясы, ата-ана жолын ұш қызы жалғаған, екінші ұлынан туған немересі де ұстаздық қызмет етеді.

Асыл ТҰМАР

Мерейлі отбасы –

МЕМЛЕКЕТ

ТІРЕГІ

«шешей» деп атайды. Ақсақалыммен 60 жыл тату-тәтті ғұмыр кештік, өмірдің ыстық-суығын бірге көрдік.

Шаңырақ көтергеннен кейін 7 жылдан кейін бала сүйдік. Үлкенім Алтынбектен кейін 11 құрсақ көтердім, сөйтіп өзіміз де көпбалалы жанұя болдық», – дейді Тишшан әжей.

Сәдуақасовтарды көпшілік метеорологтер отбасы деп таниды. Төкен ақсақал «Бесоба» округтік метеорологиялық

Сана Жандай 2017 жылдан бері қоғамдық іске араласып келеді. 2019 жылы көпбалалы және аз қамтылған жанұяларды кәсіпкерлікке баулу, жан-жақты қолдауға арналған «Бақытты отбасы» деп аталатын сегіз орталық ашты. Пандемия кезінде мұқтаж отбасыларға азық-түлік себеттерін



стандасында табан аудармай 40 жылға жуық еңбек еткен. Тишшан әжей де бұл саладан алыс емес. Әулеттің ұлдары да өке жолын қуып осы салада қызмет етіп жүр. Бүгінде ауа райы орталығын отбасының келіні Маржан Күржікенова басқарып отыр.

«1995 жылы осы әулетке келін болып түсіп, екі жылдан кейін қайын атамның қоластына жұмысқа тұрдым. Еңбек жолымды «бақылаушы» болып бастап, содан бері 23 жыл осы стансада қызмет етіп келемін. Жолдасымның бұл саланы тізіндегеніне 28 жыл болды. 2004 жылы атам зейнетке шыққаннан кейін басқару ісі маған қалды. Күнделікті жауын-шашын, желдің бағытын, ауа райының құбылуын, ауа мен жер температурасын тексеріп, орталыққа сол туралы ақпарат жіберіп отырамыз», – дейді Маржан Күржікенова.

Метеорологтермен қатар, бұл әулеттен полиция қызметкері, мұғалім мен дәрігерлер шықты. Алдымен ағайынды 10 бауырдың ортасына келін, кейін 6 ұл, 6 қыздың анасы болған ақжаулық әжей үлкен әулеттің ұйытқысы – бауырмалдық деп

«*Мерейлі отбасы* ұлттық байқауына биыл 3 344 отбасы қатысты. 2021 жылдан бастап бұл бәйге еліміздің облыстарында өткізіліп, өңір-өңірдегі үздік жанұяларды анықтайтын болып өзгертілген болатын.»

таратты. Қоғам игілігі үшін белсенді жұмысының арқасында Сана Жандай Алматы қаласы мәслихаты 7-шақырылымының депутаты да болды, бүгінде қалалық қоғамдық кеңестің мүшесі.

Елордада «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының республикалық кезеңі қорытындыланып, жеңімпаздарды марапаттау салтанаты өтті. Еліміздің барлық өңірінен қатысқан үздік жиырма отбасыға бір миллион теңгеден қаржылай сыйлық сертификаты табыс етілді. Шараға Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева қатысып, Мемлекет басшысының құттықтау сөзін жеткізді.

«Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздарын шын жүректен құттықтаймын! Бұл – төл құндылықтарымызды дәріптеп, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға жол ашатын маңызды жоба. Әр аймақтары өнегелі отбасылардың байқауға белсене қатысуынан елімізде береке-бірлігі жарасқан құтты шаңырақ иелері аз емес екеніне көз жеткіздік. Олардың арасында белгілі бір мамандықты атакәсіпке айналдырған азаматтардың көп болуы – қуантарлық жайт. Осындай үлгілі әулеттер қоғамда ұрпақтар сабақтастығын сақтауға ықпал етеді. Халқымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген жақсы сөз бар. Отаншылдық, білімпаздық, еңбеккерлік, үнемшілдік, жанашырлық, әділдік сияқты «Адал азаматқа» тән қасиеттер, ең алдымен, отбасында қалыптасады. Әділетті Қазақстанды осындай жандар құрады. Мемлекет отбасы институтын дамытуға, ана мен баланы қорғау мәселесіне әрдайым айрықша назар аударады. Осы бағытта ауқымды істер атқарылып жатыр. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады. Әр шаңырақтың ырысы артып, мерейі таси берсін! Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!», – делінген Президенттің құттықтау хатында.

Отбасы – сыйластық пен сүйіспеншілік, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның дінгегі. Отбасының беріктігі, береке-бақыты, аман-саулығы әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Қоғам назарын отбасылық құндылықтарды сақтауға аудару әрі оны дәріптеу мақсатында жыл сайын өткізілетін дәстүрлі «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына биыл 3 344 отбасы қатысты. 2021 жылдан бастап бұл бәйге еліміздің облыстарында өткізіліп, өңір-өңірдегі үздік жанұяларды анықтайтын болып өзгертілген болатын. Татулықты ту етіп, тамыры тереңге жайылған сондай мерейлі әулеттің бірқатарын сіздерге таныстырмақпыз.

Елордаға Қарқаралы өңірінен бірнеше жыл бұрын қоныс аударған Сәдуақасовтар әулеті Астана қаласының биылғы жеңімпазы атанды. Қара шаңырақтың отанасы Тишшан әжей жұбайы екеуінің өмірі тек еңбекпен өрілгенін айтады. Ордалы отбасының дінгегі болған марқұм Төкен Сәдуақасов аймақтың абыройлы азаматы болған.

«1960 жылы жолдасыммен отау құрдық. Көпбалалы отбасының тұңғышы еді. Қара шаңыраққа ие болып, артынан ерген 9 бауырына қамқорлық көрсетті, інілерін үйлендіріп, қарындастарын бірге ұзаттық. Енемімен 30 жыл бірге тұрдық, көзі тірісінде көп өсиет үйретті. Әулеттің үлкені болған соң ағамыздың орнына кейінгілерге ақыл-кеңес қылып отырамын. Қайын іні-сіңділерім мені «жеңге» емес,

Объявление о результатах открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Техническое сопровождение системы хранения документации»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке услуг «Техническое сопровождение системы хранения документации» несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Техническое сопровождение системы хранения документации». (Количество лотов – 1, на общую сумму 45 588 900,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:00 часов «18» сентября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:00 часов «18» сентября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-79.

Ашық тендердің нәтижелері туралы және қайта ашық тендер амалымен «Құжаттаманы сақтау жүйесін техникалық сүйемелдеу» қызметін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Құжаттаманы сақтау жүйесін техникалық сүйемелдеу» қызметін сатып алудың ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда байандалған байланысты, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Құжаттаманы сақтау жүйесін техникалық сүйемелдеу» қызметін қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны – 1, жалпы сомасы – 45 588 900,00 тенге, КҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтерін мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062 Қазақстан Республикасы Алматы қаласы Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062 Қазақстан Республикасы Алматы қаласы Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жыл «18» қыркүйекте, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жыл «18» қыркүйекте, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-79.



ЖЫЛДАМ БА ЕКЕН

Наурызбек САПША

Адамзаттың уақытпен қарым-қатынасы туралы мәдениеттанушылар, антропологтар, әлеуметтанушылар мен философтар әлі күнге дейін кең ауқымды зерттеулер жүргізіп келеді. Әдетте біз уақытты астрономиялық өлшеммен өлшейміз. Ғасыр, жыл, ай, күн, сағат және секунд деген сияқты. Өзіне тән өзгермейтін жылдамдығы және бар. Ғаламшарымыз немесе Күн жүйесі қаншалықта жылдам немесе баяу қозғалса да, Жер бетіндегі тіршілік иелері үшін физикалық тұрғыда уақыт бірдей өтеді. Астрономиялық уақыт бәрімізге ортақ болғанымен, уақыт әр адамға әртүрлі әсер ететінін байқаған боларсыз?! Кейде желдей жүйіткіген уақыт, кейде бір орнында тоқтап қалғандай өтпей қояды. Әлеуметтанушылардың пікірінше, біз әлеуметтік тәжірибелер мен оқиғалардың айналасында құрылған әлеуметтік уақытта өмір сүреміз. Ал оның есебі абстрактілі болып келеді. Дәуір, өмір, кезең деген тәрізді ұғымдар осы уақыт өлшемдеріне сай келмек. Ендеше әлеуметтік уақыт дегеніміз не?

Інкәр сезім жүрегімізде алғаш бүрленген бозбала шақта: *«Тағы да іңір келді, мұңымды ерте, Тағы да еске аламын гүлдімі ерке. Сағыныштың ішінде – шексіз уақыт, Сол шексіздік ішінде ғұмыр келте»,* — деп жырлаған екенбіз.

Иә, бір-бірінен қашықта жүріп, сағыныш көрпесін жамылған ғашықтар үшін бір сәті — ғасырларға ұласқандай баяу өтсе, қуанышты сәттерін бірге бөлсек жандар үшін — уақыт жарық жылдамдығындай сырғып өте шығады. Яғни, уақыттың өтуі біздің оны қалай өткізуімізге және оны қалай қабылдауымызға да байланысты. Шын мәнінде, біздің көңіліміз көтеріңкі болған кезде уақыттың қалайша тез зымырап өтіп кеткенін байқамай қаламыз. Ал қиын сәттерде минуттар түгілі секундтардың өзі ауыр қозғалып, аяғын баспайтындай болып көрінеді. Мұндай мысалдар жетерлік. Бұл мысалдарға тек — әлеуметтік уақыт деген ұғым ғана жауап бермек.

ОРТА ЖАСТАН АСҚАН АДАМДАРҒА УАҚЫТ НЕГЕ ЖЫЛДАМ ӨТЕДІ?

Әлеуметтік уақыт — әлеуметтік ғылымдар мен философиядағы уақытты түсіну ұғымы. Бұл терминді 1937 жылы Ресейден АҚШ-қа қоныс аударған социолог Питирим Сорокин мен Колумбия университетінің профессоры Роберт Мертон ұсынған болатын. Бүгінде олардың зерттеулері социологияның классикасына айналды.

Әлеуметтік уақыт астрономиялық уақыттан біраз ерекшеленеді. Ол оқиғаның қанша уақытқа созылатынын емес, оның ұзақтығы қалай сезілетінін көрсетеді. Мысалы, бір жарым сағаттық лекция, банкте өз кезегіңді немесе аялдамада сізге қажетті автбусты күту адам төзігісіз ұзақ болып көрінуі мүмкін, ал сүрген бар ғұмырымыз көзді ашып-жұмғанша өтіп кеткен сәттер секілді болып көрінеді.

Әлеуметтік уақыт адамның «жеке» уақытын көрсетеді. Сонымен қатар уақыт туралы түсінік жас бойынша да өзгеріп отырады. Мәселен, балалар құбылыстарға көп мән бере бермейді. Өйткені олардың мына әлем туралы танымы аз. Мәселен, 5 жасар бала үшін 1 жыл өте көп уақыт,

УАҚЫТ, баяу ма екен?

өйткені ол оның өмірінің 20 пайызы деп есептейді. Ал 50 жастағы адам үшін бір жыл түк емес, өйткені бұл оның өміріндегі уақыттың 2 пайызы ғана. Оның үстіне баланың алаңсыз өмір кешетінін, ал өзіңіздің күйбең тіршіліктің қамымен жүретінін тағы ескеру керек. Баланың ешқандай міндеті жоқ, ол таңнан кешке дейін ойнап, ұнатқан тағамын жеп жүре береді. Ал сіз таңның атысынан күннің батысына дейін көптеген шаруаны бітіруіңіз қажет. Істейтін шаруа тым көп болғандықтан, сізге ылғи да уақыт жетпейді. Бұл уақыттың не себепті жылдам өтетінін түсіндіретін қарапайым мысал.

2005 жылы Марк Виттманн мен Сандра Ленхофф есімді америкалық психологтар 14 жас пен 94 жас аралығындағы 499 адамның арасында уақыт қаншалықты тез немесе баяу өтуде деген сауалнама жүргізген. Сұрауға қатысушылардың басым бөлігі уақыттың аса тез өтіп жатқанын атап көрсетеді. Алайда, жасы келген карт адамдар уақыттың көз ілеспес жылдамдықпен тез өтіп кеткенін айтса, жасы 40-қа таяп қалғандар ойлана келе, бала кездерінде уақыттың өтіп болмағанын, алайда одан кейін жасөспірім шаққа келгенде, уақыттың тез сырғып, ересек өмірге қалай қадам басқандарын байқамай қалғандарын айтады. Психологтар қарттыққа аяқ басқандардың өмір тез өтіп кетті деуінде мән бар екенін айтады. Адамдар оқиғаға екі түрлі көзқараста баға береді. Перспективті, яғни оқиға әлі жалғасып жатқан кезеңде бағалау және ретроспективті, оқиға аяқталғаннан кейін оған баға беру. Бұл жағдайда оқиға деп отырғанымыз — біздің сүріп жатқан өміріміз.

Калифорния университетіндегі психология докторы Джеймс Бродуэй мен оның шәкірті Бритни Сандовал жас ұлғайған сайын уақыттың зымырауын келесідей түсіндіреді. Уақыттың өтуіне адамдар екі тұрғыдан баға бере алады. Егер біз оқиғаның қанша ортасында тұрсақ, біз оның уақыттық ұзақтығына перспективалық баға береміз. Ал егер оқиға өтіп кетіп, оның қанша уақытқа созылғанын кейіннен еске алсақ, біз оған ретроспективалық баға береміз. Сонымен қатар алған әсеріміз бен жасаған әрекеттеріміз де уақытты қабылдауға әсер етеді екен. Ғалымдардың айтуынша, көңіл күйіміз көтеріңкі кезде уақыт зулап шығады. Алайда біз сол кезді кейіннен еске алсақ, сол бір сәт ұзаққа созылғандай көрінеді. Яғни, перспективалық тұрғыда «қысқа» сәт ретроспективалық тұрғыда «ұзақ» болып қабылданады.

Сонымен қатар ретроспективті көзқарас белгілі бір уақыт аралығында жасалған жаңа естеліктермен өлшенеді. Демалыс күндері біз неғұрлым көп естеліктерге мүмкіндік береміз, соғұрлым уақыт баяу өтеді. Мұны ғалым Хаммонд «мерекелік парадокс» (holiday paradox) деп атады. Балалық шақтан ересек шаққа аяқ басқанға дейін сан алуан естеліктер мен тың сезімдерді бастан кешеміз. Ал есейген шақта біздің санамыз таңғалдыра алатын, таныс емес сәттерді кездестіру мүмкіндігі төмендейді. Сондықтан адамның алғашқы жылдары ұзағырақ өткендей сезім тудырады.

Әлеуметтік уақыттың бір мысалы — «апта» сияқты құрылым. Адамзат ежелгі римдіктерден классикалық жеті күндік аптаны алғаны мәлім. Ал ежелгі майялар 13 күндік аптаны пайдаланған болатын,

француз революциясынан кейін 10 күндік апта енгізілсе, ал 1931 жылы Халық Комиссарлар Кеңесі КСРО алты күндік апталықты енгізуді ұсынған еді. Бұл мысал бұл әлеуметтік уақыттың қаншалықты өзгермелі екенін көрсетеді.

ҚОҒАМ НЕҒҰРЛЫМ ЖЫЛДАМ ӨЗГЕРСЕ...

Ал енді әлеуметтік уақыттың жылдамдығы неге артып жатыр? Осыған келсек. Бұрынғы уақытта әлеуметтік құрылым мен өмір салтындағы өзгерістер баяу жүруші еді. Ортағасырлық адамдар бір патшаның қол астында туып, сол патшаның тұсында өлуі мүмкін. Ол уақытта ақпарат та аз болғандықтан уақыт баяу өтетіндей



қабылданатын. Ал дамыған елдің заманауи азаматы бір президенттің кезінде дүниеге келсе, екінші президенттің тұсында мектепте оқып, үшінші президент кезінде отбасын құрып жатуы ғажап емес. Бұл уақыт жылдам өтіп жатқандай әсер қалдырады.

Массачусетс технологиялық университетінің профессоры Дуглас Робертсон адамның орта есеппен өндіретін ақпарат көлемін есептеп көрмек болады. Ол адамдардың тілдесе бастаған кезінен бастап, интернет пайда болғанға дейінгі кезеңді алады. Нәтижесінде, бастапқы кезде әлгі көлем 107-109 битке тең болса,

ал диджитал дәуірде оның көлемі 1025 битке жеткен. Робертсон бұл зерттеуін сонау 1990 жылы жарияланған. Одан бері 30 жыл өткенін ескерсек, ақпарат көлемі одан бірнеше есе өскені анық.

Ғаламға технологияның бір жаңалығы — ғаламтор келгелі адамзаттың өмірі де күрт өзгерді деуге болады. Интернеттің пайда болуы адамзатқа Төртінші индустриялық революция кезеңіне өтуге мүмкіндік берді. Интернеттің таралу қарқыны да өте жылдам болды. Мысалы, 50 миллиондық аудиторияны қамту үшін радиоға 30 жыл, теледидарға 13 жыл қажет болса, ал интернетке тек 4 жыл жеткілікті болды.

Әлеуметтік уақыттың желделуі қазіргі заманның бір парадоксын тудырып отыр. Қоғам мен технологияның дамуы теориялық тұрғыдан біз үшін көптеген жұмысымызды жеңілдетіп, уақытымыздың біраз бөлігін үнемдеуі керек еді. Дегенмен ақпараттың шектен тыс көбеюі де біздің уақытымыздың жылдамдауына алып келді. Мұнда ақпараттық ағымның рөлі ерекше. Сыртқы әлемнен келетін ақпараттардың көпшілігі біз үшін маңызды емес болғанымен милодары сүзіп, сараптауға мәжбүр болады. Сонымен қатар технологияның дамуы ақпараттың тезірек берілуіне, адамның ұзақ қашықтықты енсеруіне, электр қуатының арқасында күндізгі уақыттың ұзағырақ болуына әкеледі. Оқиғалар неғұрлым көп болса, адам миына соғұрлым көп ақпарат түседі, нәтижесінде оған жүктеме артады.

Ресейлік «Менің балаларым қайда» (Где мои дети?) қосымшасы балалар арасында зерттеу жүргізіп, балалардың

танымал және жиі қолданатын қосымшаларын егжей-тегжейлі талдаған екен. Зерттеу 2023 жылдың мамыр айында Ресей, Қазақстан, Украина және Беларусь елдерінен келген 440 мыңнан астам баланың телефондарындағы қосымшаларды қолдану статистикасы арқылы жүргізілген. Зерттеу нәтижесі бойынша балалардың орта есеппен күніне шамамен 4,5-5 сағатын телефонға жұмсайтыны анықталған. Әрбір бірінші бала YouTube және TikTok-ты пайдаланған. Еліміздегі статистика мәліметіне сүйенсек, 6-15 жастағы балалардың 85%-ы, 16-74 жас аралығындағы адамдардың 89%-ы интернетте отыратыны анықталған. Бұл дегеніміз, біздің алтын уақыттарымыз бос ақпараттармен алданып жатыр деген сөз. Шексіз ақпаратпен қатар, интернет әлеуметтік желі мен оған деген тәуелділікті әкелді. Әлеуметтік

жоғары болса, уақыт соғұрлым баяу өтеді. Мәселен, Жер беті мен оның орбитасындағы тартылыс күші әртүрлі болғандықтан ғарыш аппараттарындағы сағаттың тілі ылғи алға кетіп отырады. Физика әлемінде кенінен танымал Кара құрдымда тартылыс күшінің жоғары болғаны сонша, жарық сәулелері ол жерден шыға алмай, уақыт тоқтап қалады.

Физикада «уақыттың тоқтауы» деген теория да бар. Сіз тез қозғалсаңыз, қоршаған ортамен салыстырғанда уақыт баяу өтетін тәрізді. Мысалы, машинада жоғары жылдамдықпен бір сағат жүрсеніз, уақыт компьютер алдында бір сағат отырғаннан қарағанда баяуырақ өтеді. Әрине, қосымша наносекундтардың сіздің өміріңізге әсер етуі шамалы болуы мүмкін. Алайда бұл — факт.

Атақты физик Альберт Эйнштейн өзінің «Салыстырмалық теориясында» кеңістік пен уақыт арасында байланыс бар екенін айтады. Кеңістіктің алға-артқа, жоғары-төмен, оңға-солға дейтін үш өлшемі болса, Эйнштейн уақытты төртінші өлшем ретінде қарастыруды ұсынады. Осылайша кеңістік-уақыттық континуум пайда болады. Егер сіз өте жоғары жылдамдықпен қозғалатын болсаңыз, сіздің кеңістік пен уақытты сезінуіңіз Жердегі адамға қарағанда басқаша болады. Жылдамдық неғұрлым жоғары болса, уақыт соғұрлым баяу өтеді.

Біле білсеніз, әлемде жердің айналуын зерттеумен айналысатын Халықаралық Жер қозғалысы қызметі (IERS) бар. Міне, осы мекеме 2020 жылы біздің Жер ғаламшарымыз өз айналуына сәл-пәл қарқын қосқанын мәлімдеген болатын. Жердің жылдамдығының артуының салдарынан жер бетіндегі күндізгі уақыт 0,5 секундқа қысқара түскен.

Осыдан 440 миллион жыл бұрын жердің күнді бір мәрте айналып шығуына бақандай 412 күн кететін болған. Яғни біздің қазіргі жыл санауымызға салып салыстырар болсақ, бұл бір жылда 412 күн болды деген сөз. Осыдан 370 миллион жыл бұрын Жер Күнді 398 күнде айналған. Егер Жер мен Айдың арасындағы қашықтықтың қысқармағанын ескерсек, ендеше бұл Жердің Күнді айналу жылдамдығының артып келе жатқанын аңғартатын ақиқат. Осылайша, қысқара келе, біздің алдымыздағы 65 миллион жыл бұрын Жердің қарқын қосқаны соншалық, Күнді айналуға жұмсалатын уақыт үш жүз жетпіс алты күнге дейін қысқарды. Ал қазір енді Жердің Күн жүйесін қанша уақытта айналатынын өздеріңіз де білесіздер. Бір жылда 365 күн бар деп есептеледі. Алайда, 2020 жыл ғалымдардың есептеулеріне құлпытпен жерден өзгеріс енгізген жыл болды. Жердің өз осінде айналу жылдамдығының артқанына дәлел — 2020 жылдың 19 шілдесі әдеттегі тәуліктік мерзімнен 1,4602 миллисекундқа қысқара аяқталған. Айта кететіміз керек, атом сағаты ойлап табылған уақыттан бастап жер бетіндегі уақыт миллисекундпен өлшене бастады.

Ғылыми негіздемеге сүйенсек, Жердің қозғалу жылдамдығына Айдың тартылысы, жыл сайын Жер бетіндегі атмосфера қабатына түсетін жауын-шашын, сондай-ақ, тау жыныстарының мүжілуі, мұз-



Ғаламға технологияның бірі жаңалығы — ғаламтор келгелі адамзаттың өмірі де күрт өзгерді деуге болады. Интернеттің пайда болуы адамзатқа Төртінші индустриялық революция кезеңіне өтуге мүмкіндік берді. Интернеттің таралу қарқыны да өте жылдам болды. Мысалы 50 миллиондық аудиторияны қамту үшін радиоға 30 жыл, теледидарға 13 жыл қажет болса, ал интернетке тек 4 жыл жеткілікті болды.

дықтардың жиналуы секілді табиғи құбылыстар да ықпал етеді екен-мыс.

Жалпы 1962 жылдан бері уақыт атом сағатының көмегімен есептеле бастаған кезден бастап тәуліктің әдеттегі өлшемінен қысқа болуы — бұрын-соңды байқалмаған құбылыс. Алайда геофизиктер Жердің қозғалысына аз-аздап қарқын қосуы сонау 2016 жылдардан басталғанын айтады.

ТҮЙІН:

«Уақытты тоқтатар шамаң бар ма? Бәрі өтеді адамдар, замандар да» деген Мұқағали ақынның өлең шумақтары мысал еткендей, біздің өміріміз уақытқа жүрмейді. Дегенмен, біз оны тиімді пайдалана аламыз. Ақпараттар ағыны толассыз жүйткіген жаһанданған дәуірде біздің миымызда бос орын қалмай барады. Ал миымыз ақпаратты көбірек сіңірген сайын дәл қазіргі сәттің бақытын сезіне бермейміз. Джон Рокфеллердің «Арзан әңгімеге құмар адам қымбат уақытты жоғалтады» деген сөзі бар. Ендеше қымбат уақытымызды тек қымбат естеліктерге арнайық.

ТЫЛСЫМҒА ТОЛЫ

«ТОП АҒАШ»

Қасиетті мекеннің құпиясы қашан ашылады?

Жамбыл облысында аңыз мен ақиқаты астасып жатқан тарихи орындар аз емес. Есте жоқ ескі заманнан сыр шерткен мұндай мекендердің тылсымы мен құпиясы да жетерлік. Міне, сондай жарытылысы беймәлім жер Т. Рысқұлов ауданындағы «Топ ағашы» саналады. Ерекше қасиетке ие орын жайлы ел ішінде жылдар бойы айтылып келе жатқанымен, әлі күнге жұмбағы ашылмауда.

«Топ ағаш» атанған киелі жер Т. Рысқұлов ауданы Ақыртөбе ауылының солтүстік шығысында орын тепкен. Бұл жерді елді мекендегі адамдар білмесе, сырттан келгендер тап басып таба алмауы бек мүмкін. Себебі киелі орынның орналасқан жері жыл мезгілдеріне қарай түрлі түске еніп, кейде адам көзіне елес сағымдай көрінеді.

Аңыз бойынша бұл жерде 1378 жылдары Мақтым Ағзам Қожаның немересі Нүрилә дүниеге келіп, өмір жолында өрнек тоқу өнерімен айналысқан көрінеді. Ел ішінде «Домалақ ана» атанып кеткен бойжеткен Бәйдібек биенен де осы манда кездескен. Құдықтан су алып жатқан сұлуға көз түскен Бәйдібек оған жақындай келгенде арудың аяғы тайып кетіп құлай жаздапты. Осы сәтте бойжеткеннің белінен қаршып ұстаған би тағдырын тапқанын түсініп, қос ғашық некесін қиған екен. Бүгінгі күнге дейін «Топ ағаш» ішінде орналасқан бұл құдықтың суы қасиетті саналады.

Ал 1726 жылы Болат хан билік құрған тұста Бөгенбай батыр бастаған казактар осы әулие «Топ ағаш» манында жоңғарларды тас-талқан етеді. Жаудың қолы бірнеше есе көп болса да казактар қайсарлық танытып жоңғарларды ойсырата жеңген. Сол кезде Төле би бабамыз: «Қызымызды күн, ұлымызды құл қылған сұмырайлардың беті қайтты-ау. Қазак басына енді мұндай зұлмат тумасын», — деп бата берген екен. Осыдан бастап бұл жер «Сұмқайтты» деп аталып кеткен.

«Сұмқайтты» шайқасында казактар тарихи жеңіске қол жеткізгенімен, ұрыс кезінде көптеген балықтар мен сарбазы қаза тапты. Міне, осы сардарлардың қаны төгілген жерлерден топ ағашы өсіп шыққан деген аңыз бар. Бір батыр қаза тапқан жерден бір түп ағаш, ал бірнеше сарбаздың денесі жатқан орыннан топта-

сып ағаштар бүршік жарған көрінеді. Ал ең таңғаларлығы, бір жерден өсіп шыққан ағаштардың жапырақтары әртүрлі. Бірі үшбұрыш болып келсе, енді бірі — домалақтау сипатта. Үшінші ағаштың жапырағы болса, бастапқы екеуіне мүлде ұқсамайды. «Топ ағашта» талай жылдан бері шырақшы болып келе жатқан Ғалымжан Ұзақбаев әр жапырақтың тылсымы мен ерекше қасиеті бар екенін айтады. Оның сөзіне сүйенсек, топ ағаш батырлар мазарының үстіне өскендіктен, жапырақтың әртүрлі болуы үш жүзге байланысты көрінеді. «Бірі Ұлы жүз болса, екіншісі Орта жүз, үшіншісі мұнда Кіші жүз ұрпағы жатқанын білдіреді», — дейді шырақшы.

Топ ағаштың тылсымы мұнымен шектелмейді. Мұндағы ағаштардың көшетін алып басқа жерге ексең, мүлде өспейді. Сондай-ақ ағаштардың жапырағын өзінмен бірге алып кетуге болмайды. Себебі Құлан ауылында тұратын бір бойжеткен ағаш жапырағын қалтасына салып үйіне апарған күннің түні түс көрген екен. Түсіне ақ киімді адамдар еніп, қызды әбден қысыпты. Ерtesіне немересінің түсін жорыған әжесі киелі мекендегі ағаш жапырағын қайта орнына апаруды тапсырады. Әжесінің айтқанын орындап, түс қайта Тараз қаласына жолға шыққан бойжеткеннің жол апатынан қаза тапқаны туралы хабар келген. Бұған сенгісі келмеген әжесі мөйітханаға барып қараса, апатқа ұшыраған оның немересі болмай шыққан. Не қуанарын, не жыларын білмеген әже немересіне қоңырау шалса, ол аман-есен екенін айтқан. Осы тұста адам айтса сенгісіз жағдай — жол апатынан қаза тапқан бойжеткеннің аты-жөні әжейдің немересінің тегімен дәл келген. Тіпті, екеуінің жасы мен дене пішімі де бірдей болыпты. Тек бақылық болған қыз үлкен күре жолмен жолаушы ретінде өтіп



бара жатқан басқа өңірдің тұрғыны болып шыққан.

Міне, осы оқиғадан кейін құландықтар «Топ ағашының» киелілігіне күмәнсіз сенетін болған. «Егер әженің немересі жапырақты дер кезінде мекеніне қайта апарып қоймағанда, жол апатына сол ұшырар ма еді?» деген де наным осы күнге дейін айтылады.

Тоғайда «Әбілқайыр ханның өзі отырғызды» делінетін де тал бар. Кеңестік кезеңде ағаштарды НКВД адамдары толықтай кесіп, көзін жоймақшы да болыпты. Алайда ағаштарды кескендер түрлі ауруға шалдығып, қансырап өлген көрінеді. Бұл әңгіме ел аузында таралып, бүгінгі күнге жеткен.

Топ ағашта тоғыз әулие тас бар. Халық оны тоғыз батырдың бейнесі деп атайды. Одан бөлек, Адам ата, Хауа ана сияқты атау алған ағаштар алыптығымен өткен күннен сыр шертіп тұр. Ал періштелер талдың түбіндегі кішкене бұлақтың суының емдік қасиеті бар деседі жұрт.

Топ ағаштың тылсымына көз жеткізген адамдардың да саны күн санап артууда. Мәселен, 2015 жылы Т. Рысқұлов ауданының тұрғыны Ләззат Өтеулиева «Топ ағашында» жүріп, талдарды суретке түсіреді. Кейін ашып қараса тал түбінде намаз оқып тұрған адам бейнесіндегі ақ сұлбаны көріп, аң-таң болады. Суретті шырақшыға көрсеткенде: «Бұл жер тыл-



«Отбасымда XIII ғасырлық Құран кітап бар болатын. Соны оқу арқылы осы қасиетті мекенге тап болдым. Алғашқыда түс көріп, түсімде маған бұл жер «Алтынтөбе» деп аталады деген аян берілді. Кейін сұрастыра жүріп, осы қасиетті «Топ ағашына» келдім», — дейді шырақшы.

Егер «Топ ағашынан» тарихи Ақыртас қалашығы мен көненің көзі саналған Ақыртөбе ауылын байланыстыра сызсаң, әлем діндерінің орталығы саналған Мекке, Медина, Иерусалим сынды үш бұрышты пирамида пайда болады. Бұл да әлі ешкім түсіндіре алмай жатқан жұмбақ құбылыс.

Түнде «Топ ағашта» қанатты ақ тұлпардың сағпап жүргенін көргенін айтқандар да бар. Ал оның артында жылқылардың тұяғының дүбірі естіліп, қиян-кескі шайқас үні шығатын көрінеді.

Шырақшы Ғалымжанның айтуынша, кейінгі жылдары бұл маңға сырттан көп адам келе бастаған екен. Оның ішінде зағип жандардың жанары ашылып, жүруден қалғандар аяғынан тік тұрып, ауыр сырқатқа шалдыққандар індетінен құлан таза айғырып кетіпті. Келушілердің дені кезінде Домалақ ана су алған құдықтан су ішіп, сол жерге түнгеннен кейін денсаулығы дұрысталаып, бойына ерекше бір күш келгенін айтқан.

«Топ ағаштағы» талдардан бөлек, тастарының да қасиеті ерекше. Мәселен, сұр тас бас ауруларын емдейтін болса, ақ тас бауыр дертіне дауа дарытқан. Ал мұндағы ең қасиетті кара тас саналады. Өйткені оның бетіне табиғат тылсымымен «Аллах» сөзі араб тілінде бедерленіп жазылған.

Иә, «Топ ағашының» қасиетімен қатар тылсымы да көп. Бір өкінішті, осындай киелі жерге осы таңға дейін бірде-бір ғылыми, не археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Егер біз «Топ ағашының» құпиясын ашып, қасиетін барынша таныта алсақ, бұл тарихымыздың жаңа парағын ашып қана қоймай, туристерді де лек-легімен тартар еді. Ал бұл өңір экономикасына үлкен демеу. Сондықтан «Топ ағашына» ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді облыстың атқамінерлері жақын жылдары қолға алады деп сенеміз.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

ҚЫРЫҚ БІР ЖЫЛ ҚОРДА САҚТАЛҒАН ҚОЛЖАЗБА

Қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, көмеңгер ақын Абай Құнанбаевтың өлеңдері, поэмалары құнды әдеби құнды мұрамыз саналады. Сыршыл лириканың шебері, жазбаша әдебиеттің негізін қалаған ақынның өлеңдер жинағы өзінің көзі тірісінде жарыққа шықпаған. Кейіннен артында қалған асыл мұрасын ұрпақтары жинастырып, баспаға дайындаған. Бүгінде мұндай жинақтардың түпнұсқасы еліміздің мұражайларында құнды жәдігер ретінде сақталуда.

Сондай құнды қолжазбаның бірі Сыр өңірінен табылды. Ақынның өлеңдер жинағының түпнұсқасы Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде қырық жылдан астам уақыт бойына көзден таса қалып келген. Оны мұражайдың ғылыми хатшысы Асхат Сайлау кездесіп байқап қалады.

«Музейдегі қолжазбалар қорын топтама қылып шығару мақсатында зерттегенмін. Қорда 200-250 кітап бар. Оның көпшілігі парсы, шағатай тілдерінде жазылған. Соның арасынан осы кітап шықты. Тексерсе келе бұл кітапты 1982 жылы музейге Мыната Калдыбаев деген кісі сыйға тартқаны белгілі болды. Алайда бұл қолжазба бірде-бір рет экспозицияға қойылмапты. Шамасы, өзге тілде жазылғандықтан аса назар аудармаған болар. Кітаптың қайта реставрациядан өткізілгені көрініп тұр. Зерттей келе, бұл Абай Құнанбаевтың өлеңдер жинағы екені белгілі болды. Қазір оған аударма жұмыс-



тар ақынның өлеңдер жинағының түпнұсқасын қолға алды», — дейді ғылыми хатшы.

Қазір музей қорынан табылған көне қолжазбаны тәржімалауды қолға алған — өлкетанушы Жұмабай Байзақұлы. Бірнеше күннен бері Абай жинағымен жұмыс істеп жатқан ол кітапта ұлы ақынның өз өлеңдерімен қатар көптеген аудармасы топтастырылғанын айтады. Оның айтуынша, кітап 256 беттен тұрады. Мұнда ақынның 115 өлеңі енгізіліпті. «Кітаптың алғашқы 36 беті жоқ. Жинақ «Мағзұт» поэмасынан бастау алады. Кітапта осы шығарманың алғашқы 14 қатары жазылмаған. Мұны Абайдың 1961 жылы шыққан толық шығармаларымен салыстыра отырып анықтадым. Сондай-ақ тағы бір өлеңінің алғашқы 44 қатары жоқ екен. Яғни, кейбір өлеңдер толық жазылмапты. Жалпы, көне қолжазбаны зерттеу барысында кітап-

арнайы барып, сирек кітаптар қорында жұмыс зерттеу жүргіздім. Кітапханадағы ақынның өлеңдер жинағымен салыстырдым. Бір айтарым, бұл Ахмет Байтұрсынұлының еңбегіне тиесілі емесін сенімді түрде айта аламын. Әзірге бұл кітап 1922 жылы «Қазан» баспасынан жарық көрген деген тұжырымға келіп отырмыз», — дейді өлкетанушы Жұмабай Байзақұлы.

Аталмыш өлеңдер жинағының «Қазан» баспасынан шығуы мүмкін деп айтылуына да негіз бар. Себебі жинақтағы өлеңдердің оқылуында татар тіліне ұқсас келетін тұстары жетерлік. Сондай-ақ жинақтың қолжазбасын алғаш музейге табыстаған адам да «Қазан» баспасынан жарық көргенін айтыпты.

Көне қолжазба жинағы негізінен 13 бөлімнен құралған. Әр бөлімге өзіндік атау беріліп, ақын-

ның өлеңдер топтамасы жазылған. Соның ішінде «Мағзұт» поэмасы, «Сегіз аяқ», «Өзі туралы», «Замандастар туралы», «Уақыт», «Ой туралы», «Өлең туралы», «Сүйу туралы», «Сұлу қыз туралы», «Аңшылық туралы», «Жылдың төрт мезгілі» секілді бөлімдер және аудармалар қамтылған. Аудармалар бөлімі негізінен Пушкин мен Лермонтов шығармаларына негізделген.

Жалпы, Абай Құнанбаевтың ғасыр басында жарыққа шыққан жинағы көп емес. Соның ішінде алғашқы жинағы 1909 жылы ақынның інілері Тұрағұл мен Көкітайдың құрастыруымен Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен Санкт-Петербургтағы баспада басылған. Сол уақытта бұл жинақтың таралымы аз болады. Түрлі себепке байланысты Қазақстанның түкпір-түкпіріне жетпейді. Сондықтан Кеңес Үкіметінің ал-

ғының қолжазбасын 1922 жылы Қазан мен Ташкент қаласында басылып шыққан кітаптармен салыстыруға келеді. Тарихи дерекке сүйенсек, сол кездегі Бернияз Күлеев деген жалынды жас ақын Алаш қайраткерлерінің ұйғарымымен Қазақ АССР Ағарту министрлігінің ұсынысы негізінде Қазан қаласындағы баспа ісінің өкілі ретінде жұмыс істеген екен. Жас ақын 1920 жылы осы қызметке тағайындалғанда 20 жаста болыпты. Қызмет атқарған жылдары ол Абайдың, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыровтардың кітаптарын шығарыпты. Бернияз ұлы Абайдың өлеңдерін өзіне үлгі, өнеге тұтқан ақын ретінде танымал. Мағжан Жұмабаев секілді қазақтың лирик, романтик ақындарының бірі болды. Оның алға қойған міндеті де ауқымды еді. Соның ішінде Абайдың 1909 жылғы жинаққа еңбей қалған өлеңдерін толықтыруды мақсат тұтады. Ұлы ақынның кара сөздері мен өлеңдерінің толық нұсқасын жасау, Абайдың өмірбаяны мен суреттерін жинақтауға ден қояды. Алайда сол кездегі аумалы-төкпелі заман көп нәрсеге

өткеніміздей, 1909 жылғы Тұрағұл мен Көкітайдың жинағын қайта толықтырып, сөз басын жазып, жарыққа шығарады», — деп түсіндірді бізге бұл жайында Абайтанушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультеті, Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосан.

Абайтанушы 1922 жылы Ташкентте шыққан Абай өлеңдерінің жинағын қазақтан шыққан алғашқы елші ретінде танымал Нәзір Төреқұлов құрастырғанын алға тартады. Алайда оның жинағы да 1909 жылғы жинақты қайталайтын айтты. Сыр мұражайынан табылған еңбек төте жазу үлгісінде әзірленген. Ал 1922 жылдан кейінгі жинақтар тек латын, кирилл қарпінде басылған. Сондықтан бұл жинақ сол 1922 жылғы Қазан, Ташкент қалаларында жарық көрген жинақпен сәйкес келетінін мәлімдеді. Сондай-ақ бұл жинақта көрсетілген 13 бөлімнің атауы да 1909 жылы шыққан топтаманы қайталайтынын дәйек ретінде ұсынды.

Абайтанушы Сыр өңірінен табылған жинақтың өзінде суретін ғана көргенін айтады. Кітаптың түпнұсқасын қолына алып, танысып шықпай, нақты тұжырым жасау қиын екенін жеткізді.

Қазір Сыр музейінің сирек кітаптар қорынан табылған көнеден жеткен құнды жинақ қызу зерттеу үстінде. Өлкетанушы аударма жұмыстарын толық аяқтаған соң өлеңдер топтамасын баспадан заманауи үлгіде қайтадан басып шығаруды мақсат тұтып отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

“
Әзірге бұл кітап 1922 жылы «Қазан» баспасынан жарық көрген деген тұжырымға келіп отырмыз.

ғашқы жылдарында Абай шығармашылығына сұраныс көп болды. Сол себепті алдымен Қазан, кейіннен Ташкент қаласында Алаш қайраткерлері мен ұлттық азаматтардың жетекшілігімен Абай жинағы тағы екі рет жарық көреді.

«Жалпы, Сыр мұражайынан табылған Абай өлеңдері жина-

келергі келтіреді. Ақынның туыстарымен, ұрпақтарымен байланыс орнатқанымен, тұшымды мағлұмат жинауға мүмкіндік бола бермеген. Соған қарамастан ұзақ ізденістің нәтижесінде 1922 жылы Қазан қаласында Абайдың өлеңдер жинағын қайта басып шығарған деген дерек бар. Яғни, жоғарыда айтып

«ДАМУМЕН» БІРГЕ

ДАМЫП КЕЛЕМІЗ

Мұнайлы өлке елімізде бизнесті мемлекеттік қолдау және кәсіпкерлік секторды дамыту сатысы бойынша алдыңғы орында тұр. Біз бұған «Даму» қорының Маңғыстау облысы бойынша аймақтық филиалы ұйымдастырған баспасөз туры аясында өңірлік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен бірге жүріп көз жеткіздік.

Алдымен «Маңғыстау облысында шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламаларын іске асыру шаралары» тақырыбында баспасөз конференциясы өтті. Басқосуда өңірлік филиал директорының орынбасары Гүлсая Ахметова «Даму» қорының кәсіпкерлерді қаржылай қолдау нәтижелері туралы әңгімелеп берді.

— Бизнесті қолдау және дамыту бағдарламалары жұмыс істеген сәттен бастап, «Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» бойынша кәсіпкерлердің жалпы сомасы 285,3 млрд теңгеден астам несиелері бойынша 4 558-ден астам жобасына, «Кепілдендіру» бойынша кепілдік сомасы 41,1 млрд теңгеден астам, жалпы сомасы 80,9 млрд теңгені құрайтын несиелер бойынша 3 853 кәсіпкердің жобасына қолдау көрсетілді.

Мәселен, биыл «Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау» бойынша кәсіпкерлердің жалпы сомасы 30,1 млрд теңгеден астам 733 жобасы қолдау тапты. Оның ішінде ұлттық жоба шеңберінде несие сомасы 28,6 млрд теңгеден астам 728 жоба, «Қарапайым заттар» экономикасы бойынша жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеден астам 5 жоба, «Кепілдендіру» бойынша облыс кәсіпкерлерінің жалпы кредит сомасы 15,1 млрд теңгені, ал кепілдік сомасы 7,6 млрд теңгені құрайтын 559 жоба қанағаттандырылды, — дейді Гүлсая Жұмабайқызы.

Біз баспасөз туры аясында мемлекеттік бағдарламалар арқылы өңірдегі бизнесті дамытуға қолдау алған бірқатар кәсіпорынды аралап көрдік. Алдымен бас сұққанымыз «Каскор-Машзавод» ЖШС болды. Ақтау қаласының іргесінде орын тепкен мекеме Қазақстанның мен деген мүйізі қарағайдай алпауыт компанияларымен тұрақты жұмыс істеп келеді екен. Сонымен бірге ол еліміздің машина жасау саласында жедел дамып келе жатыр.

Зауыт 1990 жылы құрылған. Қызметінің негізгі түрі — мұнай және газ өнді-

руге арналған мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын дайындап, жасап шығару. Атап айтқанда, мұнай қыздырғыш пештер (сағалық жылытқыштар, жол жылытқыштары және тағы басқалар), ұңғымаларды бұрғылау, өндіру және кейін пайдалану үшін пайдаланылатын құбырлардың мұнай соратын, оның ішінде Premium класты бұрандалы сорғы-компрессорлық, мұнай-газ кәсіпшілігі құбырларын өндіру және жеткізу. Зауыттың техникалық директоры Жұмалы Ергалиевтің айтуынша, зауыт өнімін тұтынушылар қатарында «Маңғыстаумұнайгаз», «Өзенмұнайгаз», «Қаражам-басмұнай», «Ембімұнай» т.б. сияқты ірі мұнай кәсіпшіліктері бар. Соның ішінде «Өзенмұнайгазбен» 3 жылдық келісім-шарттары жасалған.

— Біз 2021 жылы кәсібімізді өркендету мақсатында Халық банкі және «Даму» қорының қолдауымен қомақты қаржы алдық. Мақсатымыз — техникалық құрал-жабдықтарды жанарту болды. Соның ішінде сорғы штангілеріне, компрессор тұрбаларға қолданатын муфті өндірісін қолға алып, өндіріс көлемін кеңейте түстік. Сосын тағы да 3 млрд 740 млн теңге қарыз алып, осы өңірге қажетті, көп жылдан бері жоспарымызда жүрген сорғы штангілерін шығарып, жергілікті тұтынушыларды қамтамасыз етіп отырмыз. Қазір оның 3 түрін, яғни диаметрі 18, 22 және 25 болатын сорғыларды шығарып жатырмыз. Біз Германия, Швейцария, Қытай және Ресей сияқты озық технологиялы елдерден құрал-жабдықтар сатып алдық, 80 пайызға жуық алған қаржымызды игердік.

Компания «Бизнестің Жол картасы — 2025» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қызметті кеңейтуге, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арқылы мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын шығару бойынша өндірісті жаңғыртуға жылдық 14% мөлшерлемесмен қолдау алды, оның 6%-ын кәсіпкер төлейді, ал қалғанын мемлекет субсидиялайды, — дейді атқарушы директор.

Мекеме корпусы, бұрғылау құбырлары, сорғы штангалары, әртүрлі конфигурациядағы сыйымдылық жабдықтары, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар, мұнай



өнімдерін сақтауға арналған резервуарлар, мұнай-газ секторы үшін әртүрлі күрделіліктегі металл конструкциялар т.б. шығару жұмыстарымен айналысады. Зауыттың барлық өнімі тұтынушылардың талаптарына ескере отырып, нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес шығарылады және ұлттық, мемлекетаралық және халықаралық стандарттардың талаптарына толық сәйкес келеді. Бүгінде компанияда 365 адам жұмыс істеп жатыр.

«Даму» қорымен қоян-қолтық жұмыс істеп келе жатқан серіктестің бірі — «Тұпқараған-Финанс» ЖШС. Нарықта 20 жылға жуық уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқан мекеменің негізгі қызметі — халыққа қонақүй мен мейрамхана қызметін көрсету. Компания кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында әкімшілік ғимаратты қонақүй ретінде қайта жанартуға субсидиялау бойынша қолдау алған.

— «Достық» қонақүйі Ақтау қаласының қас-қарсаңында орналасқан. Мұнда абсолютті жаңа жайлы және 70 эксклюзивті, жақсы безендірілген бөлмелер бар. Әрбір жеке бөлме хош иістендірілген, жүйкеңді тыныштандыратын, қолдан жасалған бұйымдар көз тарталды.

Қонақүйге келушілер 42 стандартты бөлме, 23 люкс, 5 люкс, king-size кереуеті бар тандай алады. Бөлмелер ыңғайлы

кереуетпен, жоғары жылдамдықты интернетпен, көп арналы СКД теледидарымен, шағын тоназытқыштар, есіктерге арналған электронды карталармен, түтін детекторларымен, сейфтермен, кір жуу қызметтерімен және бөлме қызметтерімен жабдықталған, — дейді «Тұпқараған-Финанс» компаниясының қаржылық директоры Мария Көбешова.

Компания ForteBank акционерлік қоғамына жүгініп, жылдық 18,5% қарыз алған. Оның 9%-ын «Даму» қоры субсидияласа, қалған 6%-ын кәсіпкер төлейді. Осы жана қонақүйдің арқасында Ақтау қаласына туристер ағыны артып, жаңа жұмыс орындары ашылған.

Біздің соңғы барған мекемеміз «Асклепий» ЖШС болды. Офтальмология, яғни адамның көру мүшесінің физиологиясын, анатомиясын, көз ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алуды зерттейтін медицина саласымен айналысатын компания қаланың көп тұрғындар шоғырланған ауданына орналасыпты.

— Бүгінде офтальмологияда технологиялық революция жүріп жатыр. Оны жасаған микроскоп. Бұрыннан белгілі қарапайым емес, операциялық. Бұл адамның ең нәзік органы — көздің тереңдігіне енуге мүмкіндік берді. Операциялық микроскоптың арқасында тірі көздің микроөлеміне кіріп қана қоймай, ол жерде «таза-

лық» жасауға мүмкіндік туды, — дейді компанияның құрылтайшысы Ғалымжан Құлымбаев. Офтальмология саласында 20 жылдан астам тәжірибесі бар маманның айтуынша, жоғарыда айтқан революциялық әдісті офтальмологиялық және невропатологиялық қызметтерді ұсынумен айналысатын «Асклепий» ЖШС да қолданады екен.

Клиникада барлық дәрежелі операция жасайтын операциялық блок, күндізгі стационар және линзалар мен көзілдірікті әр адамға дербес таңдап беретін оптика бар. Науқастарға көздің ішкі тор қабығын лазерлік емдеу, кайталама катаракта мен глаукома, катаракта мен глаукома хирургиясы, көздің ультрадыбыстық зерттеуі, циклоскопия сияқты қызметтер көрсетіледі екен. Журналистер қауымы мұндағы құрал-жабдықтың біразымен танысып, атқаратын қызметін де біліп алды. Мәселен, YAG офтальмологиялық лазері — көздің ішкі тор қабығын фотокоагуляцияға, кайталама катарактаны емдеуге және глаукоманы лазерлік емдеуге арналған көпмақсатты офтальмологиялық лазерлік жүйе. Ал оптикалық когерентті томография — бұл көз құрылымын сканерлеу үшін жарық сәулесін қолданатын диагностикалық зерттеудің бір түрі. Ал Inflight факоэмульсификаторы эргияның үш түрлі түрін механикалық, ультрадыбыстық немесе Aqualase сұйықтығының жоғары жылдамдықты ағынының энергиясын қолдану, сондай-ақ буралу факоэмульсификациясын пайдалану арқылы катарактаны жоюға болатын бірегей хирургиялық қондырғы екен.

Бұл кәсіпкер де коммерциялық ғимаратты «Нұрбанк» АҚ-дан 116 млн теңге қаржы алып, сатып алған. Несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі 21,75% болса, оның 8%-ын кәсіпкер төлейді, ал 13,75%-ын мемлекет субсидиялайды. Қазір клиника 10 адамды жұмыспен қамтып отыр.

— Біздің клиника 2021 жылы ашылды. Содан бері аптасына 20 адамды көз ауруынан арылтып, емдеп келеміз. Қазір көз ауруы біршама жылға жасарып кетті. Болашақта көздің артқы жағы бойынша операция жасауға қол жеткізсек дейміз. Ол үшін, әрине жана құрал-жабдықтар керек, оны сатып алуға тағы да «Даму» қорының қолдауына жүгінеміз, — дейді көз дәрігері.

Біз қайда барсақ та қайнаған енбектің, ел игілігін еселеп жатқан мигірсіз жұмыстың күәсі болдық. «Мұның бәрі кәсіпкер енбегін мемлекет қолдағанының, көмек қолын созғанының арқасы, «Дамумен» бірге дамып келеміз!», — дейді бәрі бірауыздан.

Сағындық РЗАХМЕТОВ,
Ақтау қаласы

ЖОЛАЙРЫҚТАР КЕПТЕЛІСТІ АЗАЙТАДЫ

Шымкент қаласында соңғы жылдары жол құрылысы, көпірлер салу, айналма жол құрылыстары қарқынды жүрді. Соның бірі — тұрғындар көптен күткен Бәйдібек би даңғылындағы айналма жол. Жақында жаңадан тағайындалған қала әкімі Ғабит Сыздықбековтың тапсырмасымен Бәйдібек би — Арғынбеков көшелерінің қиылысында үш деңгейлі жолайрықтың ең жоғары эстакадасы — Бәйдібек би даңғылы көлік қозғалысына ашылды. Оқу жылының басталуына орай көлік қозғалысы жиілеген соң құрылыс қарқыны да күшейтілген болатын.

«ҚҰРЫЛЫСҚА АЛПАУЫТ КОМПАНИЯЛАР ҒАНА ТАРТЫЛМАУЫ ТИІС»

Дәл қазір үшінші мегаполисте автокөлік ағыны көбейіп тұр. Еліміз бойынша бұл мәселеде Шымкент қаласы көш бастап тұрғандықтан, соңғы жылдары жол құрылысына басымдық берілген. Бұл жолайрық та қалада кептелісті азайтып, көліктерге қолайлы жағдай жасайтын бірден-бір маңызды жоба болатын. Жоспарға сәйкес жолайрық үш деңгейлі. Төменгі деңгейде — Арғынбеков көшесі, жоғары деңгейде — Бәйдібек би даңғылы, ортанғы деңгейде — он жақ бұрылыстар мен сақиналы жол орналасатын болады.

Бүгінде жолайрық құрылысы белгіленген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Құрылыс жұмыстарын ыңғайластыра отырып, көліктердің қозғалысына кептелісті азайту мақсатында жол кезең-кезеңімен пайдалануға беріліп жатыр. Бұдан бұрын 15 мамыр күні халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында Арғынбеков көшесі ашылған болатын.

Бүгінде жоспарланған жол құрылыс жұмыстары 80 пайызға орындалған. Енді жолайрық құрылысын толық аяқтап, көліктің барлық бағыттағы қозғалысын қамтамасыз ету жыл соңына жоспарланып отыр.



Қазір қаланың оңтүстік бағытындағы жалғыз кірме-шығыс жолында жүктемелі азайту мақсатында 15,5 шақырымдық Қонаев даңғылының жалғасы салынууда. Жоба бойынша нысан 6 кезеңнен тұрады. Бүгінде жұмыстардың 30 пайызы атқарылған. Жалпы, құрылыс жұмыстарына 53 адам, 20 техника жұмылдырылып отыр.

Нысанға арнайы барып, құрылыс барысын қадағалаған Ғабит Әбдімажитұлы жауаптыларға жұмыстарды мерзімінде аяқтап, жаяу жүргіншілерді қауіпсіздігі үшін бағдарламалар мен жүргіншілер жолын ретке келтіру, жол белгілерін дер кезінде орнату бойынша арнайы тапсырма берді. Онымен қоса, жол құрылысы жұмыстарына тек алпауыт монополистерді емес, заң шеңберінде рұқсат етілген шағын және орта компанияларды да жұмылдыру қажет екеніне тоқталды. Пандустарды да арнайы талаптарға сай салуды тапсырып, ерекше жандардың қауіпсіздігіне назар аударды.

Сондай-ақ қала әкімі жауаптыларға құрылыс барысында жолайрық айналасына жиналатын жауын-шашын суының деңгейіне қарай ирригациялық жүйелердің жұктемесі мен су өткізу қабілетін қада-

ғалап, қазірден қолайсыздықтардың алдын алуды жүктелді.

ИРРИГАЦИЯ САЛУ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Осы тұста айта кетейік, Шымкентте ирригациялық жұмыстар да қарқын алған. Тұран ауданындағы 41 көшеге биыл 24 шақырымдық құрайтын ирригациялық жұмыстар жүргізу жоспарланған. Қазір Қазығұрт, Наурыз, 112 орам аумағындағы 9 көшеге жалпы ұзындығы 5,5 шақырымнан тұратын ирригация салынып, пайдалануға берілді.

Олар — Қазығұрт елді мекені бойынша Жандарбеков, Төлебаев, Баянауыл және атауы жоқ көшелер болса, 112 орамнан — Аманжолов, Нарadowолцов, Темірқазық көшелері, Наурыз шағын ауданынан — Жанкент көшесі, Түркістан шағын ауданынан — Жанқожа батыр көшесі.

Ал қалған 25 көшеде қазір ирригация салу құрылыс жұмыстары қарқынды жалғасуда. Сондай-ақ 8 көшеге мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізіліп жатыр. Аталған жұмыстар биылғы қазан айында толығымен аяқталып, пайдалануға берілетін.

Қазір қаланың оңтүстік бағытындағы жалғыз кірме-шығыс жолында жүктемелі азайту мақсатында 15,5 шақырымдық Қонаев даңғылының жалғасы салынууда. Жоба бойынша нысан 6 кезеңнен тұрады. Бүгінде жұмыстардың 30 пайызы атқарылған. Жалпы, құрылыс жұмыстарына 53 адам, 20 техника жұмылдырылып отыр.

Қонаев даңғылы жалғасының 5-кезеңі Бадам өзенінен әскери бөлімінің тұсына дейінгі аумақты қамтиды. Бұл аралықтың ұзындығы — 4,7 шақырым, ені — 42 метр, 6 жолақты. Ал нысанының 6-кезеңі әскери бөлімінің тұсынан ПҚ-132 дейінгі аралық, бұл кезеңнің ұзындығы — 8,5 шақырым, ені — 15 метр, 4 жолақты.

Аталған кезеңде қазір автомобиль жолының жер төсемдері салынууда. Бригадалар жерасты суы өтетін темірбетонды құбырын орнату жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар қазір Бадам өзенінен өтетін көпірді Саттарханов көшесімен қосу жұмыстары іске асырылууда.

Шымкент қаласында жүріп жатқан тағы бір жол құрылысы — Ташкент — Алматы бағытында қаланы айналып өтетін негізгі магистралды А-2 автомобиль жолын қайта жанарту жұмыстары. Аталған жол — 31 шақырым, 8 кезең бойынша жол құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде 1 және 3-кезеңінің құрылыс жұмыстары мен Бадам өзенінен өтетін көпірдің құрылысы аяқталған. Шілде айында Ынтымақ шағын ауданына баратын жол қиылысынан Темірлан тасжолына дейінгі аралықты қамтитын 2-кезеңі толық аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілген болатын. Жыл соңына дейін 4-кезеңді толығымен аяқтау жоспарланып отыр.

А-2 айналма тасжолының 4-кезеңі Темірлан тасжолынан Бадам өзеніндегі

көпірге дейінгі аралықты қамтиды. Жалпы ұзындығы 1,86 шақырымдық құрайтын автомобиль жолының ені — 35,5 метр, 6 жолақты. Жолдың екі жағынан да арық, жасыл аймақ, тротуар салу, көшені жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде. А-2 айналма тасжолын қайта құру жұмыстары 82 пайызға орындалған.

АУҚЫМДЫ ЖОБА — ОҢТҮСТІК АЙНАЛМА ЖОЛЫ

Шымкент қаласы маңындағы ірі жолкөлік инфрақұрылымының бірі — Оңтүстік айналма жолы салынууда. Айналма жолдың құрылысы Ленгір тасжолынан бастап КХ-15 облыстық маңызы бар автожолына дейінгі аралықты қамтиды. Ұзындығы 16 шақырымдық құрайтын айналма жол барлық транзиттік көлікті қала сыртымен жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар мегаполис көшелеріндегі және қала маңындағы кептелісті азайтып, экологиялық жағдайды жақсарталды. Оған қоса, жол бойында орналасқан елді мекендерде шағын кәсіпкерліктің дамуына ықпал етеді деп күтілуде.

Жоба бойынша көшенің ені 9 метрді құрайды.

Бүгінде Шымкент — Ташкент жолында қиылысатын бөлігінде көпір салынып, жолдың негізі дайындалған. Жол құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен іске асырылып отыр. Бұл жоба қаламыздың инфрақұрылымын дамыту мақсатындағы қажетті жобаның бірі болып есептеледі. Құрылыс жыл соңына дейін бітуі тиіс.

Ал дәл қазір сонымен қатар Адырбеков көшесінің қайта құру жұмыстарына кіретін Мәделі Кожа мен Жібек жолы көшелері аралығында аяқжолдар, ирригациялық латок орнату, жер төсемін дайындау жұмыстары атқарылууда.

Жоба бойынша, жалпы ұзындығы 3,74 шақырымдық жол Адиярзов көшесінен Т.Рыскулов көшесіне дейінгі аралықты қамтиды. Ені 23 метр 4 жолақты жолдың екі жағында ирригациялық жүйе мен жасыл аймақ, тротуар, жарық шамдар қозғалды. Бүгінде құрылыс жұмыстары 76 пайызға орындалып тұр. Адырбеков көшесін қайта құру жұмыстары 2023 жылы толығымен аяқталып, пайдалануға беру жоспарланған.

Үшінші мегаполисте жол қозғалысын реттеуге қатысты осындай ауқымды шаралар атқарылууда.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Jasyl jurek – қолданысқа жарамсыз полиэтилен қалталардан сырға, сөмке жасап, секондхендтегі материалдардан жаңа киім тігіп, қалдықтарды іске жаратып жүрген апалы-сіңілі Саида және Дина Ыбышевтардың эко-жобасы. Олар сондай-ақ пластик қалдықтарды қайта өңдеуге арналған шеберлік сабақтарын да өткізеді.

ЖАРАМСЫЗ ПАКЕТКЕ

«ЖАҢА ӨМІР»

сыйлайды



Жанель ҚҰТТЫБАЙ

КИТТІҢ ОҚИҒАСЫ ҚАТТЫ ӘСЕР ЕТТІ

Саида мен Динаның бұл жобаман айналысуына интернеттегі бейнежазба түрткі болған екен.

— Осыдан бес жыл бұрын Facebook-те су жағасында өлім аузында жатқан киттің видеосын көрдім. Мамандар әлгі киттің ішінен 300 пакет алып шыққан екен. Кит осы пакеттерден ас қорыта алмай киналып, жағаға жүзіп келіпті. Сол уақытқа дейін пластиктің қайдан келіп, қайда кететінін зерттеп көрмеппін. Жаңағы видеодан кейін, пластик қалдықтарды табиғатқа зиян тигізбейтін етіп өңдеудің жолдарын қарастыра бастадым. Іздеп жүріп Precious Plastic жобасын тауып алдым. Жоба авторы пластик өңдейтін кішкентай көліктер ойлап тапқан. Мен де осы жобаға ұқсас бір дүние жасағым келді, — дейді жоба авторы Саида Ыбышева.

Бастапқыда Саида мен Дина бұл жобаға грант бағдарламаларын іздегіреді. Бірақ түрлі бағдарламаға өтініш бергенімен, нәтиже болмаған.

— Түрлі бағдарламаға өтініш беріп көрдік. Бірақ ешкім қаржы бергісі келмеді. Қазақстанда мұндай іске бөлген ақша ақталмайтын айтып қайтарды. Сосын әзірге басқа не істеуге болатынын ойладық. Jasyl jurek осылай өмірге келген еді, — дейді Дина.

ҚАЛДЫҚТЫ ӨНДЕУ – КҮРДЕЛІ ЖҰМЫС

Жоба авторлары бастапқы кезде өнімдерін өз таныстары арасында ғана өткізген. Әлеуметтік желідегі жобаның парақшасы ашылмай тұрып, өз парақшаларында бұйымдарын салып жүрген. Осылайша, достарының қолдауымен бұйымдар жан-жақты сұранысқа ие бола бастапты. Алғашқы жұмыстары пакеттен жасалған сырға болыпты. Авторлар полиэтилен пакеттерінен бұйым жасау сырт көзге оңай көрінгенімен, оның да машақаты көп екенін айтады.

— Шафта толып жататын пакеттерді алып, сырға жасап көрдік. Ол кезде жобаның арнайы парақшасы жоқ еді, жеке парақшамызға салып жүрдік. Достарымыз мақтап, керемет идея екенін айтып, қолдады. Кейін пакеттерден фотосурет салатын рама жасай бастадық. Бірақ бұған көп уақыт пен көп пакет керек екен, — дейді Саида

Мәселен, бір рама істеуге шамамен 1 500 пакет кеткен. Қалалық көрмелердің біріне қою үшін раманың үлкендеу өлшеміндегі 10 данасын арнайы тапсырыспен



ешкім бағалай алмайды деп барған едім. Ашыла салысымен, бір ер адам келіп, жұмыс туралы, нені қалай жасайтынымызды сұрады. Мен де қызығып жатыр деп ойлап қуанып, бәрін айтып бердім. Бір кезде «Онда мен үйдегі қолданылған дәретхана қағаздарын да сендерге әкеп берейін, соны өңдеп беріңдер» деп күлді. Бетімнен шапалақпен салып қалғандай болды. Қатты ренжіп, көңілім түсті. Оның үстіне, ол мұны бәріне естірте айтты. Содан кейін көп уақыт Instagram парақшаға да ештеңе салмай кеттім. Бәрі сол адам сияқты ойлайтындай көріне берді, — дейді Дина Ыбышева.

Саида да осындай жағдайлардың көп болғанын растады.

— Сол жәрмеңке бізді көпке таныстырған алғашқы шара болған соң жалдымызда қатты сақталды. Бір әйел ұлын шақырып, «Қарашы, қандай әдемі заттар, бірдене сағып алайық» дегенде баласы бізге естіртін: «Қойшы, ақша төлеген соң «нормальный» зат алсақ қайтеді, коқыс үшін ақша төлейміз бе?» деп кетті. Осындай пікірлер жанымызды жабырқататыны бар, — делі ол.

ӨНІМДЕРДІҢ БАҒАСЫ АСА ҚЫМБАТ ЕМЕС

Jasyl Jurek жоба өнімдері қолжетімді бағада сатылады.

— Егер АҚШ-та болсақ, сырғалар үшін халық әлдеқайда жоғары баға ұсынар еді. Біз жасаған сырғалардың ең қымбаты — 5 000 теңге. Басында әдемі болсын деп табиғи тастарды да қосатын болған соң солай қымбаттау шығатын. Ал қазір пластиктен-ақ жап-жақсы сырғалар жасап жүрміз. Бағасы — 1 000-1 500 теңге, — дейді жоба авторы Дина Ыбышева.

Jasyl Jurek-те сырғамен қатар, кардхолдер, сөмке де сатылады. Әрі кітап арасына қоятын

жасаған. Оларды істейтін кезде шикізат таппай қиналғандарын айтады.

— Сол 10 раманы істегенде қатты киналып, жобадан сәл шаршап қалғандай болдық. Себебі бұл — өте күрделі жұмыс. Әуелі пакет жинап, керегін пергамент қағаздардың ортасына қойып үтіктейміз. Кейін оның бәрін өзімізге қажет пішінмен жинап, тұмшашешке салып, күйдіреміз. Ол еріген соң, рама шығады, — делі Дина.

Жобаның YouTube желісіндегі арнадарын көруге болады. Онда жоба авторлары пластикалық пакеттерді қайта өңдеу арқылы



“

Түрлі бағдарламаға өтініш беріп көрдік. Бірақ ешкім қаржы бергісі келмеді. Қазақстанда мұндай іске бөлген ақша ақталмайтынын айтып қайтарды. Сосын әзірге басқа не істеуге болатынын ойладық. Jasyl jurek осылай өмірге келген еді, — дейді Дина.

көркем заттарды жасауды үйренемін деушілерге шеберлік сабақтарын өткізген.

АЛҒАШҚЫ ЖӨРМЕҢКЕ АПТЫҒЫМЫЗДЫ БАСЫП ТАСТАДЫ

Бастапқы кезде жобаны барлығы дерлік қолдамаған, сынап-мінегендер де табылған. Дина Ыбышева алғаш жәрмеңкеге қатысқан күні қатты сынға қалғанын айтты.

— Тақырыптық жәрмеңке болған соң онда сауатты, экологияға бей-жай қарамайтын адам көп болады, біздің жұмысты солардан асып

бетбелгілерде бар. Жоба өнімдерінен киімдерді де кезіктіруге болады. Авторлар бұл киімдерді секондхенд дүкендеріндегі қолданысқа жарамай қалған ескі маталардан жасалған. Киімдердің бәрі де ерекше дизайнмен тігілген.

Авторлардың айтуынша, халықтың, оның ішінде жастардың жоба өнімдерін тұтынуға деген қызығушылықтары біртіндеп өсіп келеді. Демек, бұл жоба адамдардың экологиялық проблемаға көзін ашып қана қоймай, қалдықтарды қайта өңдеп, оларға жаңа өмір сыйлаудың мүмкіндігін де қоса көрсете алғандай...

ШӘМШІ МҰРАСЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

Алматыдағы Ұлттық кітапханада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, көрнекті композитор Қалдыбек Құрманәлінің фотоальбом-кітабының тұсаукесер кеші өтті. Композитордың тұңғыш рет жарық көрген фотоальбом-кітабында бұрын-соңды басылым беттерінде жарияланбаған, балалық шақтағы сирек кездесетін фотолары, композитордың әндері ноталарымен және әншілердің суреттерімен қоса берілген.



Кітаптың тұсаукесер кешіне Мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар мен кітапхана қызметкерлері, БАҚ өкілдері, сондай-ақ хас өнерге инкәр қауым қатысты. Белгілі композитор тұңғыш кітабының жарық көруі үшін аз уақыт жұмсалмағанын атап өтті:

— Мен бұл кітапқа екі жыл бойы дайындалдым. Екі жыл бұрын жүрегіме күрделі ота жасалды. Сол кезде қанша ғұмырым қалды екен деп ойладым. Аман қалдым ғой, әйтеуір. Кітабымды кім шығарады? Ұл-қыздарым бар ғой. Бірақ өз әндерімнің тағдырын өзіннен артық ешкім білмейді. Әндерім — менің перзентім сияқты. Әрқайсысының мінезі бар. Жүрегімнен жарып шыққан әндерімнің халыққа жеткені де, жетпегені де бар. Мойындалғаны, әлі енісің таппағандары бар. Сондықтан осы фотоальбом-кітабымды шығарғым келді. Бұл — менің тұңғыш жарияланып отырған кітабым, алғашқы қарлығашым. Мен өтірік ән жазып, өзімді алдаған емеспін. 40-қа жуық ән жазып-паны. Оның ішінде 10-ға жуығы — халыққа танымал әндер. Мен өнерге адал болған жанмын. Өнерден басқа менің ешкімім жоқ, — дейді Қалдыбек Құрманәлі.

Композитордың шығармашылығы бүгінде қазақ музыкасының алтын қорына енген. Аты аңызға айналған «Қазақ вальсінің королі» Шәмші Қалдаяқовпен көзі тірінде кездесіп, тырнақалды туындыларына оң бағасын алған композиторды көпшілік бүгінде «Шәмші ағаның ескегі», «Шәмші мұрасының шырақшысы» атап кеткен. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ұстаз Аягул Миразова да фотоальбом-кітаптың ұрпақ үшін құнды екенін айтты:

— Бұл кітап Қалдыбектің өзіне ғана емес, халқымызға, өсіп келе жатқан ұрпағымызға өте қажет дүние деп білемін. Сондықтан мұндай дүниелер көбірек келсін. Әрине, композитор көп қой. Бірақ композитордың ішінде де шоқтығы биіктері болады. Мен Қалдыбекті осы үшін құрметтеймін. Қалдыбек — халықтың адамы, — делі ол.

Қалдыбек Құрманәлі — белгілі өнер иелері Мәдина Ералиева, Тұңғышбай Жаманқұлов, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Сембек Жұмағалиев, Майра Глиясова, Сәкен Жақсылықұлы, Тамара Асар, Жұбағыш Жексенұлы, Токтар мен Бейбіт, Айгүл Иманбаева, Мирас пен Құралай, Әйгерім Қалаубаеваның орындауындағы халық арасына кең тараған — «Кірмеші жиі түсіме», «Қиялдағы қалқа», «Бақыт жайлы ән», «Ән-арман», «Жайықтың толқындары», «Телефонмен тіл қатшы маған», «Қариялар азайып бара жатыр», «Ән-аға немесе Шәмшімен сырласу», «Шай ішіп кетсең қайтеді?», «Шағаласы Шардараның» тағы басқа әндердің авторы.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«АЙҚАЙ» КОРЕЯДАҒЫ КИНОФЕСТИВАЛЬДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ

Отандық «Айқай» фильмі 4-13 қазан күндері Оңтүстік Кореяда өтетін әйгілі Пусан кинофестивалінің A Window on Asian Cinema («Азия киносына ашылған терезе») бағдарламасында көрсетіледі.



Фильмнің режиссері — Кенжебек Шайқаков. «Айқай» — оның екінші толықметражды жұмысы және Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген алғашқы фильм.

«Халықаралық кинофестивальдерде біздің фильмдерімізге деген сұраныс жоғары екенін көріп отырмыз. Азиядағы ең ірі кинофестивальдердің бірінде көрсетілетін «Айқай» кинокартинасы — осының дәлелі. Жалпы, киноиндустрия өкілдері және біздің орталық жұмысты бір жүйеге қойып, әр фильм өз мақсатын айқындауы тиіс. Бізге нақты нәтиже керек. Бізге фильмдеріміздің сөрелерде шап басып жатқаны емес, олардың прокатқа шығуы, фестивальдерге қатысып, жетістікке жетуі маңызды», — делі орталықтың басқарма төрағасы Құрманбек Жұмағали.

«Айқай» фильмі көрерменге екі аяқсыз туған бас кейіпкердің өмірі арқылы ядролық жарылыстан зардап шеккен Семей полигоны құрбандарының тағдырын және анасынан айырылған баланың өкесіне жанашырлығын, қамқорлық жасауға деген талпынысын баяндайды. Көркем фильмнің түсірілімі Абай облысы Аягөз ауданы Шыңғожа ауылында өткен. Басты рөлдерді Орынбек Шаймағамбетов, Арнұр Ақрам, Ерболат Әлжожа, Бейнұр Баймұхамбетов, Ерлан Малаев, Айбек Иманқұлов және Айғаным Нұрсұлтан сомдайды.

Айта кетейік, Busan International Film Festival — 1996 жылдан бері жыл сайын Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында өтетін Азиядағы ең ірі кинофестивальдердің бірі.



NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГ
AIQYN
апта

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы

Саятхан САТЫБАҒАН —
Жамбыл облысы

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы

Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы

Роза ШӘКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

Ербақыт ЖАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы

Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102

Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102

Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32

podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4348

Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Сілеті көшесі 30,

тел.: 8(7172) 99-77-77

Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ

Мұқанов көшесі, 223 В

Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,

Әлімқұлов көшесі 22,

тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,